

**ИБРАИМОВА ЖИБЕК ТУНГЫШБАЕВНА**

**ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ**

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Қазақ тіл біліміндегі дәстүрлі теориялық мәселелердің ғылыми негіздері мен зерттеу нысандарының этнос танымы тұрғысынан қарастырылуы кезек күттірмес өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Сондықтан, ұлттық құндылықтарымызды қайта қалыптастыру, жандандыру, ұлт тілінің көкжиегін «субъект – тіл – өркениет» үштігі (триадасы) негізінде нақтылау тілдік саясат пен ғылымды жаһандандырудағы маңызды бағыттардың бірі саналады.

Жер бетіндегі түрлі этностар мен олардың әлем бейнесін тануының, салт-санасының, дүниетанымының көрсеткіші болып табылатын тұрмыстық лексика – семантикалық, тақырыптық және семиотикалық тұрғыдан көп аспектілі мәселе. Ол ойлау мен танымның, сананың образды, субъективті-объективті ерекшеліктерінің көрсеткіші, сондықтан тұрмыстық мәдени лексика – тілдік құбылыстардың ішіндегі номинациялық және семиотикалық модельдері барынша қалыптасқан тілдік бірліктер. Тіл қазынасындағы халық тұрмысынан хабар беретін, шаруашылық әрекеттерін танытатын алуан түрлі тұрмыстық атаулар мен тіркестер, олардың тілдік заңдылықтары, құрылымдық ерекшеліктері әлем тілдерінің көпшілігінде зерттеліп келе жатқаны белгілі. Себебі олардың шығу төркіні, көнеленуі, мағыналық құрылымы, тұлғасы жағынан өзіндік ерекшеліктері бар. Уақыт өте келе ықшамдалып, өңделіп, халықтық ортақ мұраға айналған сан-саналы тізбектерді жинақтап, бірізділікке түсіру, олардың мазмұн-межесіндегі кодталған әртүрлі ақпараттарды айқындау – қазіргі тіл мамандарының алдындағы маңызды зерттеу міндеттерінің бірі.

Сан мың жылдық тарихы бар қазақ халқының өмірінен мол мәлімет беретін, осы халықтың тұрмыс-тіршілігіне тікелей қатысты сөздер лексиканың үлкен бір саласын құрайды. Лингвистикада бұл ұғым екі түрлі мағынада қолданылады:

а) адамдардың күнделікті тұрмыста қолданған заттары мен бұйымдарының атауы;

ә) күнделікті тұрмыста, қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі сөйлеу тілінің аясындағы сөздер.

Соңғы уақыттағы лингвистикалық зерттеулерде сөз мағынасы әр қырынан зерттелініп жүр. Әсіресе, сөз мағынасын тілдік және сөйлеу актісі тұрғысынан бірлікте қарастыруға баса мән берілуде. Мұндай зерттеулердің басты міндеті сөз мағынасын қатысымдық (коммуникативтік) семантика аясында – қатысым жағдайындағы сөз мағынасының қызметін, мақсаты мен қатысымдық мақсатқа жету жағдайын айқындау негізінде жүзеге асырылады.

Семантикаға деген терең қызығушылық, психолингвистикалық зерттеулердің кең қанат жаюы, мәтін семантикасына деген жаңаша көзқарастар тілдік деректер сөз мағынасының әлдеқайда терең, көлемді де күрделі мәселе екенін, практикалық қолданыста аса маңызды болып табылатын семантикалық талдаулардың қажеттілігін айқындап берді. Осыған байланысты тілдік шындықтың қатысымдық актіге сай келетін үлгілерін зерттеу мәселесі

туындады. Қазіргі семасиологияның теориялық және практикалық қажеттіліктерінің негізінде қатысымдық семантика бағыты қалыптасты. Мағынаның қолданыстық сипаты осы қатысымдық семантика аясында жүзеге асырылады. Қатысымдық семантика – тіл білімінде әлі де толық қалыптаспаған тың лингвистикалық сала. Сондықтан болар, тілдің қатысымдық аспектісі жайлы ғалымдар пікірі әрқилы. Дегенмен, барлығының пайымдау-тұжырымдары, көзқарастары бойынша, қатысымдық семантика – қарым-қатынастағы белгілі бір мақсат үшін жұмсалған лексикалық мағынаның көрсеткіші.

Терминнің мазмұнын айқындауды, мәселенің тілдің даму барысындағы, қолданыс аясындағы ерекшеліктерін қарастыруды өзекті мәселелердің біріне жатқызуға болады. Осы мақсаттарды ескере отырып, зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі тұрмыстық лексиканың, атап айтқанда, киім атауларының қолданыстан туындайтын қатысымдық семантикаларын ашуға ұмтылыс жасалды.

Қазіргі уақыттағы семантикадағы өзекті мәселелердің бірі – сөз мағынасының қатысымдық ерекшеліктері. Сөз мағынасының қолданыстық сипаты арнайы қарастырылмағанымен, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев және т.б.ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазақ тіл біліміндегі тұрмыстық лексика бұған дейін де этнографиялық, тарихи, этнолингвистикалық, лексика-семантикалық, этимологиялық тұрғысынан қарастырылып келгені белгілі. Әйтсе де, тұрмыстық лексика қатысымдық семантика тұрғысынан арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Сондықтан сөздің қатысымда атқаратын қызметін, қолданылатын мағынасын сөздің қолданыстағы және қатысымдық мағынада жұмсалып ерекшеліктерін айқындаудың маңызы зор. Сөз мағынасының кең өрісті жұмсалымы қазақ тілінің және түркі тілдерінің табиғатына тән ерекшеліктердің бастыларының бірі ретінде саналады. Қазіргі тіл білімінде сөздердің коммуникациядағы рөлі мен қызметіне айрықша назар аударылуда. Тілдің қатысымдағы жұмсалым ерекшеліктері мен сөйлеуде сөйлем құру ерекшеліктері де осыған негізделеді. Қоршаған ортадағы тілдік құбылыстарды бейнелеудегі тілдің мүмкіндігі осы тұрғыдан айшықтала түседі. Сонымен бірге тілдік бірліктің қатысымдық тұрғыдан қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан-жақты хабар беруге бағытталады. Осы орайда қолданыс жиілігі сөйлеу актісінде, қатысымның түрлі деңгейлерінде басымдық танытатын тұрмыстық лексиканы зерттеудің маңызы жоғары. Коммуникациядағы тілдің мүмкіндігін зерделеуге байланысты тіл білімінде түрлі зерттеу бағыттары мен оларға қатысты қолданылатын зерттеу әдістері де бар.

Тұрмыстық лексика тек қана атауыштық қызмет емес, сонымен қатар қарым-қатынастық та рөл атқарады. Оның бұл қызметі тілдік қатынастың ерекше түрі – сөйлесім әрекеті арқылы жүзеге асады. Кез келген тіл бірлігінің мағынасы, оның толық табиғаты сөйлеуде ашылады. Яғни сөйлеу актісі тіл бірліктерін қолданысқа түсіретін қатысымдық орта болып табылады.

Сондықтан да қатысымдық бірліктердің қолданыстық сипаты осы орта арқылы ашылмақ. Бұл бағыттағы зерттеулердің басты мақсаты – сөйленістегі тілдік қолданыстардың заңдылықтарын бірізге түсіріп, жүйелеу. Сонымен, тілді сөйлеу арқылы, сөйлеуді тіл арқылы түсіндіру қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Тұрмыстық лексиканы қатысымдық аспектіде қарастыру мынадай мәселелерді анықтауды қажет етеді:

- тұрмыстық лексиканың қазақ халқының дүниетанымын, ұлттық ерекшелігін көрсетудегі қызметі;
- тұрмыстық лексиканың тілдік қарым-қатынастағы маңызды рөлі;
- тұрмыстық лексикаға қатысты атаулардың қолданыс барысында, коммуникация жағдайына байланысты нақтыланатын мағыналық өзгерістері;
- мазмұны мен сипатына қарай тұрмыстық лексиканың адамзат пен қоғамның, өмір мен әлеуметтік фактордың, тұрмыс пен қоршаған ортаның өзара байланысын көрсетуі. Осы аталған ерекшеліктер оның (тұрмыстық лексиканың) қатысымдық мағынасының қалыптасуына себепші болады. Бұл мәселелер тұрмыстық лексиканы қатысымдық аспектіде қарастырудың мәні мен маңызын айғақтаумен қатар, оны зерттеп-зерделеудің ғылыми-практикалық қажеттілігін де көрсетеді.

Монография **мақсаты** – қазақ тіліндегі сөздік қордың бірден-бір көрсеткіші болып табылатын тұрмыстық лексиканың қатысымдық мағынасын сипаттау, киім атауларының қолданыстан туындайтын мағыналарының пайда болуына әсер ететін тілдік және тілден тыс факторларды анықтау.

Негізгі мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттердің** шешім табуы қажет:

- қатысымдық мағынада жұмсалған тұрмыстық лексиканы, оның ішінде, киім атауларын жинақтап, сол негізде лексикалық мағынаны қатысымдық тұрғыдан қарастырудың теориялық мәселелерін анықтау;
- қатысымдық мағынаны қалыптастырушы әдіс-тәсілдер мен факторларды көрсету;
- тілдік бірліктердің қатысымдық мағынада жұмсалуындағы кезеңдік ерекшеліктерді сипаттау;
- қатысымдық мағына теориясын негізге ала отырып, киім атауларының қатысымдық ерекшеліктері мен мағынаның актуалдануын айқындау;
- тұрмыстық лексиканың құрылымдық компоненттерін саралау және оған талдау жасау;
- тұрмыстық лексиканың қалыптасуы мен дамуын аңғартатын киім атауларының тура және ауыспалы мағыналарда актуалдануын талдау және дәйектеу.

Зерттеудің дереккөздері ретінде М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан, «Қазақ» және «Дала уәлаяты» газеттерінен, қазіргі кездегі БАҚ материалдарынан, әртүрлі тарихи-этнографиялық әдебиеттерден жиналған мәліметтер пайдаланылды. Тұрмыстық лексиканың қатысымдық, мағыналық

ерекшеліктерінің табиғатын ашуда коммуникативтік семантикаға, құрылымдық лингвистикаға қатысты теориялық әдебиеттер негізге алынды.

### **Монографиядағы негізгі тұжырымдар:**

– коммуникациялық үрдісті айқындауға негіз болатын ең басты алғышарттардың бірі – семантикалық фактор. Тілдің қатысымдық қызметі тілдік қарым-қатынастың ойлау жүйесімен тығыз байланыстағы мазмұн өрісімен нақтыланғанда ғана толық жүзеге асады. Оның мазмұны коммуникация нәтижесінде тілдік бірліктер семантикасы арқылы көрініс табады. Коммуникацияның құрамдас бөлшектерінің семантикасы – тілдік бірліктердің қолданыстағы семантикасына, когнитивтік мазмұнына және тілдік қарым-қатынастағы ойлау механизмі – сөйлеудегі сөйлем құрылымына негізделеді;

– сөйлеу актісін нақтылы қатысымдық үрдісте қарастыру олардың әрқайсысының мақсатты түрде прагматикалық, семантикалық мәселелерді шешуге бағытталғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Тілдік қатысымның әрбір сөйлеу актісі тұтас немесе дербес күйінде қатысым иелері тұрғысынан жеке тұлғалық сипатқа ие. Қарым-қатынас барысында түзілген мәтіннің ең түйінді мазмұны субъективті нұсқа түрінде көрініс табады. Сөздің қатысымдық мағынада жұмсалыуына сөйлеу актісінен көрінетін жеке тілдік тұлғаның жаратылысы, болмыс бітімі, табиғаты, әлеуметтік жағдайы, оның ортасы, когнициялық ой-танымы, көзқарастары мен ұстанымдары сияқты бірқатар мәселелер кешені басты тұғырнамалық қызмет атқарады.

– халықтың сөздік қорындағы тарихи және мәдени даму негізінде қалыптасқан киімге қатысты лексика өзінің даму барысында әртүрлі тілдік ауытқуларға, әр кезеңдегі әдет-ғұрып, салт-сана, қоғам құбылыстарына байланысты алуан түрлі семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Бұған дәлел – қазақ киім атауларының тұрмыстық лексика саласында ең белсенді сөздік қор ретінде өз алдына дербес топ құрайтындығы. Қазақ киім атауларының пайда болу, қалыптасу дәстүріне өзге туыс, көрші халықтардың да әсері болмай қалған жоқ. Мұның барлығының тілде өз көріністерін тауып отыруы – заңды құбылыс. Сондықтан киім-кешек атаулары, оларға қатысты қалыптасқан лексикалық топ коммуникативтік акт тұрғысынан қарастырылғанда сөйлесім кезінде байқала бермейтін бірегей лингвистикалық құбылыстардан хабардар етеді;

– қатысымдық мағына – тілдік және тілден тыс ақпараттық білім жиынтығының нәтижесінде сөз мағынасының тілдік қарым-қатынаста актуалдануының жемісі болып табылады. Қатысымдық семантика сөз мағынасының функционалдық қызметін саралауға мүмкіндік береді;

– киім атаулары актуалдану үдерісінің нәтижесінде қатысымдық мағынада жұмсалады. Қолданылу ерекшеліктеріне қарай киім атаулары тура мағынасында да, ауыспалы мағыналарға өте отырып та актуалданып, тілдік бірліктің қатысымдық мағынасын қалыптастырады.

**Монография** кіріспеден, екі бөлімнен және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1 ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Қатысымдық мағына теориясы

Лингвистика өз алдына дербес жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқаннан бастап тілдік бірліктердің семантикасын – алғашында негізгі нысаны етіп сөз семантикасын (лексикография), кейіннен айтылым семантикасын, грамматикалық формалар семантикасын, әсіресе, сөйлем семантикасын (синтаксистік семантика), мәтін семантикасын сатылай қарастырып келеді. Сондықтан тіл білімінде семантика негізгі зерттеу нысандарының біріне айналып үлгерді. Сөз семантикасы мен ондағы құбылыстар, үдерістер жалпы тіл білімінің тарихында қай кезеңде де қарастырылып, қазірге дейін әртүрлі аспектілерде зерттеу нысаны болып келеді.

Белгілі француз ғалымы Г.Гиро семантиканы: лингвистикалық, логикалық, психологиялық, логикалық деп бөледі [1]. Бұл – семантиканың кең мағынасындағы топтастырылуы. Тілдегі тар мағынасындағы «семантика» жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің семантикасымен байланысты зерттелініп келді. Ал қазіргі лингвистикадағы семантиканың қарастыратын ауқымы мен ұғымдық бөлшектері алғашқы сөз семантикасын қарастыруға қарағанда анағұрлым басқаша әрі күрделі.

Лингвистикалық семантика өзінің пәні етіп сөздердегі, морфемадағы, грамматикалық формалардағы, синтаксистік құрылымдардағы мазмұнды қарастырады. Бірақ тілдің барлық деңгейлерінде: лексика, морфология және синтаксисте лингвистикалық семантика жеке пән ретінде танылғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Бұл зерттеу пәні ағылшын семасиологы Ст.Ульманның еңбектерінен бастау алады. Бұрын семантика деп тек лексикалық мағына танылса, грамматикалық және сөзжасамдық мағыналар грамматика саласында қарастырылып келді [2].

Лингвистикалық семантика өз алдына жеке ғылым саласы ретінде ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Оның негізін қалаушылар – неміс ғалымы Х.Рейзиг, француз лингвисті М.Бреал, орыс тіл білімінен М.М.Покровский болды. Алайда бұл тілдің семантикалық аспектісі бұрын мүлде қарастырылмаған дегенді білдірмейді. Семантикалық негізгі мәселелер: мағына, таңбалану, ойлау, шындық және т.б. антикалық дәуір, орта ғасыр, қайта өрлеу дәуірлерінде-ақ ғалымдар назарын аударған, бірақ ХІХ ғасырдың аяғына дейін семантика мәселелері философия, логика, риторика, грамматика, лексикографияның нысаны болып келді [Бұл деректер Л.М.Васильевтен алынды 3, 9 б.].

Коммуникативтік лингвистикаға дейінгі лингвистика салалары өздерінің қалыптасуының алғашқы кезеңінде негізгі зерттеу нысаны етіп – жеке сөздердің және сөздер тобының этимологиясын зерттеді. Зерттеулер психологиялық негізді басшылыққа алды [4, 4 б.]. Сөз мағынасының өзгеру типтері және осы өзгеру себептерін айтушының, жеке тұлғаның психикасымен тікелей байланыстыра қарастыруға баса мән берілді.

Бүгінде жеке сөздер мен сөздер тобының мағынасы оның қолданыстағы қалпын, тарихи дамуын қарастыратын дәстүрлі лексикалық семантикамен қатар, басқа да жаңаша бағыттар даму үстінде. Мәселен: құрылымдық семантика, туындаушы семантика, коммуникативтік семантика, интерпретациялық семантика және т.б.

**Құрылымдық семантика.** Бұл бағыттың негізін салушылар: М.Покровский, Р.Миттер, Ф.де Соссюр, Л.Ельмслев, И.Трир, Л. Вейсгербер, т.б. Құрылымдық семантика қазақ тіл білімінде қазірге дейін кеңінен талданып жүр. Бағыттың негізгі мақсаты – тілдік мағынаны жүйелі байланыста қарастыру. Тіл мен сөйлеуде құрылымдық семантика мынадай тізбектер арқылы беріледі: схема-норма-қолданыс-акт [5, 283 б.].

**Туындаушы семантика** генеративті лингвистика негізінде қалыптасты. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – тіл моделінің құрылымдық жүйесін «мағынадан мәтінге» қарай және «мәтіннен мағынаға» қарай қалыптастыру. Туындаушы семантиканың басқа трансформациялық мектептерден өзгешелігі, мұнда ішкі құрылым деңгейі тайыз, өйткені, трансформациялық ереже әлі аяқталмаған семантикалық құрылымда қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар туындаушы семантика мағынаның және грамматикалық жүйенің ұғымын теңдестіреді. Туындаушы семантиканың бір қызметі сөйлемнің семантикасы мен логикалық аспектісін нақтылау деп есептеуге болады [5, 329 б.].

**Интерпретациялық семантика** туындаушы грамматиканың қосымша компоненті ретінде қалыптасты. Бұл саланың ең басты кемшілігі оның тілдік қарым-қатынастың нақтылы үрдістерін толық сипаттай алмауымен байланысты.

**Коммуникативті семантика** осы аталған бағыттарды дамыту қорытындысы болып табылады. Оның негізгі мақсаты – нақтылы тілдік қарым-қатынас барысындағы сөз мағыналарының ерекшеліктерін сипаттау.

Семантикалық, психолингвистикалық зерттеулер, мәтін семантикасына қатысты жаңаша көзқарастар, түрлі бағыттар тілдік бірліктердің семантикасының әлдеқайда күрделі мәселе екенін дәлелдеп берді. Сол себепті практикалық қолданыста маңызы болатын семантикалық талдаулардың, соған сәйкес жүйелердің қажеттілігі айқындалды. Осыған байланысты күн тәртібіне тілдік нақтылықтың (шындықтың) қатысымдық (коммуникативтік) актіге сай келетін үлгілерін жасау мәселесі туындады. Сөйтіп, коммуникативтік лингвистика – қазіргі семасиологияның теориялық және практикалық қажеттіліктерінен туындаған ғылым саласы болып қалыптасты.

Кейбір авторлар коммуникативтік лингвистиканың қарқынды дамуын, дәстүрлі «парадигматикалық» лингвистиканың күрделі нәтижелер бермеуімен байланыстырады.

Қазіргі таңда коммуникативтік лингвистика теориялық алғышарттарына, зерттеу тәсілдері және зерттеу материалдарына байланысты әртүрлі бағытта дамып келеді. Коммуникативтік лингвистикаға жататын төмендегідей лингвистикалық бағыттарды атауға болады:

- 1) «сөйлеу актісінің теориясы», (Searle) [6],



- 2) «дискурсивті семантика» (Ч.Филлмор) [7],
- 3) «процессуалды семантика» (Г. Виноград) [8],
- 4) «коммуникативтік синтаксис» (Н.Д.Арутюнова) [9],(Г.А. Золотова) [10],
- 5) «контекстік лингвистика» (Г.В.Колшанский) [4],
- 6) «лингвистикалық текст» (Т.М.Николаева) [11],
- 7) прагмалингвистикалық әртүрлі бағыттар (Ю.С.Степанов, Т.В.Булыгина) [12].

Семантика мәселесін зерттеген ғалымдардың, бағыттардың қай-қайсысының да мақсаты – мағына өзгерісіндегі құбылыстарға көз жеткізе түсу. Сол бағыттардың негізінде қалыптасқан зерттеу бағдарларының бірі – коммуникативтік семантика.

Коммуникативтік семантика, жалпы коммуникативтік грамматикаға қатысты зерттеу тақырыптары жайлы тіл білімінде әртүрлі – қажетті және қажеттілігі жоқ деген пікірлердің айтылады. Тілдің коммуникативтік ерекшеліктері ғалымдар тарапынан бірде мойындалса, бірде құрылымдық грамматиканың ауызекі сөйлеудегі көрінісін шартты бөлек терминмен, яғни «коммуникативті грамматика», сол сияқты семантикаға келсек, «коммуникативті семантика» терминімен атаудың қажеті жоқтығы көрсетіледі. Бұл пікірлер қазірге дейін талданып келіп, соңғы жылдар еншісінде тіл білімі деңгейінде коммуникативті грамматиканың мәселелері мойындалып, талдана бастады. Соның бірі – коммуникативтік семантика немесе қатынас барысында қолданысқа түсіп, өзгеріп, түрлі мағыналық үдерістерге ұшырайтын қатысымдық семантика. Коммуникативтік семантиканы қазақ тіл білімінде қатысымдық мағына терминімен жарыспалы қолдану үрдісі де бар.

Қатысымдық мағынаның басты негізі – қатынас негізінде қалыптасқан, өзгеріске ұшыраған, қатынас мақсатына жұмсалған сөз семантикасы.

Қатысымдық мағынаның қарастыратын нысаны тек сөз, сөз тіркестері немесе сөйлем семантикасымен, тіпті мәтін семантикасының мазмұнын ашумен шектелмейді. Қатысым барысындағы грамматикалық тұлғалар мен категориялардың да семантикалық өзгерістерге ұшырап, полифункционалды сипат алуда. Қатысымдық мағына – қатысымдық бірлік қызметіндегі тілдік «өзгеріс». Қатысымдық мағынаның пайда болу себебі де тілдегі бірліктер мен грамматикалық мүмкіндіктердің әртүрлі қатысымдық қызметтерді орындауға ұмтылысы нәтижесінде пайда болады.

Қатысымдық мағынаның пайда болуына қазақ тілінің ішкі тілдік табиғаты да икемді. Оған негіз – көпөрісті қолданысқа ие бола алатын сөздердің қатысым барысында екінші бір сөзге синоним бола алу қабілетінің жоғары деңгейі.

Сондықтан, коммуникацияға қатысты тілдік деректердің, олардың ерекшеліктерінің өзектілігі жоғары болғандықтан, коммуникативтік семантика аясында да қатысымдық мағына мәселесі – зерттеу жұмысының басты нысаны болып табылады.

Сөз мағынасы әр уақытта да зерттеліп келе жатқан құбылыс. Қазақ тілінде тұңғыш рет А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде сөз, мағына, ұғым түсініктерінің аражігін ажыратқан [13, 86 б.]. Ғ.Мұсабаевтың «Қазіргі

қазақ тілі» кітабында бұл мәселе біршама тиянақталып, жүйеленген [14]. Бұдан кейін К.Аханов [15], Ә.Болғанбаев [16], Т.Қордабаев [17], Р.Барлыбаев [18] сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөз мағынасы әртүрлі қырынан сөз етілген. 80-90 жылдардағы қазақ лингвистикасындағы семантика саласындағы зерттеулер ішінде М.Оразов [19], Е.З Қажыбеков [20] еңбектерін ерекше атауға болады. Соңғы жылдардағы зерттеулерде сөз мағынасының прагматикалық, қатысымдық ерекшеліктеріне баса назар аударылып келеді.

Қатысымдық аспект жайлы Г.В.Колшанский: «Цельность теории языка должна определяться прежде всего той его характеристикой, которая выявляет соответствующие свойства языка как средства коммуникации... Описание языка, его структуры и системы должно быть нацелено на его коммуникативную функцию, должно учитывать «не только закономерности и нормы построения языковых единиц... , но прежде всего их предназначение как коммуникативных единиц», – деп көрсетеді [4, 3 б.].

Ғалымның пікірінше, сөз мағынасы оның жұмсалымдағы, тілдің шынайы қызметін анықтайтын қатынастағы семантикасының айқындалуымен өлшенеді. Расында, сөз мағынасын анықтауда бұлай зерттеу ерекшелігі негізге алына бермегендігі де шындық.

Сонымен, семантикалық фактор – коммуникациялық процесті анықтаушы бірден-бір негіз болып табылады. Тілдің қатысымдық қызметі тілдік қарым-қатынастың ойлаумен байланысты мазмұнын құрағанда ғана жүзеге асады. Оның осы ойлаумен байланысты мазмұны коммуникация барысындағы тілдік бірліктердің семантикасынан көрініс табады. Коммуникациялық бірліктердің семантикасы мынадай құрылымға негізделеді: тілдік бірліктердің семантикасы, когнитивтік мазмұны және тілдік қарым-қатынастағы ойлаудың механизмінің жүзеге асуы.

Сөз мағынасын қатысымдық тұрғыдан қарастыру оның қоғамдық орнына да байланысты болып келеді. Қытай философы Конфуций тілдің фундаменталды рөлін мемлекет басқару ісінен де көре білген. «Ертең мемлекет тізгіні қолыңызға тиер болса не істер едіңіз?» – деген шәкірттерінің сұрағына: ең алдымен, мен сөз мағынасын анықтап, реттер едім, егер сөз мағынасы анық болмаса, сөз дұрыс болмайды. Егер сөз дұрыс болмаса, дұрыс жұмыс жүргізілмейді, өнер дамымайды. Адамның сөздері дұрыс болуы керек. Мен өз істерімде бұндай келеңсіздіктерге жол бере алмаймын», – деп жауап берген екен [21, 12 б.]. Яғни әр сөздің қолданысының қоғам өмірі үшін де маңызы зор.

Әйгілі билеуші-философ Конфуций қоғамдағы жағдай үнемі нақты әрекеттермен өлшенбейтіндігін, тілдің құдіреті, ондағы сөздер мағынасы да өмір сүрудің, қоғамды дамытудың алғышарты болып табылатындығын байқай алған. Қазақ халқының «жақсы сөз жан семіртеді» дегені де соның негізін айғақтайтын болуы керек.

Бұл пікір академик Әбдуәли Қайдарда өз жалғасын былайша табады: «Кез келген тілдің қоғамда атқаратын өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсіну үшін қажетті қызметі; екіншісі – көркем

шығарма тіліне тән адам баласына образ арқылы әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі; үшіншісі, ғылыми терминмен айтқанда, кумулятивтік қызметі, яғни ол тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті», – деп тілдің маңыздылығы мен құндылығын дәл бағалай білген [22, 24-25 бб.]. Бұл – қатысымдағы және ерекшелеп айтсақ, жазбаша қатысымдағы сөздің, сөздер жиынтығы арқылы қызмет ететін тілдің басты қызмет бағыттарын айқындайды. Расында, тіл, сөз осы негізгі қызметтерді атқарумен ерекшеленетіндігі белгілі.

Тілдің негізгі қызметтері туралы В.Г.Костомаров пен Е.М.Верещагин еңбектерінде былай делінеді: «Язык, несомненно, – средство коммуникации, но не только, мы уже отмечали, что, хотя коммуникативная функция языка является для него основной, язык является еще и хранителем (а также выразителем) культуры, т.е. наряду с коммуникативной, ему свойственна еще функция, которую удобнее всего называть кумулятивной. Конечно, для целей анализа от этой функции можно отвлечься и рассматривать исключительно так называемую реляционную семантику языка, но с точки зрения реально существующего феномена, онтологически язык не только передает внеязыковую информацию, но и накапливает ее, а также сохраняет» [23, 42 б.].

Бұл пікір де тілдің ғалым Ә.Қайдар көрсеткен негізгі қызметтерін көрсетіп, өзара сәйкес келеді. Бірақ тіл қызметінің өзіндік ерекшеліктері жекелеген сөздер мағынасы мен олардың қатысымдық семантикадағы орны арқылы жүзеге асады.

Аталған мәселе жайлы зерттеушілердің пікірлерінің қорытындысын В.В.Гактың пікірімен түйіндесек: «Для того чтобы ответить на вопрос, как пользуются языком люди, как он функционирует, чтобы вскрыть языковую интуицию говорящих, нужно изучать язык в его непосредственной реализации, при учете взаимосвязи всех сторон «семантического треугольника»: язык – мышление – экстралингвистическая ситуация. «В связи с тем, что язык есть практическое сознание, т.е. сознание, формирующееся в процессе конкретной деятельности людей, языковую номинацию следует изучать и в конкретных актах коммуникации, в связи с отношениями между предметами, качествами выделяемыми человеческим сознанием при конкретном контакте, с действительностью и обозначаемыми средствами языка»[24, 13 б.].

Коммуникативтік семантиканың зерттеу әдісінің негізгі өзіндік ерекшелігі – тілдік бірліктерді нақты қатысымдық (коммуникативтік) актінің шартына сәйкес және айтылымды (мәтінді) басшылыққа ала отырып талдау.

Тіл білімінде қазіргі уақытта қатысымдық бағыт функционалдық бағыттан өзінің кең өріс алуымен ерекшеленіп отыр. «Функционалды лингвистика» термині бірнеше әртүрлі зерттеу бағыттарды білдіреді:

а) әртүрлі экстралингвистикалық жағдайлардағы тілдің қолданыстық (функционалдық) ерекшеліктерін зерттеу – іскерлік қарым-қатынас, өндірістік, ойындық, оқытушылық т.б.;

ә) тілдің жеке қызметтерінің орындалуын үйрену – коммуникативтік, экспрессивтік, эстетикалық, аппелятивтік т.б. функционалды-семантикалық категория төңірегінде зерттеу және т.б.

Аталған функционалды бағыттан қатысымдық бағыттың өзгешелігі – нақты тілдік бірліктерді белгілі қатысымдық актінің шарттарына сай талдау, әртүрлі қатысымдық актідегі тілдік бірліктердің өзгешеліктерін жеке сөзде «не айтылды», «не туралы айтылды» деген мәселені қарастыру.

Бұлай бейнелеудің негізгі мақсаты – тілдік қатынасымдағы мағынаның қалыптасуы емес, жеке сөздің семантикасын сипаттау.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, сөздің тек қатысымдық актідегі қолданысына талдау жасау арқылы ғана сөз мағынасының жасырын, бірақ қатысымдық маңызды (релевантты) мағыналарына көз жеткізуге болады.

Сөзді қатысымдық тұрғыдан зерттеудің дәстүрлі мәтіндік зерттеулерден ерекшелігі, ол көп мағыналы сөздің және оның факторларының контексте жүзеге асуын емес, жеке мағынаның нақтылы қатысымдық актінің шартына сәйкес семалық құрылым жасау мүмкіндігін, яғни сөз мағынасының қатысымдық актідегі модификациясын қарастырады. Бұл арада сөздердің логикалық жағынан тіркесу мақсатына сәйкестігі мен тіркесу қабілеттерінің қырлары да (тіркесімділігі, алыстан байланысып тұратын логикалық тіркесімділігі, синтагматикалық жүйе ішіндегі тіркесе алу немесе тіркесе алмау, былайша айтқанда қолданыла алу немесе қолданыла алмау жүйесі) зерттеу нысаны болып табылады.

Қатысымдық аспект жайын Г.В.Колшанский былайша түсіндіреді: «В самой природе языка изначально заложена его коммуникативная функция, предreshающая собственно цели и результаты, достигаемые человеком в процессе его использования» [25, 5-31бб.]. Тілдің мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін қабілеті де осы негізде ашыла түсу қажет. Тіл өзінің шығу, пайда болу кезеңдерінің өзінде осы мақсатты – негізгі нысан етіп көздейді. Дегенмен, тілдің бұл мүмкіндіктерін, коммуникативтік ерекшеліктерін ашуға қазіргі тіл ғылымы коммуникативтік грамматика, тіл білімі аясындағы тәсілдер арқылы енді ғана көз жеткізіп қарастыра бастады. Тілдің маңыздылығы тек қана таңбалаушылық қызметпен анықталмайды. Оның хабарламалық қасиетімен тікелей байланысты болады. Бұлар бірінсіз-бірі болмайды, басқаша айтқанда, бірін-бірі толықтырып тұратын бүтін бір процестің екі жағы.

Мағынаны қатысымдық жағынан сипаттау мағына құрамындағы барлық компоненттерді тізіп көрсетуге мүмкіндік береді. Ол үшін мағына компонентінің қатысымдық актіден тыс жүйедегі бар жиынтығын білу қажет. Бұндай жағдай зерттеушіні әрдайым статикалық қалыпқа жүгінуіге әкеліп соқтырады. Бұл теориялық тұрғыдан да, практикалық жақтан да тиімді, әрі дұрыс. Белгілі ғалым В.Матезиус көрсеткендей: «переход от статики к динамике в языкознании является наиболее надежным» [26, 69 б.]. Өйткені, статикалық тілдің күйі – сөздің қатысымдық мағынасын қалыптастырушы басты қозғаушы күш. Қатысым мақсатына сәйкес сөз уақытша мағынаға, шартты мағынаға да ие болуы ықтимал.

Ескерте кететін жайт: бұл бағыттағы зерттеулердің барлығы дерлік сөз мағынасын айтылым (высказывания) шеңберінде қарастырып келді. Бірақ мағынаны қатысымдық тұрғыдан қарастыру айтылым әрекетімен ғана шектелмейді, сөйлесім әрекетінің ерекше бір түрі – тілдесіммен де тікелей байланысты. Бұл тұрғыда И.Г.Ольшанскийдің мына бір пікірін келтіре кеткен жөн. Автор «коммуникативтік лингвистиканың дамуына байланысты сөздің коммуникативтік-функционалдық теориясын қарастыру арқылы оның жүйелік және құрылымдық көлемін тереңірек тани аламыз, номинативтік және коммуникативтік аспектілер тығыз бірлікте болады» дей келіп, сөзді қатысымдық тұрғыдан қарастыру арқылы сөздің қатысымдық мәні (статусы) тілдің қарым-қатынастық құралы қызметі арқылы анықталатынын айтады [27, 168-179 бб.].

И.Д.Арутюнова «мағынаны қатысымдық тұрғыдан қарастыру, сөздің семантикалық мазмұны оның хабарламалық рөлімен байланысты» дей келіп, мынадай тұжырым жасайды: «значение слова приспособливается к выполнению одного из двух коммуникативных заданий: идентификации предметов, о которых идет речь, и предикации, вводящей сообщаемое. В соответствии с этими двумя функциями лексические единицы подразделяются на идентифицирующие и предикатные» [28, 64 б.].

Ал Э.Шанквейлер сөзді қатысымдық тұрғыдан қарастыру бүгінгі күннің маңызды талабы екенін, онық қажет екенін айта келіп, мынадай тұжырым жасайды: «В заключение сделать вывод, что значение слов как совокупностей компонентов значения или семантических признаков можно только тогда исследовать, если в основу коммуникативной семантики будет положен интерпретационный фон, всесторонне социально обусловленный» [29, 207 б.].

Демек, сөз өз бойындағы барлық мағыналық белгілері арқылы ғана біртұтас тұтастықта қаралып, толық мағына ретінде өмір сүре алады. Мағына – мағыналық белгілердің жиынтығы. Ұғымдық жағынан бағдарлап қарасақ, семалық белгілердің өзі де мағынаның толық бөлшектерін жіктеп бере алмайды. Мағыналық белгілердің болуы сөз семантикасының өзгермелілігін, жұмсалымдығын қамтамасыз етеді. Сөздің жұмсалу үдерісі барысында бір мағыналық белгі, мағынаны құраушы компонент оның басқа мағынада жұмсалуына негіз болады да, сөз ауыспалы мағынада қолданылады. Мағыналық белгілер негізінде барып сөздің қатысымдық мақсатқа сай келетін семантикасы туындайды.

Сөз мағынасын қатысымдық тұрғыдан қарастыру тілдесім әрекеті арқылы сөз бойындағы әлеуметтік, танымдық, мағлұматтық, ақпараттық ерекшеліктерін жүйелі игеруге, танымдық тұрғыдан іске асыруға ықпал етеді.


Сөз мағынасының тілдік қарым-қатынастағы қолданысы ойлай және сезе алатын субъектінің ойлай және сезе алатын объектімен ұштасар тұсы деп атауға болады. Сондықтан да сөз мағынасының актуалдануы (сөйлеудегі қолданысы) қатысымдық актінің қалыптасуына себепші болады. Бұл жайлы Б.М.Гаспаровтың пікірімен келісуге болады. «Всякий акт употребления языка будь то произведение высокой ценности или мимолетная реплика в

разговоре – представляет собой частицу непрерывно движущегося потока человеческого опыта» [30, 10 б.].

Сөздің лексикалық мағынасы нақты тілдік қарым-қатынасқа түсу барысында хабарды жеткізуші және қабылдаушы көзқарасына, әртүрлі тілдік жағдаяттағы себептерге байланысты жаңа мағыналық қолданыстармен толық түседі.

Сөз мағынасын қатысымдық әкпде қарастыру төмендегідей негізде жүзеге асатынын Н.Алефиренко [31, 8 б.] И.А.Зимняя сызбасы арқылы былайша береді:

1-кесте – И.А. Зимняя сызбасы



Аталған сызбада көрсетілгендей, талданылған семантикалық категориялар өте тығыз байланыста болып келеді. Тілдік мағына өзінің бойында тілдік және тілден тыс білімді де жинақтайды. Тілдік емес білімнің мазмұны адам танымының нәтижесінде затқа берілген атау референттік, деонотаттық, сигнификаттық деңгейде және коннотаттық мағынаның бірлігінде көрініс табады. Сонымен, танымдық мағына уәжділіктің мақсатқа қатынасын білдіреді. Осыған байланысты «мағына» және «мән» ұғымдарын тілдік таңбаның тұрақты әрі өзгермелі бөлігі деп тануға болады. Мағына – тілдік қарым-қатынас барысында, баяншы мен қабылдаушының өзара түсінісуін қамтамасыз ететін, өзгермейтін, тілді қолданушылардың барлығына түсінікті, ортақ құбылыс. Ал қатысымдық мағына – өз бойында тілдік және тілдік емес мазмұнды бірлікте

қарастыратын, тілдік мағынаның сөйлеуде актуалдануы. Демек, қатысымдық семантикаға негіз болып тұрған мағыналық белгі қатысым үдерісіне бағынып, актуалданады. Актуалдануды басқаша айтқанда, сөздің басқа мағынадағы жұмсалымының қолданыста басымдыққа ие болуы деп те түсіндіруге болады.

**Сөзді қатысымдық тұрғыда зерттеудің теориялық мәселелері.** Сөз мағынасын коммуникативтік тұрғыдан талдау дәстүрлі семасиологиялық зерттеулерді жаңаша ойластыру, кейбір теориялық мәселелерді қайтадан қарастыруды талап етеді. Жұмыста осы мәселенің негізгі жақтары сөз етіледі.

**Сөздің аталымдық (номинативтік) және қатысымдық (коммуникативтік) аспектілерінің байланысы.** Жалпы, бұл мәселе, мағынаның екі қыры, лингвистикада бұрыннан қарастырылып келе жатқан мәселелердің бірі. Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілінің бірі Қ. Жұбанов тілдің өзіндік екі ерекшелігі ретінде номинация және коммуникацияны таниды. Олардың айырмашылықтарын былайша түсіндіреді: «Әр нәрсенің өзін жеке көрсету, даралап айту қасиетіне ие болған сөз – зат, сипат, құбылыс аттары болып қалыптасқан. Бұл аталғандар – тілдің негізгі өзгешеліктері. Тілдегі осы айтылған ат қою мүмкіншілігін номинация дейміз. Тілдің бұдан басқа тағы бір қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін коммуникация дейміз», – дей келе, ғалым тілдің бұл қызметтерінің ерекшелігін мысалдармен дәлелдеп көрсетіп, мынадай қорытынды жасайды: «сөз белгілі тәртіппен тізіліп барып, хабар болады. Сөздер жеке-жеке жүреді, бірақ олар жекелік үшін жасалған емес, басқаға жанасым тауып, үйлесерлік болып жасалған. Өз басы атау болуға жаралған сөзді бүтін дейміз. Бүтін, әрине бөлшек емес. Сөйте тұра, олар құрамды бөлшек болып барып, материал болып, тұтас ой туғызатындықтан, жеке сөздерді үйлесім табушылар тобының бір бөлшегі дейміз» [32, 98-100 бб.]. Ғалымның пікіріне сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: сөздің аталған екі қызметі ажырамас бірлікте болады. Сөздің атауыштық қасиеті арқылы аталымдық қызметі көрініс берсе, бір нәрсе жайлы хабар беру, қарым-қатынас құралы болу арқылы коммуникативтік қызметке ие.

Қатысымдық актіде сөз мағынасы бір уақытта екі түрлі деңгейде: тілдік деңгейде және деңгейлерінде қарастырылады. Сөз тілдік бірлік ретінде екіжақтылық қасиетке ие. Ол тілде бір уақытта әрі аталымдық әрі қатысымдық бірлік болатындығын көрсетеді. Сөздің мағынасы аталымдық бірлік ретінде шындық болмыстың адам санасында бейнеленуінің нәтижесі ретінде көрінеді. Бұл жерде бейнелену оның негізгі мазмұнын, ал материалдық қабығы жүзеге асырылған сөз мазмұнындағы абстрактілі ойлаудың тірегі болып табылады. Бұл мазмұн тілдік қатынаста сөздің қатысымдық мағынасы ретінде көрініс табады.

Сөздің аталымдық қасиетін А.Салқынбай былайша түсіндіреді: «Номинация тілдегі барлық номинациялық қызмет атқаратын бірліктердің жасалуының танымдық табиғатын қарастырады. Сөздердің барлық ерекше мағыналары тек сөзжасамдық процесс арқылы жасалмайды, синтаксистік байланысқа түскенде, контексте ауыспалы, окказионалды, келтірінді мағыналары анықталады. Кез келген сөз нақты коммуникацияның (тілдік байланыстың) мақсаты мен міндетін, хабар беру қажеттілігін өтеуден

туындайды, сондықтан сөйлемнің номинативтік табиғатын айқындау да күрделі міндет атқарады [33, 61-62 бб.].

Сонымен, сөз – затқа деген қатысы бойынша аталымдық бірлік, ал қатысымдық актіге қатысы бойынша – қатысымдық бірлік. Сөздің аталымдық аспектісі гносеологиялық талдауда, қатысымдық аспект мәтінді талдағанда жүзеге асады [34, 8 б.].

Аталған бұл екі аспект тіл мен ойлауды байланыстыра отырып, сөз мағынасына тікелей әсер етіп, оны (сөз мағынасын) тіл мен ойлаудың қатар феномені етеді [35, 8 б.].

Бұл тұрғыда К.Аханов: «Тіл – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Адамның тілі ой арқылы, тілдегі сөйлемдер мен сөздер арқылы айтылып, белгі бола алады. Ой және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып, не жазып жеткізеді» – деген [36, 53-70 бб.]. Ғалым пікірінен тіл мен ойлаудың ажырамас бірлікте екеніне, ойлаудың тіл арқылы жүзеге асатынына көз жеткізуге болады.

Осы аталған екіжақтылық қасиетке байланысты мағынаның адам санасында қалыптасуын И.А.Стернин былайша түсіндіреді: «Значение формируется у индивида двумя путями: коммуникативным (путем вычленения значений единиц из коммуникативных актов)» и некоммуникативным (из общественной практики). Первый путь возможен, так как значение имеет коммуникативный аспект, реализуется в коммуникации, обнаруживая себя в ней; второй путь – в силу того, что значение как элемент номинативного знака представляет собой отражение действительности, которое осуществляется в процессе общественной практики [34, 8 б.]» деген, ғалымның ойынша, сөздің коммуникативтілігінің өзі сөз мағынасын актуалдандыруда маңызды қызмет атқарады. Сондықтан сөз мағынасының актуалданып, екінші, үшінші мағыналарға ие болуы жеке сөздің тілдің ішкі табиғатына сәйкестігіне, сөздің жалпы қолданыстағы белсенділігіне де тәуелді болып табылады.

Тілдің қарым-қатынастық қызметі жайлы Ә.Тұрғынбаев пен Л.Нұсқабаева: «Тіл «дайын ойды» жеткізу құралы ғана емес. Сонымен бірге ол – ойдың пайда болу, қалыптасу құралы да. Көрнекті орыс психологы Л.С.Выготский (1896-1934) айтқандай, ой сөз түрінде айтылып қана қоймайды, сондай-ақ сөз түрінде іске асады. Олай болса, тілдің коммуникативтік, қатынас құралы болу қызметі оның екінші негізгі қызметімен – ой-пікірді қалыптастырушы қызметімен, яғни гносеологиялық функциясымен айырғысыз байланыста, бірлікте іске асады. XIX ғ. бірінші жартысында дүниеден өткен немістің аса ірі тілші-ғалымы В.Гумбольдт тілді «ойды құраушы орган» деп атағанда, оның дүниетанымдық функциясы туралы айтқан. Тілдің бұл екі негізгі, басты функциясының табиғи бірлігі және табиғи бірлікте үздіксіз дамуы тілді қоғам ұрпақтарының әлеуметтік-тарихи тәжірибесін жинақтап сақтаушысына, алға апарушысына айналдырады» - дейді. [37, 23-34 бб.].

Ақпарат таңбасы (жазылатын семиотика және ауызша семиотика) шартты болса да, кезеңнен кезеңге, ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Әрине, өзгерістер тілдік



санадағы өзгерістермен баяу түрде болса да дамып, көп уақыт мөлшерлерінің еншісінде ғана салыстырмалы қарау нәтижесінде анықталады. Ал тіл таңбалық ұғым болғандығына қарамастан, гендік қасиеттерімен берілетін тілдік ерекшеліктерге ие.

Сонымен, тілдік аталымның табиғатын зерттеу тілдің түрлі аспектісімен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Аталымды зерделеуде ғалымдар тіл біліміндегі негізгі қағида болып саналатын таңбалаудың гносеологиялық және лингвистикалық аспектілермен тығыз байланыстыра қарауды дұрыс деп санайды. Сондықтан тіл мен ойлау, оның көрінісі болып саналатын атау тіл білімінде өзекті мәселе болып есептелінеді. Сонымен қатар тілдің қатысым қызметіне де жылдан-жылға қызығушылық артып келеді. Себебі, мағыналы түрде лингвистикалық бірліктерге жан-жақты талдау жасау үшін тілдің түрлі деңгейімен салғастыра отырып саралау, бүгінгі күннің сұранысынан туындап отырғаны белгілі [38, 100 б.].

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген тілді қолданушы әрбір сөзді оны бұрын естімесе де қолдана алады және жаңа қолданысын да еркін түсіне алады. Бұл жағдайдан байқайтынымыз, мағына тек қана жеке қатысымдық акті барысында танылған семантикалық компоненттерден ғана емес, қоғамдық тәжірибе барысында жүзеге асырылған қоғамдық білімді, қоғамдық танымды бейнелейді. Қатысымдық актіде түсініп, қабылдайтындай дәрежеде мағынаның барлық мазмұны қамтыла бермейді. Жеке семантикалық компетенцияда кез келген тілді қолданушының тәжірибе барысында қалыптасқан өзінің «қоры» болады. Бұл қор тілді қолданушылардың көпшілік бөлігінің арасында тәжірибе ортақтығына байланысты сәйкес келуі мүмкін немесе жеке қолданушының тәжірибесіне байланысты болады және оны семантиканың жеке компоненті етеді. Осыған байланысты мағына психикалық шындық (нақтылық) ретінде не тілдің ұжымдық қолданыстағы тәжірибесінде, не жеке тұлғаның тәжірибесінде қамтылған қолданыстардың жиынтығы болып табылады.

Сөздің аталымдық және қатысымдық мағынасын қарастырғанда оған әсер ететін экстралингвистикалық, интралингвистикалық факторлар ықпалы ерекше. Тіл мен ойлаудың байланысы Ф.Ш.Оразбаеваның тілдік қатынас теориясын қарастыратын еңбегінде мынадай тұжырымдар арқылы көрініс тапқан: тілдің хабарлау қызметі мен қарым-қатынастағы рөлін мағынаны жеткізу барысындағы / код/ кілт, шешім деп қарау – тек шартты түрде ғана айтылған анықтау. Ол тілдің барлық қатысымдық қасиеті мен қызметін толық көрсете алмайды. Өйткені сөз немесе тілдік тұлға белгілі бір мағынаны білдіру үшін кодпен / құлыппен байланыстырылады деген ойға жүгінсек, онда ең алдымен сол код /құлып/ деген ұғымның өзін айқындау керек болады және тілдік тұлға мұндай жағдайда кодпен қалай байланысады, соны шешу қажет болады. Міне, осының бәрі түсініксіз, әрі анық емес.

Демек, тілді анықтау, оның негізгі белгілерін көрсету шартты ұғымдар арқылы іске аспайды, оның оймен, санамен байланысты қарастырылуының өзі тілдің ерекшелігін аңғартады [39, 37-38 бб.].

Мағынаны ұжымдық-тілдік түсініктің фактісі ретінде түсінуде мағынаға қатысымдық талдау міндетті түрде қажет. Мағынаның барлық компоненттері түгелдей дерлік қатысымдық актіде жүзеге асырылып, қамтылды, нақтыланды деп айта алмаймыз. Сондықтан да мағынаны толық сипаттау үшін аталымдық және қатысымдық аспектілер теңдей дәрежеде қажет және қатысымдық талдау зерттеуші экспериментімен, компетенцияның эксперименталды тәсілдерімен, қол жеткізілген қоғамдық танымның дәрежесіне сай логикалық талдаулармен толықтырылып отыруы тиіс.

Қатысымдық семантиканың ерекшелігін аша түсу үшін сонымен бірге оны «сөз семантикасы» мен «сөздің айтылым семантикасы» аралығында қарастырып, өзара салыстыра айқындауға ұмтылған орынды.

Мағынаны қатысымдық тұрғыдан қарастыру күн тәртібіне айтылымдағы сөздің «жекелік» қолданысын зерттеу нысаны етуді көздейді. Бұл мәселені екі түрлі жолмен қарастыруға болады: біріншісі – қатысымдық актіден тыс дербес тілдік бірлік ретінде қарастырылса, екіншісінде тілдік қатынастағы айтылымда білдіретін жалпы мағынасының құрамында қарастырылады.

Мағынаны сипаттаудың бірінші жолы дәстүрлі лингвистикада кең өріс алса, екінші жол тек коммуникативтік лингвистиканың бірнеше бағыттарына тән. «Языковая семантика начинается только на уровне высказывания, лексические же значения можно рассматривать лишь как продукт классифицирующей деятельности человеческого сознания» [4, 138-140 бб.].

Сөз жеке маңызды тілдік бірлік ретінде нақты деректі білдіреді. Сөзді кез келген тілді қолданушы әртүрлі жағдайда, тіпті жас балаларға дейін сөзді оңай атап, оның жақын мағыналарын бірден ажыратып, ауыстырып қолдана алады. Психологиялық, психолингвистикалық, нейрофизиологиялық тәжірибелер сөз және оның мағынасының болуы оның физикалық және психикалық бірлік адамдар өмір сүруі үшін «жеке күйдегі» екенін барынша нақтылықпен көрсетті.

Сөз тілде айтылымның негізін құрайды, ол бұдан сапалық белгісінен, аталымдық дербестігінен айырылып қалмайды.

Сөз мағынасын қатысымдық тұрғыдан қарастырудағы теориялық маңызды мәселелерінің бірі – сөз мағынасын дифференциалды және интегралды жолдар арқылы талдау. Мағынаны дифференциалды талдаудың негізін Ж.Катц, Ж.Фодор, Р.Кемсондар салса, орыс тіл білімінде бұл мәселе А.Н.Шрамм, Петренко, Цветков еңбектерінде өз жалғасын тапты. Қазақ тіл білімінде Ғ.Хасановтың «Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы» атты зерттеу-еңбегінде қарастырылады [40].

Мағынаны дифференциалды бағыт арқылы талдауды орыс лексикологы А.Н.Шрамм былайша түсіндіреді: «Содержательное определение значения включает, с одной стороны, такие семантические компоненты, которые сигнализируют о вхождении данного значения в определённую лексико-семантическую парадигму, и, следовательно, являются общими для всех членов парадигмы, а с другой – такие компоненты, которые отличают одно значение от других в пределах данной парадигмы» [41, 59 б.]. Яғни, сөз контекстегі кейбір мағыналарға ғана қатысты анықталып, мағынасы ашылады да, басқа

жағдайларда, басқа ситуация шеңберінен тыс ауыспалы мағынасын жоғалтады деген сөз. Бұл – тілде бар процесс. Ал Ф.А.Литвин сөздің қатысымда пайда болатын мағынасына тән бұл ерекшелікті сөз мағынасын жүйедегі орнымен, жүйедегі мәнімен байланыста қарастыруды ұсынады [42, 72-82 б.].

Мағынаны дифференциалды бағыт арқылы айқындау, компонентті талдау мен лексиканың жүйелігін зерттеудің нәтижесі болып табылады. Бұл фактор мағынаның құрылымнан тұратындығын, оның бөлшектенетіндігі туралы идеяны дамыта отырып, семасиологияда маңызды рөл атқарады. Бұл семантикалық элементтердің көптеген түрін бөліп тануға және лексикалық бірліктердің негізгі құрылымдық компоненттерін зерттеуге жол ашты. Алайда, соңғы уақытта семантикада бұл бағыт толық қолданыс таба алмай отыр. Бұның себебі іс жүзінде бар нақты мағына семантикалық компоненттердің санына дәл келмейді, сондай-ақ мағына компоненттерінің нақты жиынтығы шектеулі болады.

Дифференциалдық тұжырым өзінің прагматикалық негізін карапайымдылыққа талпынумен, мағынаны бейнелеудегі үнемшілдікпен сипатталады.

Бұл бағыттың өкілдері сөздің семантикалық компоненттерінің санын азайтуды басшылыққа алады, лексикографиялық пайымдауды түсіндірмелі сөздіктегі мағынасына сәйкесінше қосып жазуға тырысады.

Алайда, кез келген сөз мағынасының түсіндірілуі – оны сипаттаудағы бір ғана нұсқа екені анық нәрсе. Сондықтан да сөз мағынасы мазмұнының толық қамтылмағанын басқа сөздіктермен салыстыра отырып оңай-ақ көз жеткізуге әбден болады. Бұндай талдау біржақтылыққа әкеп соғады, сондай-ақ тілді бүтін бір құбылыс ретінде түсіндіру мүмкіндігінен айырады.

Тілде мағынаның компоненттері бәрі бірдей құрылымды айырушы қызмет атқармайды, бұл жерде семантика біршама көптігімен ерекшеленеді. Мағына табиғаты өзара бір қатаң тәртіпке бағынған ірі де үлкен бөліктерден басқа, бір-бірімен араласып, қиылысып жатқан кішкентай бөліктермен де танылады. Лексикалық мағынаның көптігі, өз ішінде толықтығы, өз ішінен бөлініп шығатын компоненттердің саны мен сапасына байланысты. Басқаша айтқанда, мағынада дифференциалды семантикалық компоненттерден басқа әртүрлі типті компоненттер болады. Алайда компоненттердің осы түрі лексикалық мағынада басты қызмет атқарып, айқын көрінеді. Бұл бөліктердің негізгі ерекшелігі – тәжірибеде көп қолданылатындығы, қатысымдық акт үшін қажеттілігі.

Жоғарыда талданған мәселелерден көз жеткізгеніміздей, мағынаны қатысымдық тұрғыдан талдау дифференциалды емес, интегралды болу керектігін көрсетеді.

Интегралды талдау мағына ұғымына сөздегі барлық семантикалық белгілерді енгізу деген сөз. Бұл тұжырым М.В.Никитиннің, А.Ф.Лосеевтің, А.Плотниковтың еңбектерінде берілген. Шын мәнінде, әрбір сөз мағынасы шексіз түрде толып жатқан әрқилы мәндік реңк, бояуларға толы болады. Осылардың барлығы сөйлеу кезінде мағынаны дәл жеткізуге, ұғындыруға өз

септігін тигізеді. Біз қарапайым, жай ғана әңгімеде қаншама сырлы да сұлу сөздерді қолданып жатқанымызды тіпті байқамай да қаламыз [43, 410 б.].

Мағынаны интегралды фактор арқылы тану оны бейнелеуші құбылыс деп тануға әкеледі.

Бейнелеуіштік тұжырым – мағынада заттың әртүрлі жағдайда көрінетін белгілерінің көптеген түрі бейнеленетінін көрсететін тұжырым. Бұл белгілер әр қилы, яғни негізгі, елеулі, елеусіз болып бөлінеді. Мағынаның анықтамасы осы белгілердің әр алуандығын көрсетуі қажет, өйткені бұл белгілердің барлығы шындық болмысты, қатысымдық актіні бейнелейді. Мағынаның бейнелеуіштік тұжырымы лингвистикада іс жүзінде қабылданған.

Тәжірибе көрсеткендей, теориялық және қолданбалы тіл білімінің әр саласында интегралды талдау жүргізу бұл бағыттың теориялық жағынан да, практикалық жағынан да тиімді екенін дәлелдеп отыр. Интегралды концепцияда сөз мағынасының ауқымы тілдік компетенцияның барлық белгілерін қосып алу арқылы анағұрлым кеңейеді.

Ескерте кететін жайт: сөз мағынасын талдаудың интегралды жолы дифференциалды бағытты теріске шығармайды. Оны жеке жағдай ретінде өзіне қосып алады. Дифференциалды тәсіл сөз қолданысының бірнеше жағдайын ғана сипаттаса, интегралды талдау тәсілі жалпылық қасиетке иелігімен ерекшеленеді.

Интегралды тұжырымға байланысты мынадай заңды сұрақ туындайды. Лексикалық мағынаның нақтылы ауқымы, айқын шекарасы бар ма? Бұл сұраққа жауап ретінде: лексикалық мағынаның нақтылы шектелген ауқымы бар, бірақ оны есептеу мүмкін емес екендігін айтып өтуге болады.

Қалай болғанда да, дифференциалдық талдау бағытымен қатар, интегралдық талдаудың да негізді екендігін мойындау қажет. Сөз, дәстүрлі семантикада талданып жүргеніндей, ұғымдар жиынтығының кешенді көрінісі. Оны бейнелеу деп танысақ та, ұғымдар жиынтығының мағынаны құрауы деп қарастырсақ та кешенді категория екендігі анық. Сөздің бірнеше мағынаны берудегі қабілеті де осыдан туындайды. Нәтижесінде қатысымдық семантиканы қарастырудың ғылыми негізділігі дәйектеле түседі.

Сөз мағынасының ауқымын өлшеуге болмайтындығының себептерін зерттеушілеріміз былайша түсіндіреді: «...во многих предметных областях противопоставления на нижних уровнях детализации не выявлено с достаточной последовательностью, так что денотатные поля имен отчасти накладываются одно на другое. В конечном счете все определяется тем, насколько разработана в опыте, в деятельности и в сознании людей та или иная предметная область. В связи с этим нередко затруднительно установить исчерпывающий набор сем» [34, 310 с.].

И.А.Стерниннің сөз мағынасының шектелмеуінің себептерін Ғ.Хасанов былайша түсіндіреді: біріншіден, қоршаған ортаның көптеген объектілерін айқын түрде аңғаруға, дифференциялауға болмайтындығы- мағынаның шектелмеуіне негіз болады. Екіншіден, бұл мәселе мағынада бейнеленетін шындық болмыстың үнемі өзгеріп, дамып отыратындығымен байланысты.

Үшіншіден, танымның өзі білімнің тереңдеуіне қарай, оның жаңа бір қырына қарай бейімделіп, өзгеріске ұшырайды. Төртіншіден, мағынаның шектелмейтіндігі шындық болмыстың бейнесінің адам санасының жуықтығына байланысты. Танымдық процесс өз алдына жуықтық қасиетке ие. Бесіншіден, мағынаның шектелмеу қасиеті оның құрамындағы әртүрлі қалыптағы семантикалық компоненттерге байланысты. Бұл компоненттер мағына құрылымында тұрақты не кейде тұрақсыз қызмет атқарып, мағынаның шектелмеуіне өз әсерін тигізеді. Алтыншыдан, мағынаның шектелмеуі бір затты тануда адамның әртүрлі жекелік қасиеттеріне болуына байланысты. Бұл айырмашылықтар бір көзқарастарды қалыптастыруға қайшы ықпал етеді [34,19-20 б; 40, 37 б.].

Осы көзқарасты ұстанатын Ю.С.Степановтың тұжырымдамасымен салыстырып көрсек: «Сөйлесім деңгейінде мағына логикалық және лингвистикалық терминдерде де түпкілікті анықталмайды: ол жеке тұрмыстың, қоғамдық сананың және осы жағдайдың қайталанбауының тереңдігіне араласып кетеді. Сөйлесім деңгейінде мағына тілден және лингвистикадан тыс элемент болып табылады. Бұл деңгейде мағынаны анықтаудың өзі жеке оқиғалардың (көркем шығармалардан алынған цитаталар) саналы жасалу басымдылығы сияқты үлкен бір жетістік» [44, 12 б.].

Біз мағынаның белгілі бір шекарасы болмайтындығы туралы пікірмен толық келісеміз, осыған байланысты теориялық тұрғыдан мағынаның варианттылығы шектеулі болмайды деп қорытындылауға негіз бар. Алайда бұл тұжырымның өзі нақты дәлелдеуді қажет етеді. Егер де сөздің мағынасын варианттылығы ештеңемен шектелмейді десек, онда тілдесім әрекеті барысында сөйлесушілер бірін-бірі қалай түсінетіндігі және авторлық қолданыстағы жаңа сөз авторлық ойға сәйкес балама түрде қалай қабылданатындығы бізге мүлдем түсініксіз болып қалар еді. Осы тұста бұл мәселенің екі аспектісін бөліп көрсетеміз: онтологиялық және когнитивті. Онтологиялық жоспарда варианттылық пен константылық сөйлесіммен қатар, тұтастай алғанда тілдік жүйенің де жалпы ерекшелігі болып саналады. Осы аталған екі ерекшелік те «тілден тыс болмыстың объектілерінің түрлі топтарын белгілеу үшін бір ғана дыбыстық форманың бірнеше рет қайталанып қолданылу мүмкіндігін білдіретін тілдік номинацияның өзіндік сипатына» [45, 48 б.] ықпалын тигізеді. «Сөздің қолданысының әралуандылығы және лексикалық мағынаның варианттылығы, сөздің белгілі бір семантикасының жалпы ерекшеліктеріне негізделеді. Мұндай сөздер, бір жағынан, барлық сөйлеушілердің сөзді бірдей түсінуін қамтамасыз етеді, ал екінші жағынан – лексикалық мағынаның вариантталу аясын анықтайды». Мәселенің келесі аспектісі – когнитивтік аспект сөздің сөйлесімдік мағынасының тұжырымдамасына, жеткізу теориясын қайталап қарастыруды талап етеді. Сөздің мағынасы біздің бүгінгі қолданып жүрген заттарымыз туралы білімге негізделіп жасалады. – Осы затты тану барысында оның шегіне жетуге бола ма? – деп тұжырымдалады. – Жоқ, болмайды, оның шегіне жету мүмкін емес. Адам

санасында білімнің жинақталу шамасына қарай мағынаның көлемі де ұлғая береді. Осыған байланысты мағына да, мағынаның варианттылығы да өлшенбейді. Бірақ бұл жерде мағынаның динамикасы, яғни мағына және диахрония туралы айтқан дұрыс болып саналады. Ал егер синхронияда кездесетін мағына туралы айтатын болсақ, онда бұл мағына қандай да бір дәрежеде адамзат санасында бейнеленген білімнің шегін көрсетеді [45, 49 б.]. Бұл шекара шартты, уақытша болса да, белгілі бір деңгейде лексикалық мағынаның шекарасы мен оның варианттылығының шекарасын белгілейді.

Сөз семантикасын интегралды талдау «сөз мағынасы» және «өмір туралы білім» деген мәселелерді көтереді. Бұл, әсіресе, зат есімдер үшін өте маңызды. Бұл мәселені талдау үшін төмендегі түсінік-ұғымдардың ара-жігін ашып алған жөн: «өмір туралы білім», «ғылыми білім», «тұрмыстық білім», «энциклопедиялық білім» және т.б.

Ғылыми білім – нақтылы пән немесе құбылыс жайлы терең нәтижелі ғылыми ізденіс.

Тұрмыстық білім – адамның күнделікті өміріне қажетті заттар жайлы қажетті білім.

Энциклопедиялық білім – аталған затқа тікелей немесе жанама қатысы бар, кең ауқымдағы ғылыми білімнің жиынтығы. Сол себепті өмір туралы білім деген түсінікті жоғарыда айтылған тілдік білім түрлерінің біртұтас жиынтығы ретінде қарастырған жөн.

Энциклопедиялық білімге қатысты салыстырмалы түрде «тұрмыстық білім» ұғымын да арнайы қарастыруға болады. Тұрмыстық білім – тіршілік танымы негізінде жинақталып, тілдік қатынас негізіне ықпал етуші білімнің жиынтығы. Осы білім негізінде жинақталған сөздік қор да тілдік қатысымның негізгі материалдары болып табылады.

Сөз өз семантикасында осы сәтке дейінгі қоғам жинақтаған білімді сақтайды. Алайда бұл білімнің толығыуы тоқтамайды, ол өз мағынасы құрамына басқа да мағыналық белгілерді жинай береді. Сөйтіп сөз өзі ие болған мағыналарды тілдік қорға енгізе отырып, өз қызметін, тілдегі қолданыс ауқымын кеңейте түседі. Оның қатарын құраушы негіз – қатысым негізінде пайда болған сөз семантикасы, яғни сөздің қатысымдық мағынасы.

Қорыта айтқанда, сөздің лексикалық мағынасы өмір туралы тілдік білімнің бір көрінісі ретінде танылады. Тіл білімі саласындағы ғалымдар тарапынан жалпы семантиканың, оның ішінде, қатысымдық семантиканың даму бағдары, зерттеу нысанының кеңеюі, сөздің қолданыстағы семантикасын жан-жақты ашуға деген ұмтылыстың нәтижесінде жүзеге асырылған семантикалық зерттеулер қатысымдық мағынаны қарастырудың қажеттілігін айқындап отыр. Қатысымдық мағына – осындай кешенді зерттеулердің нәтижесінде қалыптасқан қазіргі қазақ тіл біліміндегі семантикалық ізденістердің зерттеу нысаны.

Қазіргі кезеңдегі тіл білімінде қалыптасқан түрлі жаңа бағыттар мен салааралық ғылымдар интеграциясы кез келген зерттеу нысанын «адам факторлармен, адамның құндылықтар әлемімен» бірлікте қарастыру идеясын

алға тартады. Әсіресе, лингвистикадағы коммуникация саласы субъект факторына ерекше мән беріп, қатысым актісіндегі сөйлеушінің тілдік бірліктерді ұтымды қолдану мәселесін жиі сөз ете бастады. Субъект мәселесіне қатысты тұлғаның қоршаған ортасына, тұрмыс-тіршілігіне қатысты лексиканы өзінің эмоционалды жай-күйіне, талап-тілегіне лайықтап қолдану үрдісі әлі тұғырлы зерттеу нысаны болған емес. Сондықтан, тілдік бірліктер жекелеген сөз, сөйлем деңгейінде формальдік жақтан емес, мәтін, контекст, дискурс, сөйлесім жағдаяты, сөйлесімнің диалогтық формасы, коммуникативтік акт ретінде қарастырылады. Тұрмыстық лексиканы тікелей қатысым актісіне байланысты коммуникативтік семантика тұрғысынан зерттеудің лексикалық бірліктердің аталымдық және қатысымдық аспектілерін ашып көрсетуде маңызы орасан.

## **1.2 Тұрмыстық лексиканы қатысымдық мағына тұрғысынан зерттеу**

Тұрмыстық лексикаға қатысты атаулар сөйлеу актісінде сөйлесім бірлігі ретінде қолданылып, өзара бөлшектенетін жағдаяттық атауышқа ие болады. Тұрмыстық лексикаға қатысты атаулар номинативтер, таңбалар немесе символдар ретінде әртүрлі прагмакоммуникативтік қызмет атқара алады. Тұрмыстық лексиканың функционалды қолданысы сөйлеу актісінің жүзеге асырылу орны мен жағдайы, қатысымның мақсаты мен коммуниканттардың әлеуметтік психологиялық қалпына байланысты. Адамзат баласының аса маңызды құралы болып табылатын тіл тек қана қатысымдық қызметпен шектелмейді. Ол – халық даналығының қайнар көзі. Тілде, оның сөздік құрамында, грамматикасында оны қолданушы халықтың ғасырдан ғасырға, атадан балаға мирас болып келе жатқан мол мұрасы сақталады, бір ұрпақ өкілінен екінші кезең өкіліне жеткізіледі. Тіліміздің сөздік қоры – заман талабына сай рухани ой-санамыздың өсіп, жетіліп отыруының кепілі, басқа салаларға қарағанда лексика саласының ішкі және сыртқы өзгерістерге ұшырарап отыруы – заңды құбылыс. Сондықтан ғалымдар тіл білімінің лексика саласының зерттелуіне көп көңіл бөлуде. Себебі тіл білімінің бұл саласы қоғаммен өте тығыз байланысты. Оның бойында түрлі тарихи оқиғалардың ізі, соған сәйкес халықтың материалдық және мәдени өмірінің көріністері бейнеленеді. Лексика әр уақытта да қоғамның дамуымен байланысты жаңа сөздермен, атаулармен, құбылыстармен, процестермен, ұғымдармен толығып отырады. Сондай-ақ лексикада түрлі жергілікті ерекшеліктер, олардың жеке қолданыстық өзгешеліктері, сөздердің әртүрлі әлеуметтік топтары, кәсіби сөздер және т.б. мәселелері қарастырылады. Лексиканы зерттеу – аталымға (номинацияға) барар бірден-бір жол.

Бүгінгі лингвистикадағы, оның ішінде, лексика саласындағы семантикалық жағынан зерттеуге қызығушылық тудыратын мәселелердің бірі – тұрмыстық лексика. Яғни бұл сала нақтылы қандай ұғымды білдіреді, көлемі мен шегі т.с. айқындап алуды қажет етеді. Бұл ұғым аясына адамның күнделікті өмірінде қолданылатын заттарының, бұйымдарының атаулары, сондай-ақ тұрмыспен тікелей байланысты күнделікті үй жағдайына, үй шаруашылығына байланысты

сөздер жатқызылып жүр. Сондықтан да бұл мәселеге қатысты көптеген терминдер де кездеседі. Мәселен, «этномәдени лексика», «этнографиялық лексика», «кәсіби лексика», «тұрмыстық лексика», «материалдық және рухани мәдениет лексикасы», «заттық мәдениет лексикасы», «тұрмыстық терминдер», «кәсіби-тұрмыстық лексика» т.б.

Тұрмыстық лексика туралы Е.Жанпейісов «Этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқын көрінеді. Этномәдени лексикаға ол этнос мекен еткен аймаққа тән табиғат құбылыстары, заттық мәдениет лексикасы, рухани мәдениет лексикасы жатады», – дейді [46, 7 б.]. Ғалым пікірінен тұрмыстық лексиканың халық өмірімен тікелей байланысты екеніне көз жеткізуге әбден болады.

Тұрмыстық лексика жайлы екінші бір түсінік оның қолданыс аясына байланысты. Бұл жерде тұрмыстық лексика күнделікті сөйлеу тілі лексикасына байланысты қарастырылады. Бұл жайлы Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлының еңбектерінен кездестіреміз. Аталған ғалымдар сөйлеу тілі лексикасын лексика-семантикалық, экспрессивтік-стилистикалық сипаты жағынан өзара төмендегідей топтарға бөліп қарастырады:

- 1) тұрмыстық-қарапайым лексика;
- 2) варваризмдер;
- 3) әдеби-сөйлеу лексикасы.

Аталған ғалымдар тұрмыстық лексиканы былайша түсіндіреді: «тұрмыстық-қарапайым лексика, бұған күнделікті өмірде, тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі, сөйлеу тілінің аясындағы сөздер жатады. Тұрмыстық-қарапайым сөздердің ішінде бір нәрсенің бағасын кеміту, құнын төмендету мақсатында қолданылатын, стилистикалық бояуы бар сөздер, дөрекі, тұрпайы сөздер, қарғыс-алғыс мәнді сөздер көп кездеседі. Мысалы, оған кемсітіп, мұқатуды, жаратпауды білдіретін: қортық, мыртық, қатын, салпы етек, жаман неме т.б.» сөздер мен сөз тіркестерінің әрқайсысына жеке-жеке мысалдар келтіріп түсіндіреді [47, 168-169 бб.].

Күнделікті сөйлеуде қолданылатын лексиканы тұрмыстық лексикаға жатқызудың да айқындап көрсете түсетін жақтары бар. Ол – тұрмыстық қатынаста қолданылатын лексикалық бірліктер. Осы тұрғыдан алғанда ауызекі сөйлеу түрінің барлығы, онда қолданылатын лексикалық бірліктердің барлығы тұрмыстық лексикаға жатпайды. Мұнда негізге алынып тұрған критерий – лексикалық бірліктердің тілде тұрмыстық қатынас мақсатына байланысты жұмсалуды.

Ә. Хасенов еңбегінде тұрмыстық лексика жайлы: «Тұрмыстық лексика – күнделікті жиі қолданылатын аса қажетті, сондай-ақ халықтың тұрмыс жайы, салт-сана, әдет-ғұрпына, өмір тіршілігіне қатысты сөздер. Бұлар, негізінен, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне тән жалпылама лексикамен астасып жатады. Тұрмыстық лексика – халық өмірінің айнасы есепті», – деп анықтама бере келіп, оларды былайша топтастырады: үй-баспанаға байланысты сөздер: жаппа, жеркепе, кереге, уық т.б.; құрал-сайман атаулары: мама ағаш, қамшы, жүген,



құрық т.б.; киім-кешек аттары: саптама етік, кәмшат бөрік, түлкі тымақ, күпі т.б.; ыдыс-аяқ аттары: таба, табак, жанан, тостаған, қазан т.б. [48, 129 б.].

Тұрмыстық лексикаға жататын сөздердің бұлай топтастырылуы ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын тұрмыстық қатынаста қолданылатын сөздер ретінде тұрмыстық лексиканы түсінуді, оған берілген түсініктемені нақтылай түседі.

«Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» (авторы Ғ.Қалиев) қарастырып отырған мәселеміз – «тұрмыстық сөздер» деп беріліп, былайша түсіндіріледі: «күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздер. Мысалы: төсек, ас, нан, тұз, шам, терезе, сағат, бос белбеу, бетім-ай, жолың болғыр, о тоба, тілеуің берсін т.б.» [49, 333 б.].

Жұмыста біз қолданған термин халық өмірінің рухани айнасы іспетті мәдени, рухани және материалдық заттарының атаулары ретінде түсіндіріледі. Сондай-ақ бұл термин «этномәдени» және «этнографиялық» атауларымен синонимдес.

Тұрмыстық лексика жайлы деректер А.Төлегеновтің «Түркістан уәлаяты» газетінің лексикасы атты мақаласында көрініс табады. Аталған мақалада зерттеуші газет тілінде кездесетін тұрмыстық лексика тобына жататын сөздерді шығу тегі мен тұрмыста атқаратын қызметтеріне қарай былайша топтастырған:

а) үй жиһаздары, тағам атаулары, ыдыс-аяқ: үй, ағаш үй, киіз үй, шатыр, жүк, орындық, сандық, ошақ, қазан, темір қазан, мыс қазан, шойын құман, күбі, саба, қонақ асы, ет, сорпа, сүр, қалжа, көже, тоқаш.

ә) киім, мата және матадан жасалған материалдар: ішік, тон, шапан, етік, бөрік, жейде, кебін, жіп, жібек, жүк, шыт, көк шыт, бөз, дәке, шұға, кебін, кенеп, кендір, тері былғары, қызыл былғары, қара сүрік былғары, елтірі, шылбыр, арқан, кендір арқан т.б.

б) мал атаулары: түйе, бура, нар, інген, жылқы, айғыр, бие, құлын, ат, сиыр, бұзау, тоқты, қозы т.б. [50, 228-223 бб.].

Бұдан кейінгі зерттеулерден Ж.Досқараевтың «Үй және там туралы, олардың диалектілік мағынасы мен басқа түркі тілдеріндегі қолданысы» туралы мақаласынан [51], Б.Сүлейменованың «шана» сөзінің тарихи қалыптасуына байланысты мақалаларынан кездестіруге болады [52]. Сондай-ақ Ә.Байжоловтың «Қостанай облысы қазақтарының тілдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясында Торғай, Тобыл қазақтарының говорларында қолданылатын тұрмыстық лексикаға қатысты сөздер «заттар мен құбылыстардың аттары» деп топтастырылып, үй шаруашылығына байланысты сөздер мен ыдыс-аяқ аттарына қатысты – 12, азық-түлік, тағамға байланысты – 11, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, ойын-сауықпен байланысты жұмсалатын – 8, ер-тұрман және транспорт жабдықтарына жұмсалатын – 17, еңбек құралдарына және жабдықтарына байланысты – 13, киім-кешек, мата, сәндік бұйымдарға қатысты – 16 сөздің мағыналары, олардың жергілікті қолданылу ерекшеліктері салыстырмалы түрде талданып, сөз егіледі [53].

Тұрмыстық лексиканы зерттеу нысаны ретінде қарастырған еңбектердің бірі – Б.Әбдіғалиеваның «Бытовая лексика казахского языка» деп аталатын

зерттеу жұмысы. Бұл жұмыста халықтың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын заттар атауларына талдау жасалынады. Олар төмендегідей топтарға жіктелінеді:

- 1) тұрғын үй және оның бөліктері;
- 2) үй іші тұрмысында қолданылатын заттар, үй аспаптары;
- 3) ыдыс-аяқ атаулары, киім-кешек атаулары, аяқ киім, бас киім атаулары, ат әбзелдері, тоқыма атауларына толық семантикалық талдау жасалынған. Сөйтіп тұрмыстық лексиканы алғаш рет зерттеу нысанына айналдырған [54].

Тұрмыстық лексика жайлы құнды деректер Ж.А.Манкеева еңбектерінде қамтылады. Ғалым тұрмыстық лексикаға былайша баға береді: «Сонымен, көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені – ұлттық материалдық мәдениеттің реликті, әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі, бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қана қызмет атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші» [55, 5-13 бб.].

Ғалым тұрмыстық лексика туралы түсінікті ұлттық лексика түсінігімен тығыз бірлікте, тарихи шығармалар мен құнды деректерден қарастыруға ұмтылады. Автордың пайымдауынша ұлттық лексиканың бір бөлігі ретінде тұрмыстық лексиканың көзі – ұлттық туындыларда сақталады.

Ғалымның пікіріне сүйенсек, жұмыстың негізгі материалдарын айқындайтын дерек болып саналатын «Абай жолы» романы да осындай құнды туындылардың қатарына жатады және тұрмыстық лексиканың романдағы қатысымдық семантикалық тұрғыдан қарастырылатын ерекшеліктерін ашу тіл арқылы ұлттың өзін тану мен танытуға жетелейді. Демек, жоғарыдағы тұрмыстық лексикаға қатысты топтастырулар мен оның деректерін, қолданыс ерекшеліктерін ұлттық өнер мен әдебиет туындылардан іздеу жөніндегі ғалым Ж. Манкееваның пікірі жұмысымызда басшылыққа алынатын тұжырымдардың бірі болып отыр.

Тұрмыстық лексика – халықтың материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажетті мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың қолөнер бұйымдарын бейнелейтін кең көлемді сала. Тұрмыстық лексиканың құрамындағы киім атаулары – халықтың, ұлттың, этностың қалыптасу, даму тарихынан күні бүгінге дейін өзіндік ерекшеліктерге ие болып отырған мәні мен қолданысы тарапынан жаңарып отыратын, қазақ тілінің сөз байлығын аңғартатын тілдік бірліктер.

Әуел баста халықтың тілдік, тарихи және мәдени дамуы негізінде қалыптасқан киімге қатысты лексика өзінің даму барысында тілдік ауыс-

түйістерге, әр замандағы әдет-ғұрып, салт-санаға, қоғамдық өзгерістерге қатысты әртүрлі семантикалық өзгерістерге ұшырап отырды. Соның дәлелі – қазақ киімі атауларының алуан түрлі байлығы. Қазақ киім атауларының пайда болу, қалыптасу дәстүріне, сөз жоқ, басқа туыс, көрші халықтардың да әсері болмай қалған жоқ. Мұның барлығының тілде өз көріністерін тауып отыруы – заңды құбылыс. Сондықтан киім-кешекке қатысты қалыптасқан атаулар, тұрақты тіркестер т.б. ана тіліміздің сөз байлығының бір саласын құрайды [56]. Киім атауларының зерттелу жайына келер болсақ, И.В.Захарова мен У.Д.Ходжаеваның [57], Ә.Марғұланның [58], Х.Арғынбаевтың [59], Ө.Жәнібековтің [60], С.Қасимановтың [61], А.В.Коноваловтың [62], Н.Шаханованың [63] еңбектерін атауға болады. Бірақ бұл еңбектердің барлығы этнографиялық және тарихи сипаттағы зерттеулер болып табылады.

Ал Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, Ж.Манкеева, С.Ахметжанов, Т.Байжанов, А.Сейілхан т.б. зерттеуші-ғалымдарымыздың еңбектерінде қазақ тіл біліміндегі киім атауларын этнолингвистикалық, лексика-семантикалық, этимологиялық қырларын жан-жақты қарастырылады.

Ал соңғы жылдары бұл сала таза лингвистикалық тұрғыда зерттелінді. Мәселен А.Жолдасбектің «Компонентный анализ лексика-семантической группы одежды» атты зерттеу еңбегінде қазақ және орыс тілдеріндегі киім атауларына кешенді түрде, лингвомәдени, салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы талдаулар жүргізілген. Сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріндегі киім атауларының зерттелу тарихы, құрылымы мен мағынасы талданған [64].

Ә.Б.Алмауытованың «Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты» деген ғылыми жұмысында киім атаулары этнолингвистикалық және ономонологиялық тұрғыдан зерттелінеді. Киім атауларына қатысты түрлі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың этномәдени сипаты кеңінен айқындалған [65].

Сондай-ақ М.Қ.Есимболованың «Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясында [66], М.С.Атабаеваның «Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негіздері» сынды монографиясында қазақ тіліндегі киім-кешек атауларының диалектілік ерекшеліктері сөз болады [67].

Қ.Т.Қайырбаеваның зерттеу жұмысында кейбір киім атауларының символдық мәні кеңінен қарастырылған [68].

А.Қ.Тұрышевтың «Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары лексикасының этномәдени негіздері» атты докторлық диссертациясында Ж.Көпеев шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасын мағыналық жүйесіне, қолданыс мақсатына қарай: ұлттық киім атаулары, баспана және үй мүлкі терминдері, ұлттық қолөнер лексикасы деп қарастырады [69, 163 б.].

Сонымен, ғалымдар топтастыруындағы, пікірлеріндегі тұрмыстық лексика туралы түсінікті жинақтай келсек, әр ғалымның пікірінде өзіндік негіз бен дәйек барлығын аңғаруға болады. Соған қарамастан, тұрмыстық қолданыстағы емес, жалпы тұрмыс қажеттілігіне жататын лексикалық бірліктерді тұрмыстық лексика ретінде қарастыра отырып, осы бағыттағы талдауларға басымдық беру

жұмыс барысында негізге алынды. Осы негізде киім атауларын «Абай жолы» романының тілдік материалдары негізінде зерттеу көзі ретінде қарастыра отырып, олардың қатысымдық семантикада қолданылу ерекшеліктері, қатысымдық семантиканы тудыру ерекшеліктерін, сол негізде жалпы қатысымдық семантиканың туындау себептері мен тілдік ерекшеліктерін айқындауға ұмтылыс жасалды.

Зерттеу нысаны ретінде тұрмыстық лексиканың бір бөлігі болып саналатын киім атауларын көпшілікке танымал шығарма материалындағы қолданысы тұрғысынан қарастыра отырып, қатысымдағы киім атауларының мағыналық қолдану ерекшеліктері, мағыналық өзгеріс себептері, оған әсер етуші факторлар, мағыналық өзгеру деңгейлері сияқты мәселелер тұрғысынан талданды.

Қатысым – басты фактор. Қатысым мақсатына, сөйлеуші тұлғаның жеке тілдік білімнің қатысым барысындағы мақсатына бағынуына сәйкес сөздің қатысымдық мағынасы туындайды. Нәтижесінде, қатысымдық мағынаға ықпал етуші басты факторлар ретінде жеке тілдік тұлға, оның сөйлеу актісіндегі өз мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға деген ұмтылысы және сөз мағынасының ауыспалы мағынада жұмсалуға деген бейімділігі анықталды. Сөз мағынасының, яғни оның аталымдық мағынасының ауыспалы мағынада жұмсалуға деген бейімділігі де басты факторлардың бірі болып саналады. Сөздің ауыспалы мағынаға айналу бейімділігі болмаған жағдайда қатысымдық мағынаның туындауы да қиындау мәселе. Ауыспалы мағынаға өту бейімділігі қатысымдық мағынаны туындатудың алғышарты болып табылады.

Ауыспалы мағынаға өту бейімділігінің болуы да шартты ұғым екендігі анық. Өйткені, кез келген сөз мағыналық белгілері арқылы ауыспалы мағынаға өтуге бейім болып табылады. Кез келген сөз бір мағынамен шектелмейтіндігі тілде жан-жақты көрініс тауып жүрген құбылыс. Өйткені сөз және оның мағынасы бірнеше мағыналық белгілерді қамту арқылы тілдік айналымда жұмсала алады.

Мағыналық белгілер мәселесінен тыс қатысымдық мағынаның туындауына себеп болушы сөздегі құбылыс – мағынаның уақыт, кезең, қатысым жасалып отырған кеңістік ауқымында өзектенуі немесе оны актуалдану деп те атап жүр. Сөз мағынасы қатысым мағынасына сәйкес және сол кезеңнің өзекті мәселелері мен ұғым-түсініктерін негізге ала отырып, актуалданады. Актуалданған мағына сөз мағынасының актуалдануына ауыспалы, яғни қатысым мақсатына сәйкес мағынада жұмсалуына себеп болады. Осы себептердің жиынтығы сөз мағынасының актуалдануын құрайды. Сөз мағынасының аталымдық мағынасын сақтай отырып актуалдануы тура мағынадағы актуалдану болса, сөз мағынасының белгілері арқылы өзгерген мағыналарға ауысып қолданылуы сөз мағынасының ауыспалы мағынадағы актуалдануы болып табылады. Мәселен, қазіргі жастар тіліндегі сленгтер мен лақап аттардың пайда болуы да осы актуалдану құбылысымен байланысты.

Актуалдану уақытша сипатқа ие болуы мүмкін. Уақыт кеңістігіндегі тілдік танымның өзгеруі актуалданып қолданылған сөздің қатысымдық мағынасының

уақытша «өмір сүруіне» алып келеді. Яғни, белгілі бір кезеңде актуалды мәнге ие болған сөз мағынасы уақыт өте келе өз актуалдылығын жоғалтып, сөз қатысымдық мағынасынан айырылады. Сондықтан қатысымдық мағынаны уақытша құбылыс ретінде бағалауға да болады. Бірақ бұл – қатысымдық мағынаның бір ғана ерекшелігі. Өйткені барлық қатысымдық мағынада жұмсалатын сөздер уақытша емес. Тұрақты, қалыптасқан түрде де сөз сол қатысымдық мағынасында жұмсала алады. Қатысымдық мағынаның уақыт кеңістігіне қатысты осындай екі түрлі ерекшелігін де жоққа шығаруға болмайды.

Коммуникация – тілдің қызмет етуінің басты тетігі. Олай болса, тілдің қызмет ету мүмкіндігін қамтамасыз ететін сөз семантикасы да коммуникация арқылы айқындалып, өзгеріп, әр түрлі қызметтерді жүзеге асыруға икемделеді. Лексикалық бірлік тілде білдіретін негізгі мағынасы арқылы өзіндік орны бар бірлік болып табылады. Соған қарамастан, лексикалық бірлік тілдегі сөз семантикасының коммуникация жүйесіндегі мәтіндік, қолданыстық сипатына қарай өзгеріске ұшырап отырады.

Бұл тұрғыда Л.С.Выготский: «Слово почти всегда готово, когда готово понятие. Поэтому есть все основание рассматривать значение слова не только как единство мышления и речи, но как единство обобщения, и общения, коммуникации и мышления» [70].

Зерттеушінің пікіріне сүйенсек, тіл адам танымының ең жоғарғы деңгейіндегі құбылыс. Ал сөз мағынасы жалпы танымдық процесс барысындағы жеткізілген информацияның элементі ретінде танылады. Олай болса, тіл барлық танымдық процестердің (қабылдау, жад, ойлау) ішіндегі өзіндік орны бар, ерекше құбылыс. Ол осы аталған барлық процестерге толық қатыса алады, сондықтан да тіл – бір уақытта хабарды сақтайтын және хабар мазмұнының қолданыстық орта болып табылады.

Қатысымдық мағына дегеніміз – сөздің негізгі семантикасынан ауытқып, жанама немесе негізгі семантика айналасындағы семантиканың берілуіне қызмет етуі болып есептеледі. Бұл өзгерістердің, яғни қатысымдық семантиканың айқындалуын талдауда жоғарыда дәстүрлі семантикалық зерттеулерге тән құрылымдық семантика элементтерін, тілдегі семантика түрлерін басшылыққа алып, жалпы талдау жасап өтілді. Семантиканың жіктелуіне тән бұл ерекшеліктердің де талдау негізі бола алатындығы айқын. Өйткені денотаттық, коннотаттық және сигнификаттық мағына бөлшектерінің, мағына түрлерінің талдануы оның негізгі семантикалық ерекшеліктерін, білдіретін мағынасының табиғатын айқындап алуға мүмкіндік береді. Осы негізден барып, оның қатысымдағы өзгеріс себептерін, өзгеру тәсілдерін анықтаудың орынды екендігін бағдарлаймыз. Бірақ қатысымдық семантика негізгі семантика емес деп, немесе негізгі семантика қатысымдық семантикадан өзгеше деп біржақты семантикалық тұжырым жасау орынсыз. Себепсіз салдар болмайтыны секілді, сөз қатысымдық семантикада негізсіз жұмсалмайды. Оған тілден тыс факторлары әсер ететіндігі жоғарыда талданып өтілді. Соған қарамастан, ішкі тілдік заңдылықтар жүйесі де семантикалық қолданбалы

өзгерістерге ықпал етіп отырады. Мысалы, «Әй, дәу қара» деп әлдебіреуді атау арқылы сөз семантикасы өзінің негізгі мағынасында қолданылып тұрған жоқ, әйтсе де толығымен олай деп тұжырымдау да негізсіз.

Тұрмыстық лексиканы қатысымдық актіде талдау төмендегідей мәселелерді ашуды көздейді:

- 1) тұрмыстық лексика құрылымының қатысымдық актіде бейнеленуі;
- 2) лексикалық мағынаның коммуникативтік моделінің түзілуі.

Сөз семантикасының қатысымдық актідегі бейнеленуінің басты мүмкіндіктері олардың тілдік қарым-қатынас барысындағы әртүрлі мағыналық реңктерге ие болуынан көрінеді. Сөздің тура және ауыспалы мағынадағы қолданысын тілдік қатынас негізінде талдау лексикалық мағынаның коммуникативтік моделінің түзілу жолдарын нақтылайды. Коммуникативтік модель дегеніміз – қатысымдық қызметтегі сөз мағынасының жеткізілер ойға қажетті реңктер мен мазмұнды бейнелеуі. Ол лексикалық мағынаға интегралды талдау жасау арқылы жүзеге асады.

Талдауға дискретті актуалды мағыналар алынды. Дискретті мағыналар дәстүрлік және дәстүрлік емес болып екіге бөлінеді. Зерттеу жұмысында біз негізінен дәстүрлік емес актуалды мағынаға көбірек тоқталдық. Бұның себебі: дәстүрлік емес актуалды мағыналар бай семалық құрылымға ие, әрі қатысымдық жағынан маңызды болып табылады. Сондай-ақ олар көбінесе окказионалды, жеке авторлық қолданыстық сипатқа ие.

Зерттеу нысаны етіп қазақ тілі лексикасындағы, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы киім атауларының алынуы – сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен, кәсібінен, мәдениетінен мол мағлұмат беретін бағалы қазына екенінің айқын дәлелі. Сондықтан да олар өте кең таралған, әрі қатысымдық акт барысында кеңінен түрленетін бай семантикаға ие. Бұл тұрғыда А.А.Залевскаяның пікірі өте орынды. Сөз таптарының ішінде зат есімнің қатысымдық акт үшін маңызды екенін ғалым былайша жеткізеді: «Выбор существительного в качестве материала коммуникативного описания обусловлен тем, что, во-первых, существительные занимают центральное место в системе языка – они составляют ядро лексикона, первичны в развитии речи как в филогенезе, так и в онтогенезе, осознаются человеком раньше, чем другие части речи и.т.д.» [71, 54 б].

Зерттеу жұмысына арқау болып отырған киім атауларының қолданыстық сипатын осы және басқа да теориялық пікірлерді негізге ала отырып, талдау жүргіземіз.

Жоғарыда келтірілген сөз семантикасының қатысымдық жұмсалысын, өзгерісін аша түсу үшін дәстүрлік тіл біліміндегі сөздің ауыспалы және тура мағынадағы жұмсалысына тоқталу қажет. Бұл мәселелерді қозғамай тұрып, сөз мағынасының қолданысындағы ерекшеліктерін толық айқындалу мүмкін емес. Өйткені тура және ауыспалы мағына мәселесі – қатысымдағы сөз мағыналарының өзгертіліп жұмсалыуына негіз болатын басты тілдік фактор болып табылады.

Тілде жеке сөз денотатпен және референтпен тікелей байланысты. Денотат заттың нақты материалдық белгілерін білдіреді. Референт – аталған сөзді нақты қатысымдық актідегі жалпы және жеке, көрсетілген және көрсетілмеген белгілерін білдіреді. Референт – сөйлеудегі, денотат – тілдік жүйедегі атаудың белгісі.

Мысалы: **тымақ**. Түсіндірме сөздіктегі мағынасы – аң терісінен жасалған, суықта киетін бас киім.

*Басында көкішіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа қара елтірі **тымағы** байқалады [1, 291 б.].*

Ал енді осы атаудың қатысымдық актідегі қолданысына назар аударып көрейік:

*Бұл – Бөжей. Өзгелердей емес, әзір қыры сынбаған күйде, өз еркімен шығып келеді. Бас киімі – **пұшпақ тымағы** да өзінде [1, 81 б.].*

Автордың бұл сөйлемінде **тымақ** атауы арқылы «жеңілмеу» семасы беріліп тұр. Алдыңғы мысалдағы **тымақ** жұқа қара елтіріден жасалған жай ғана қарапайым **тымақ** болса, екінші мысалдағы **бас киім** – қолданыс барысында, нақты коммуникация жағдаятында өзгеріске ұшыраған таңбалық атау. Мұндағы **тымақ** жеңілмеген қайратты ер адам образын ашудағы маңызды құрал болып тұр. Ал келесі бір сөйлемдегі мына бір қолданыстан керісінше «жеңілу» семасы байқалады:

*Бесбесбайдың басында **тымақ** жоқ [2, 177 б.].*

Жазушы жалпы белгілі оқиғаға қатысты “жеңілу” немесе “жеңіске жету” секілді мағынан беру үшін **бас киім** атауын өте орынды қолдана білген. Кейіпкердің **бас киіммен** суреттелуі – жеңіске жетудің, ал **тымақсыз**, яғни **бас киімсіз** болуы – жеңілгендіктің белгісі ретінде символды түрде ұсынылған.

«Жас ерекшелік» семасы: *Абай бұл уақытта бала сияқты емес. Жас бозбалаша киінген. Қара мақпалмен тыстаған **түлкі тымағы** бар. Үлкендер **пұшпақ тымақ** кесе, соңғы жылдарда бозбаланың көбі осындай **түлкі тымаққа** ауысқан еді [1, 89 б.].*

Аталған киім атауының қатысымдық мағынасы «**тымақ**» лексемасының **бас киім** атауының әр жасқа байланысты қолданылатын ерекшелігі арқылы жеткізіліп тұр.

«Белгілі бір руға тән» ерекшелік семасы: *Жиындағы жандардың көпшілігі Бошан тәрізді... **Тымақ, шапандары** соны баян етіп тұр. Оқта-текте ғана Балқаш бойынан келген Дадан Тобықтының үлгісі немесе Дағанды Керейінің қой жүні шекпені мен **тымағы** көрінеді [1, 89 б.].*

Баяншы көзқарасы арқылы әр рудың өзіне тән киім үлгісі жайлы айтылып, олардың өзіндік ерекшелігі көрсетіліп отыр. **Тымақ** лексемасы – айтылмақшы хабардың негізі.

«Шақыру құралы» семасы:

*Лақтай бір дуадақты сары ала жүнін жарқылдатып асып қалған бір қаршығаның үстіне ағызып жетті де, **тымағын бұлғап**, арттағыларға айқай салды [1, 14 б.].*

Бұл мысалда «**тымақ**» лексемасы бейвербалды амал құралы болып отыр.

«Көнелік» семасы:

*Аяғында сырма киіз етік, басында талай жылғы тозығы жеткен, сыбағысқан ескі сеңсең тымақ* [3, 126 б.].

Келтірілген мысалдағы киім атауының «ескілік», «көнелік» семасы арқылы жоқшылық, жүдеу, кедейшілік өмір бейнесі беріліп тұр. Осы сема арқылы қоғамдағы тұрмысы төмен бұқара халық өкілінің бейнесі жеткізіліп тұр.

«Сый-қошемет» семасы:

*...Айғыз бен Нұрғанымға қарап: - Базекеңнің үстіне шапан, камзол, басына тымақ кигізіңдер, - деді* [4, 716.].

Киім атауларының негізгі аталымдық қызметтерімен қатар, күнделікті өмірде белгілі дәрежеде дәстүрлік, ғұрыптық салт санадан хабар беретін символдық та қызметі бар. Қазақтың құрметті қонағына деген сый-құрметі - осы мысалдан, яғни Базекеңе шапан жауып қайтару, ерекше сый жасау дәстүрімен байланыстырылып тұр.

«Тағзым ету», «ілтиспат көрсету» семалары:

*Абай бұл кісінің сыпайы жүзіне өз тарапынан лайықты тағзым көрсетіп, тымағын алды* [4, 125 б.].

*Ұлыққа ең алғаш қол созған болыс Керей-Рақыш еді. Ол шошақ төбе қара елтірі тымағын кеудесіне басқан* [3, 273 б.].

Мысалдардағы бас киімнің бұл түрі адамдар арасындағы тілсіз қарым-қатынастан хабар беретін (бейвербалды амалдардың) негізгі құрал болып тұр. Бас киімді қолына алып немесе оны кеудесіне қысып коммуниканттар арасындағы өзара құрмет, ілтиспат көрсету жағдайы беріліп тұр. Бұл тұрғыда орыс ғалымдары А.А.Акишина мен Х.Кано былайша түсіндіреді: «Көшеде кездескен кезде қолданылатын амандасу немесе қоштасудың сыпайы түрі. Бұл дене қимылы ер адамдарға тән, көбіне зиялы қауым мен үлкен кісілер арасында қолданылады» [72, 93 б.].

«Мезгілдік» семасы:

*Осыны есептеп алған Құнанбай пұшпақ тымағының құлағын байлай бере, торы атты тебініп, қамшыны алып: - Қапта, қапта! Олжай, Олжай! – деп, ұран салып, ағыза жөнелді* [1, 78 б.].

*Абай түлкі тымағының бауын байлай бере әжесін алды* [1, 45 б.].

Келтірілген мысалдарда киім атаулары арқылы белгілі уақытты білдіріп, «мезгілдік» семасы беріліп тұр.

Жазушы бұл сөйлемдерде бір нәрсеге бекінген, бұрын ойында жүрген ісін еске түсірген адам бейнесін беруде киім, оның деталы және мезгіл үшеуін сәтті сабақтастыра білген. Нәтижесінде киім атауы мезгілдік ұғымды білдіріп тұр.

«Байлық, барлық белгісі» семасы:

*Үстінде қара құлын жарғағы бар, күміс кісе буынған, қара мақпалмен тыстатып, қызыл түлкі тымақ киген Құнанбай сырт жағынан қарағанда, тіпті, зор, көрнекті еді* [1, 113 б.].

*Қызыл түлкі тымақ* тіркесі арқылы «байлық, барлық белгісі» семасы беріліп тұр. Бұған көптеген тілдік деректер дәлел бола алады. Ерте кезде түлкі



тымақты тек бай, ауқатты адамдар ғана киетін болған. Сондай-ақ қызыл түсте осындай топтағы адамдар киіміне тән.

«Маусымдық» семасы.

*Басына киген тымағы да қыс тымағы сияқты қалың, ұзын жүн елтірі екен [1, 196 б.].*

Қазақ халқы киімді жылдың әр маусымына лайықтап кие білген. Соның бір көрінісі осы мысалда, ұзын жең елтіріден тігілген тымақтың қыста киетін бас киім түрі екені айтылған.

«Туыстық қарым қатынасты не қоғамдық белгілі бір рөлдік статус» семасы:

*Ол гана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын [1, 196 б.].*

*...Қой, шырағым! Тобықты тымағын аулыңда киерсің, біздің аулымызда күйеу тымағымен жүр! – деп бұйрық берді [1, 197 б.].*

Ерекше шапан мен ерекше етік, ұзын төбелі тымаққа үкі қадау – бұл қазақтың ұлттық салт-дәстүрінің бірден бір хабаршысы, жас күйеудің – басты белгісі.

«Орынсыздық» семасы:

*- Сармолла имам, халфе болмаса да мешіттің мінберіне шығып сөйлейтін қисыны бар. Басына сәлде ораған молланың бірі. Ал мен ол жерге мынау шешең тіккен тобықты тымағымен барам ба, жоқ әлде енді қартайғанда дуанадай болып басыма сәлде орап барам ба – деп өз мысқылдап күліп алды [2, 48 б.].*

Қоғамдағы әр топ өкілдері өздеріне тән киім үлгісімен ерекшеленеді. Бұл мысалда әр ортаға сай киімнің қолданылу мәселесі қарастырылып отыр. Негізгі айтылмақшы ой – мешіттің мінберінде тымақтың қолданылмауы, яғни «орынсыздық» семасы.

«Даралау» семасы:

*Жылқышылардың арасында Тәкежанның жалғыз ұлы Әзімбай да бар еді. Өз қолында сойылы жоқ, киімі де өзгелерден бөлек. Түлкі тымағы бар [3, 77 б.].*

Аталған мысалда түлкі тымақтың жылқышыларға тән киім емес екені, бай-болыстар киетіндігі, сондай жылқышыға ұқсамайтын бай болыс тобы – Әзімбайдың киіну үлгісі арқылы беріліп тұр.

*- «Ойбай, Абай, анаң қара! Тымақты қара! – Абай Оспанға ашулы түрмен жалт қарап, қатты түкіріп қап: - Тоқта, құтырма! – деді.*

*Бұған ерсі көрінген сурет Абайдың өзінің де өмірінде ең алғаш көрген көрінісі. Бұл көш - қаралы көш екенін - Бөжей көші екенін Абай мен Тәкежан бағана-ақ таныған болатын. Өзге көштен бөлек болатыны мәлім. Бірақ қазір мына екі қыз істеген іс сол бөлектің ішінде бір өзгеше болды. Олары өзге қыздардан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің бас киімін киіпті. Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара елтірі тымақтары бар. Қыз кимейтін бас киімінің артын алдына келтіріп, теріс киіпті. Енді гана анық көрінді, орталарына жетекке алған тұлдаған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ер-*

*тоқымы ерттеліпті. Ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыста Қарқаралыға киіп барған қызыл күрең ішігі жабылыпты. Ердің қасына қамшысын шаншып, соған да теріс қаратып, Бөжейдің қысқы түлкі тымағын кигізіпті» [1, 160 б.].*

Аталған киім атауы арқылы жазушы қазақтың салт-дәстүрінен сыр шертеді, «қаралы көштің белгісі» семасы айқындалып тұр.

Осы бір үзіндіде келтірілген «тұлдаған ат үстіне ішік жабу, тымақты теріс қаратып сияқты» ұғымның мәнін Қ.Қайырбаева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні» атты ғылыми зерттеу жұмысында былайша түсіндіреді: «Ер арысы Бөжейдей азаматтан айырылған қаралы көш тұлдаған көк аттың үстіне Бөжейдің ер-тоқымын ерттеп, оның үстіне Бөжейдің ішігін жауып, қамшысын шаншып, оған Бөжейдің теріс қаратқан тымағын кигізіп қойыпты. Мұның мәнісі неде?

Тымақ Бөжейдің көзін, яғни өзін білдіру үшін шебер қолданылған. Қыз бала кимейтін бас киімнің артын алдына келтіріп теріс киіпті. «Теріс» сөзі – қазақ елі үшін өте бір қолайсыз, жайсыз сөз. Ал бас киімді теріс кию – жаман ырым. Бас киімнің басқа біреудің басында болуы – ол адамның көз жұмғандығын білдірген, тымақтың теріс киілуі – бүткіл бір жұрттың арыстай азаматынан айырылып, жұртының қабырғасы қайысқанын, яғни өте ауыр қазаны білдіреді» [68, 113 б.].

Талдау барысында тымақ атауының мынадай семалары анықталды:

- 1) жеңілу
- 2) жеңілмеу
- 3) шақыру құралы
- 4) көнелік
- 5) сый-қошемет белгісі
- 6) тағзым ету, ілтипат көрсету
- 7) мезгілдік
- 8) маусымдық
- 9) байлық-дәулеттілік белгісі
- 10) салт-дәстүрлік
- 11) орынсыздық
- 12) туыстық қарым қатынасты не қоғамдық белгілі бір рөлдік статус семасы:
- 13) даралау
- 14) қаралы көш

Бұл атаудың жиі қолданысқа түсуінің, тілдік қарым-қатынаста белсенді қолданылуының өзіндік себебі бар. Ол қазақ халқының ұлттық дүниетанымымен, менталитетімен тікелей байланысты. Қазақ халқы жалпы бас киімді киелі санаған, оны баспаған, біреуге бермеген. Сондықтан да бұл атаулардың қолданыстық ерекшеліктері көбінесе ұлттық, салт-дәстүрлік, киелілік ұғымдарымен астасып жатады.

Сонымен, тұрмыстық лексиканы қатысымдық аспектіде қарастыру арқылы олардың әр алуан мағыналық ерекшеліктеріне көз жеткізуге болады.

Тілдік қатынаста сөздің мағынасының қолданысының жүзеге асуының негізгі екі түрін бөліп көрсетуге болады:

- 1) тура қолданыс;
- 2) ауыспалы қолданыс.

Тура қолданыста сөз мағынасы «дәстүрлі референтпен» байланысты, яғни бұрыннан белгілі денотатпен байланысты. Ал ауыспалы қолданыстағы сөз таңбалық жүйедегі денотаттың кейбір белгілерін ғана қамтиды. Оларға негізінен мүлде жаңа қолданыстар тән. Бұл жайында Э.С.Азнаурова: «при окказиональном переносном употреблении слова референт, имеющийся в коммуникативной ситуации, подвергается номинации словом, а не создается под влиянием контекста: референт есть предмет экстралингвистической действительности, и на него не может оказывать какого-либо влияния контекст. Имеется точка зрения, согласно которой изменение значения обязательно связано с изменением предметной отнесенности слова» [73, 42 б.].

Сөз мағынасының қолданыстағы өзгерісі лингвистикада бұрыннан қарастырылып келгендігі белгілі. Ал қатысымдық актіде сөз мағынасы түрлену жайына енді-енді ғана көңіл бөлініп келе жатыр.

Қатысымдық актіде сөз мағынасы тура және ауыспалы аталымда әртүрлі актуалды мағына шартында көрінуі мүмкін. Бұлардың басты айырмашылығы тура мағыналық қолданыста негізгі (ядро) сема әрқашанда актуалданады. Ал ауыспалы қолданыста негізгі сема актуалданбайды. Осыған байланысты сөздің тура және ауыспалы қолданысын шектеу сөзді қатысымдық тұрғыда қарастырудың алғашқы кезеңі (қадамы) болып саналады.

Сөз мағынасын қатысымдық актіде қарастыруда сөз мағынасының негізгі семалары толықтай актуалданған жағдайда оларды бейнелеуде көрсетпедік, себебі ол түсіндірмелі сөздікте кеңінен талданған. Біздің негізгі мақсатымыз – қатысымдық актідегі тұрмыстық лексиканың талдану принциптерін көрсету болып табылады.

### **1.3 Тұрмыстық лексиканың қатысымдық мағынасына ықпал етуші тілдік және тілден тыс факторлар**

Қатысымдық семантиканың пайда болуына тілдік және тілден тыс факторлардың ықпалы мол. Сөз белгілі бір тілдік заңдылықтардың немесе тілдің, тілдегі сөздердің қолданысына әсер ететін күштердің негізінде түрлі мағыналарда жұмсалып, қатысымдық мазмұнға ие болады. Сондықтан қатысымдық семантиканың ерекшеліктеріне бармас бұрын, оның қалыптасуына әсер етуші тілдік және тілден тыс факторларға тоқталған жөн.

Тұрмыстық лексиканың қатысымдық мағынасының қалыптасуына тілдің ұлттық ерекшеліктерінің көрінісі ерекше ықпал етеді. Ұлттық ерекшелік көрінісі деген ұғымға логикалық ұғыну, сезіну және бағалауды жатқызуға болады. Ал бұлардың барлығы адамның санасы арқылы көрініс табады. Сонымен, тұрмыстық лексика – қоршаған ортаны танудағы, өзінің тарихи даму процесіндегі ұлттың ұжымдық санасының бейнеленуінің нәтижесі.

Сыртқы дүние мен сана кез келген тілдің ұлттық ерекшелігін тудыратын маңызды екі фактор болып саналады. Сыртқы дүниені әдетте қоршаған орта немесе әлем дүниесі деп жарыспалы қолданылады. Ғылымда бұл құбылысты кеңістік-уақыттық континуум деп атайды. Бұлай атау кеңістіктің, уақыттың шексіздігін, үздіксіздігін білдірумен қатар «барлық нақтылықтың» эквиваленті болып табылады.

Кеңістік-уақыттық континуум мынадай маңызды элементтерді: табиғат дүниесі, этностың материалдық мәдениеті және материалдық әлем құбылыстары мен объективті маңызды байланыстар мен объектілер арасындағы байланысты қамтиды.

Ғалымдар пікірін негізге алсақ, табиғат дүниесі мен материалдық мәдениет, тілдің лексикалық жүйесіндегі ұлттық концептілерді қалыптастырады деген тұжырым жасауға болады. Себебі бұлар ұлттың ішкі ерекшеліктерімен қоса, ұлттың ұжымдық санасына да тікелей байланысты. Кез келген тұрмыстық лексикаға қатысты әрбір атаудың астарында өзіндік тарих жатыр. Яғни олар жай ғана беріле салынған нәрселер емес, олар – сол қоғам иелерінің сан ғасырлық тәжірибесінің, сана-сезімінің, дүниетанымының хабаршысы. Сондықтан да сөз мағынасы – үнемі дамып отыратын, үздіксіз жетіліп отыратын құбылыс. Мағына қатыстық және абсолюттік прогресс бағытымен дамып отырады. Тілдің сөздік құрамының өсуі және сөздердің мағына сандарының ұлғаюы абсолюттік прогреске мысал бола алады [5, 147 б.]. Мағына дамуына сондай-ақ түрлі сыртқы (экстралингвистикалық) және ішкі (интерлингвистикалық) факторлар ықпал жасайды. Қоғам өміріндегі әртүрлі оқиғалар, құбылыстар тілге өз әсерін тигізбей қоймайды. Бұлар сыртқы фактор болып табылады. Тілдің өзінің ішкі мүмкіндіктеріне, даму инерциясына байланысты ерекшеліктері ішкі факторды құрайды. Сонымен қатар, сөз мағынасының қатысымдық мағынада жұмсалып, қатысымдық мағынаның туындауының өзіндік себептері мен оған ықпал етуші факторлар бар. Құрылымдық тіл білімін зерттеушілер тарапынан бұл мәселе ауыспалы мағына ұғымымен түсіндіріліп келеді. Бұл орынды. Сөздің ауыспалы мағынада жұмсалатындығы тіл білімінде жан-жақты қарастырылып, қалыптасқан қағидаға айналған. Алайда, қатысым барысындағы ауыспалы мағынаның сөз мағынасын өзгертуге себеп болуы қатысымдық мағына тұрғысынан қарастырып, оның өзіндік себептерін айқындауды қажет етеді. Мағынаның туындау себептері құрылымдық дәстүрлі семантикалық зерттеулерде басым жағдайда сөз мағынасының этимологиялық мәліметтерімен байланысты қаралып, оның себептерін этимологиялық тұрғыдан ашуға ұмтылыс жасалып келді.

Тілдегі қатысымдық семантиканы тудырушы себептердің мынандай негізгі үш түрін жіктеп көрсетуге болады:

- сөйлеу актісі;
- қоғамдық-әлеуметтік фактор;
- жеке тілдік тұлға.

Аталған себептерді тілдегі сөз мағынасының әртүрлі мағыналық реңктерде, түрлі мағыналарда жұмсалыуына түрткі болатын, қатысымдық семантиканы тудырушы қозғаушы күштер ретінде қарастырған, сол негізде қатысымдық семантиканың қалыптасу ерекшеліктерін аша түсу орынды болып табылады. Осы мәселелердің ішінен тілдік факторға – сөйлеу актісін, тілден тыс факторға – қоғамдық-әлеуметтік факторды жатқызуға болады.

### **1.3.1 Сөйлеу актісі – қатысымдық мағынаға әсер етуші басты фактор**

Тіл – адамдар қарым-қатынасының негізі. Сондай-ақ ол танымның, ойлаудың құралы. Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас жеке адамның тілдік тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Бұл тұрғыда көрнекті лингвист А.Байтұрсынұлы тілдік қарым-қатынас сөйлеу және жазу әрекеттері арқылы жүзеге асатынын, тілді «адамдық белгінің зоры», «жұмсайтын қаруы» деп бағалап, тілсіз, сөйлеусіз адамдар арасындағы қарым-қатынас болмайтындығын айтады. «Біздің заманымыз – жазу заманы. Жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды, жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» – деп ғұлама ғалым тілдік қатынастың түрлеріне, сөйлесім және жазылым әрекеттерінің маңызына дәл бағасын бере білген [74, 41 б.]. Ғалымның бұл ойы Ф.Ш.Оразбаеваның еңбегінде жалғасын былайша табады: «Қарым-қатынас – тілдің өмір сүруінің, тілдік болмыстың басты өлшемі. Қарым-қатынас сөйлеу, сөйлесім арқылы жүзеге асады. Сөйлеудің ең маңызды құралы – тіл, сөйлесімді жүзеге асыратын да тіл» [39, 43 б.].

Сонымен, тілдік қарым-қатынастың жүзеге асуында сөйлеу әрекетінің маңызы зор. Ол тілдің шынайы коммуникациядағы қолданыс мүмкіндіктерін айқындауға негіз болады. Бұл қызметі сөйлеу актісі арқылы жүзеге асады. Тілдік қатынастың ең кіші бірліктерінің бірі – сөйлеу актісі. Сөйлеу актісі – қоғамда қалыптасқан сөйлеу принциптері мен ережелеріне сай, белгілі бір мақсатта жүзеге асатын сөйлеу әрекеті. Сөйлеу актісінің негізгі белгілері: сөзді қатысымдық мағынада жұмсауда арнайы, белгілі мақсат көзделетіндігі; қалыптасқан дәстүрге сай шарттылық сипат болатындығы [75, 209 б.].

Осы тұрғыдан сөйлеу актісі тілдің қатысымдағы шынайы бейнесі мен тілдің қатысымдағы толық және табиғи мүмкіндіктерін көрсететін басты нысан ретінде қарастырыла бастады. Сөйлеу актісінің өзі ағылшын және америка ғалымдарының еңбектерінде алғаш термин ретінде пайда болғаны болмаса, оны тілде өзге де атаулармен қарастыруға болады.

Қатысымның зерттеу нысаны ретінде әртүрлі тілдік аспектілерде жасалған лингвистикалық концепцияларды айтуға болады. Мәселен, Ш.Баллидің модусы мен диктумы, В.Матезиус ұсынған тема мен рема, осыдан туындаған пресуппозиция мәселесі, коммуникативті күзірет, М.М.Бахтин, Л.Блумфильд қостаған қатысым жағдаятын модельдеумен қатар әлеуметтік

лингвистикадағы және психоллингвистикадағы көптеген модельдерді де қосуға болады.

Қатысым мәселелесі сөз болғанда Р. Якобсонның алғашқы талпынысы – қатысымның модельдік зерттелуі ескеріледі. Бұл дегеніміз – ғалымның қатысымды сараптауға арналған ұғымдық жүйені қалыптастырғандығы, яғни *адресант, мәлімет, адресат, контекст, код* түріндегі мәнбірлер. Бұл мәнбірлерге сөйлеудің нақты қызмет түрлері, атап айтқанда: экспрессивті (эмотивті), поэтикалық, коннотативті, референті, металингвистикалық сияқты түрлері сәйкес келеді. Бұл модель сөйлеудің – қатысымның сыртқы мәнбірлеріне тәуелді екенін мойындатады [76, 45 б.].

Өткен ғасырдың 60-70 жылдарында тіл білімінде ауызша қатысымды зерттеу барысында «прагматикалық өзгеріс» болды. Ол Дж. Остин, Г.Грайс, Дж. Серль еңбектерімен басталып, сөйлеу әрекеті теориясын дамытқан А.А.Леонтьев, Ю.А.Сорокин, Е.Ф.Тарасов, А.М.Шахнарович сынды кеңестік лингвистердің зерттеу жұмыстарында жалғасын тапты.

Лингвистикалық прагматика шеңберіндегі зерттелген әртүрлі бағыттарды:

- 1) тілдік қатысымға әрекет тән;
- 2) тіл – коммуниканттардың динамикалық қарым-қатынасының құралы;
- 3) тілдің функционалды қызметі оны жағдаяттық контексте қолданумен байланысты деп топтастыруға болады.

Сонымен прагматикалық өзгерістің белең алуы сөйлеу актілері теориясымен байланысты. Сөйлеу – лингвистикалық, экстралингвистикалық, сондай-ақ прагматикалық мәнбірлерге тәуелді.

Шетел және орыс тіл білімінде сөйлеу актісі теориясы кең ауқымда зерттелуде. Бұған қатысты мәселелер Дж. Остин, Дж.Серль, П.Грайс, Л.Медведева, А.Вежбицкая, В.В.Богданов, Г.О.Почепцов, Ю.Д.Апресян және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Олар бұл күрделі процесті жүйелеуге, жіктеуге тырысып, коммуникативтік модель түрлерін ұсынады.

Дегенмен сөйлеу актілерінің теориясы сөз болғанда, бұл теорияның философиялық лингвистика арнасында туындап және оның алғаш рет ағылшындық логик Дж. Остиннің Гарвард университетінде 1955 жылы оқыған лекциясында сөз болғаны белгілі. Ғалымның идеясын американдық философ Дж. Серль өзінің «Сөйлеу актілері деген не?» деген монографиясы мен бірқатар мақалаларында дамытты. Бұл мәселеге ағылшын философы П.Ф. Стросон да өз үлесін қосты [77].

«Тілдік қарым-қатынастың негізгі бірлігіне таңба, сөз, сөйлем емес, осы бірліктердің сөйлеу үстінде дүниеге келуі жатады», – дейді Дж. Серль [78, 170-194 бб.]. Сөйлеу актісінің негізінде әрекет ұғымы, оның мақсаты, ықпал етуші қызметі жататыны сөзсіз.

Сөйлеу актісінің құрылымына келетін болсақ, қазіргі қалыптасқан көзқарастарға сәйкес, олар: локутивті, пропозициялық, иллокутивті акт ретінде есептеледі. Локуция – сөйлесімнің айтылуы. Семантикалық және синтаксистік өлшемдерді сипаттайтын тілдік бірліктер сөйлесімнің локутивті деңгейін көрсетеді. Бұған интонация мен кинесиканы да жатқызуға болады. Сөйлеу

актісінің мазмұны – пропозиция. Бір мазмұнның әртүрлі сөйлесімде әртүрлі берілуі мүмкін. Ал сөйлеу актісінің иллокутивті қызметі дегеніміз – уәж, мақсат, пресуппозиция, ықпал ету, адресатқа әсер ету стратегиясы мен тактикасы, қатысымға қатысушылардың қоғамдық және жеке мінездемесі, олардың эмоциялық күйі, коммуникацияның әсері.

Сонымен сөйлеу актісі 3 деңгейлі акт ретінде қарастырылады десек те, мәселен, Дж. Остин оларды: локутивті, перлокутивті, пропозициялық, иллокутивті актілер деп сипаттады [79, 22-129 бб.]. Сөйлеу актісінің нәтижесі, адресаттың жауап реакциясын – коммуникацияның перлокутивті аспектісіне жатқызады. Бірақ Дж. Серль сөйлеу актісінің құрылымына перлокутивті актіні енгізбеген [80, 242-263 бб.]. Мұны ол перлокутивті актіні зерттеу лингвистика саласына жатпайды, біріншіден, перлокуция тілдік конвенцияларға бағынбайды деп түсіндірген. Себебі тіл сөйлеушінің ықпалына адресаттың жауап ретіндегі нақты реакциясын белгілей алмайды. Ал екіншіден, қандай да бір сөйлеу актісін жасамай-ақ, перлокутивті әсерге жетуге болады деп түсіндіреді. Дегенмен В.В.Богдановтың мына көзқарасына көңіл аударсақ: «Лингвистикалық теория үшін перлокутивті әсер бөтен емес, тек лингвистикалық теория (атап айтқанда, прагматика) перлокуцияның сөйлеу актілеріне сәйкес жүзеге асуын толық қамтамасыз ететін ережелерді тұжырымдай алмайды» деп жазады [81, 41 б.].

Осы тұста Е.В.Падучеваның да пікірін ескерген дұрыс, ол «лингвистикалық еңбектерде перлокутивті аспект келе келе иллокутивті аспект ретінде қарастырылып жүр» дейді [82, 25 б.].

Ал, иллокутивті акт сөйлеушінің бір тілегін, мақсатын тыңдаушы жаққа жеткізуі, яғни ол ықпал етуші күшке ие және оның сипаты сөйлеуші мақсатымен тығыз байланысты. Д.Гордан мен Дж. Лакофф оны қарым-қатынастың сәтті өтуімен байланыстырады. Мақсат – сөйлеу әрекетінің қозғаушы күші, оны қалыптастырушы негіз. Кез келген сөйлеу актісі сөйлеушінің тіл арқылы өз мақсатын (интенциясын) жеткізуі болып табылады. Мақсат адам мен тіл арасындағы байланыстырушы буын қызметін атқарады.

Сөйлеу актісі теориясының негізін салушылардың бірі Дж. Остин сөйлеу актісін классификациялауда ықпал етуші күшті негізге алады. Перформатив етістіктер ұғымын енгізе отырып, тиянақты не тиянақсыз сөйлесімдердің шегін анықтауға тырысты. Соның негізінде Дж.Остин сөйлеу актісінің 5 түрін көрсетеді. Олар: 1) вердиктер; 2) экзерсивтер; 3) комиссивтер; 4) бехабитивтер, 5) экспозитивтер. Бірақ ғалым бұл жіктелімнің аяқталмағанын, толық ойластырылмағанын мойындаған [79, 28 б.].

Бұл мәселелеге көптеген ғалымдар да назар аударғаны белгілі. Дж. Серль Остиннің ұсынған жіктелімін сынап, өз жүйесін ұсынды. Ол «жіктелімнің негізі ретінде ықпал етуші мақсат пен одан туындайтын шынайылық шарттарын ұсынамын» деп, сөйлеу актісінің 5 түрін атап өтеді: 1) ассертивтер (бұрын репрезентативтер деп аталған); 2) директивтер; 3) комиссивтер; 4) декларативтер (қазіргі – декларациялар); 5) экспрессивтер [78]. Бірақ кейін Д. Вандервекенмен бірге оның санын 7-ге жеткізді. Дж. Серль ұсынған

жіктелімді көптеген ғалымдар логикалық тұрғыдан дұрыс деп санайды. Бұл жіктелімде Дж. Серль 12 белгіні басшылыққа алады. Зерттеуші бұл белгілерді «ықпал етуші актілерінің арасындағы айырмашылықтарды көрсететін белгілер» дейді [78]. Дж. Серльдің жіктеліміне Дж. Личтің ұсынған жіктелімі жақын. Ол да сөйлеу актісінің 5 түрін белгілейді: 1) ассертивтер; 2) директивтер; 3) комиссивтер; 4) экспрессивтер; 5) рогативтер [83].

Г.Г.Почепцов сөйлеу актісінің ықпал ету күші мен сөйлеушінің мақсатын басшылыққа ала отырып, сөйлеу актісінің 5 түрін ұсынады: 1) констатив; 2) промиссив пен менасив; 3) перформатив; 4) директив; 5) квеситив [84]. Жоғарыдағы класстардың кейбірі Серль-Вандервекен таксономиясына сай келеді. Мысалы, констатив ассертивке, промиссив пен менасив – комиссивке, директив аттас. Ал квеситив Дж. Личтің рогативіне сәйкес. Дей тұрғанмен, бұл жіктелімде перформативтердің ерекше класс болып бөлінгені қызығушылық туғызады. Автордың келтірген мысалдары мен түсіндірулеріне қарағанда перформативтер санатына Серль-Вендлердің экспрессивтер мен эксплицитті-перформативті көрінісі бар басқа да сөйлеу актілері енген.

В.В.Богданов хабарды жеткізу барысында адресат пен адресант арасындағы өзара түсіністікті орнатудың маңыздылығын ескере отырып, сөйлеу актісінің 9 түрін көрсетеді: 1) декларативтер; 2) комиссивтер; 3) интеррогативтер; 4) инъюктивтер; 5) реквестивтер; 6) адвисивтер; 7) экспрессивтер; 8) констативтер; 9) аффермативтер [85, 25-36 бб].

Осы көрсетілген сөйлеу актілері негізінде нақтылау, бұйыру, қарсылық білдіру, талап ету, өтіну, болжау, уәде беру, жауап беру сияқты әрекеттер жатыр.

Бұлардан өзгеше Л.М. Медведева ұсынған жіктелімнің де ұтымды жақтары болды. Сөйлеу актісінің ықпал ету күші мен сөйлесімнің құрылымдық-семантикалық ерекшелігінің бір-біріне сәйкес келу/келмеуіне қарай тура/жанама, идиомалық/идиомалық емес, эксплицитті/имплицитті деп бөледі [86].

Кейбір ғалымдар, мәселен, А.Вежбицка, Ю.Апресян сөйлеу актісі түрін анықтауда, перформатив етістіктерді басшылыққа ала отырып жіктеді. Ю.Д. Апресян 15 түрін анықтады: 1) нақтылау; 2) мойындау; 3) уәде беру; 4) өтініш; 5) кеңес беру немесе ұсыну; 6) өтіну және кеңес беру; 7) талап ету; 8) рұқсат ету және тыйым салу; 9) келісу және қарсылық білдіру; 10) мақұлдау; 11) анықтау; 12) кешіру; 13) сөйлеу дәстүрлері; 14) бас тарту; 15) тағайындау және атау [87; 88].

Бұл жіктелімдердің негізінде басшылыққа алынған ұстанымдар әртүрлі болғандықтан, бір жүйе жоқ, саны жағынан да әрқалай. Бірақ олар бір-бірін жоққа шығармайды, қайта бір-бірін анықтап, толықтырады. Кез келген сөйлеу актісінің түрін анықтаудың негізінде ықпал етуші күш, сөйлеу актісіне қатысушылардың психологиялық қалпы, мақсаттары, білімі, контекст, сөйлеу жағдаяты т.б. көптеген факторлар жатыр. Сөйлеу актісін талдаудың негізгі мақсаты – сөйлеу актісінің сәтті жүзеге асуы үшін қажетті шарттарды анықтау.



Қазақ тіл білімінде сөйлеу актісі, сөйлеу коммуникациясы, ауызекі сөйлеу ерекшеліктері Р.С.Әмірдің еңбектерінде қарастырылған [89]. Соңғы он жылдықтар көлемінде бұл мәселеге көбірек көңіл бөлініп, әр қырынан қарастырылып жүр. Бұл салада ғалым З.Ш.Ерназарованың еңбектерін айырықша атап көрсеткен жөн. Ғалымның «Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері» атты докторлық диссертациясында сөйлеу актісі шетелдік ғалымдар еңбектері негізінде кеңінен талданған. Сөйлеу актісінің тілдік және тілдік емес компоненттерден құралатынын, осы компоненттер арқылы сөйлесімнің құрылымы мен семантикасының қалыптасатынын айтылады. Сондай-ақ ғалым сөйлеу актілерін таптастыруда, сөйлеу актісінің түрін анықтауда қазақ тіліндегі сөйлеу актілерінің төмендегі түрлерін бөліп көрсетеді: бата беру, бітім айту, көңіл айту, ас қайыру, жұбату. Өз ойын ғалым былайша тұжырымдайды: «сөйлеу актісіне қозғалыс пен стратегия тән. Сөйлеу актісі – қатысым иелерінің өзара әрекеттесуінен дүниеге келетін әрекет. Оған жалпылықпен қатар даралық тән» [90, 38 б.].

М.Қ.Мырзағалиеваның зерттеу жұмысында орыс және қазақ тілдеріндегі мақтап сөйлеу актілеріне контрастивті-прагматикалық талдау жасалған. Сөйлеу процесінің методологиялық базасы ретінде сөйлеу теориясы алынған. Орыс және қазақ тілдеріндегі мақтап және қошамет көрсетіп сөйлеу актілерінің негізгі семантикалық синтаксистік моделдері мен иллокутивтік компоненттері, сонымен қатар тура сөйлеу актілерімен қатар олардың жанама түрлері де қарастырылған. Мақтап және қошамет көрсетіп сөйлеу актілерінің мүмкін болатын коммуникациялық, перлокутивтік әсерлері көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде мақтап сөйлеудің коммуникативтік стратегиясын тактикалармен жүзеге асырғанда талданған сөйлеу актілерінде мәдени-ұлттық ерекшеліктер дәлелденген [91].

Г.С.Иманғалиева, Д.Б.Әбдікәрімова, Қ.Ө.Айтмұхаметова еңбектерінде сөйлеу актісінің диалогты түрлері салыстырмалы түрде талданып, олардың қолданыс барысындағы түрлері анықталған.

Санамалап тоқталған зерттеу жұмысымыздың барлығында да сөйлеу актісі прагматикалық тұрғыда кеңінен талданғанына көз жеткізуімізге болады. Ал сөйлеу актісінің мағыналық қырлары, яғни жеке сөздердің қолданыс барысындағы түрлене алу қабілеті мен жүйесін, ерекшеліктерін қарастыру қатысымдық семантиканың еншісі болмақ.

Сөйлеу актісі – өте күрделі құбылыс. Оны тілдік қарым-қатынас барысында әртүрлі деңгейде, әртүрлі сипатта қарастыруға болады. Ағылшын философы Дж. Остин сөйлеу актісінің негізгі үш түрін көрсетеді: біріншіден, сөйлеу актісін бір нәрсе жайлы айтылым ретінде қарастыру. Бұндай аспектіде сөйлеу актісі локутивті акт ретінде көрініс табады. «locutio» латын тілінен аударғанда «айту» (говорение) деген мағынаны білдіреді. Локутивті акт өте күрделі құрылымға ие. Оның негізгі мәселелеріне: дыбыстардың айтылуы, сөздердің қолданысы және олардың грамматикалық заңдылықтарға сай байланысы, сол сөздер арқылы таңбаланған объекті және т.б. мәселелер жатады. Локутивті акт термині лингвистикада көптеген жылдар бойы кеңінен

қолданылып келді. Алайда адам тек сөйлеу процесі немесе өз даусының мәнерінен рахат алу үшін немесе сөздерден сөйлем құрау үшін ғана сөйлемейді. Сөйлеу барысында ол сонымен қатар тілден тыс мақсатта әрекеттер жасайды: белгілі бір нәрсе жайлы сұрайды немесе жауап береді, хабарлайды, болжайды, пікір білдіреді, ескертеді, сынайды т.с.с. Міне бұл әрекеттер, яғни адамның тілден тыс мақсаттағы қолданылатын сөйлеу актісі иллокутивті акт деп аталады [79]. Бұл жайлы Г.Грайс: «Иллокутивті акт – сөйлеушінің адресатқа өз коммуникативті ниетін жеткізетін және сол ниетті қабылдайтынына ықпал ететін акт», – деп иллокутивті акт сөйлеу актісінің ең маңыздысы деп баға береді [92].

Сөйлеу процесі барысында адам белгілі бір дәрежеде нәтижелерге қол жеткізеді. Мәселен өзін қоршаған ортада өзгерістер енгізуі мүмкін немесе өзінің тыңдаушысының санасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Яғни сөйлеу актісін қол жеткізілген нақты салдар тұрғысынан қарастыруды перлокутивті акт деп атаймыз. Перлокутивті актінің мақсаты – адам психикасына әсер ету. Бұл – тілдік қатынаста бұрыннан әсіресе риторикада кең қолданылып келе жатқан аспект.

Сонымен, иллокутивті актінің негізгі белгісі – оның мақсаты. Ал мақсат – сөйлеу әрекетінің қозғаушы күші, оны қалыптастырушы негіз. Мақсаттың қалыптасуы сөйлеу актісі дүниеге келгенге дейін қалыптасады. Мақсатты А.А.Леонтьев мына буындарға бөледі:

- 1) уәждеме;
- 2) жағдаятқа қарай бағдарлама жасау;
- 3) тәжірибеге сүйеніп болжам жасау [93].

Сөйлеу актісінің бірнеше түрлері бар. Жинақталған материал негізінде тұрмыстық лексиканың қолданылу еркшелігіне орай сөйлеу актісін мынадай түрлерге ажыратуға болады:

1) **Хабарлама (репрезентативтер)**. Баяншының өзіндік көзқарасын, пікірін, болжамын т.б. белгілерін білдіреді. Хабарлама әртүрлі мәнге ие болады:

Мысалы:

**а) баяндау мәнінде:**

Мысалы, *Солардың артында Найман тымақты қалың топтар қауырт көріне бастады* [1, 217 б.].

Баяншыдан шыққан хабар – қалың топтың көрінуі. Бұл хабарды нақтылап тұрған, яғни белгілі бір рудың адамдары көрінгені жайлы мәлімет қабылдаушыға «найман тымағы» тіркесі арқылы жеткізіліп тұр.

**ә) талдау мәнінде:**

*Шынын айтайын, қорқақтық еткенім жоқ. Бірақ еріндім! – дегенде, үйдің іші ду ете күлсе де, ол өзінің шын жайын айтып жатыр: - Шолпаннан асырып қуып кетіпті, жер болса, қалың қар, оны қуғанда, мен қай жерге дейін шаппақпын?! Кем қойса, Ералыда қуып жетермін. Сондай ат шаптырым жерге қалың киіммен қыстығүні шапқылаудың өзі бір жаза зой!* [3, 93 б].

Бұл қатысымдық жағдаятта жеткізіліп отырған хабарға қорытынды болып отырған жайт – қалың киіммен шапқылаудың орынсыздығы. Осы жағдай, яғни қалың киім жазаға теңеліп отыр.

**б) сипаттау мәнінде:**

*Үстінде ұзын, ақ сарғыш қытайы жібек бешпеті бар. Жазғы жеңіл киім бұл күнде толған денесін аса айқын көрсетіп тұр. Күрең барқыт желетке мен ақ көйлек кең бешпет өзінше бір келісті көрнек, жарастық бергендей.*

Әсем үйлесімділіктің, қонымдылықтың белгісі – түрлі киім атаулары – қытайы жібек бешпет, күрең барқыт желетке, ақ көйлек.

**в) талдау, өзіндік көзқарас мәнінде:**

*Камзолы, ақ көйлегі бұның да барлық бой тұлғасына жарасып тұр. Тек басындағы бөркі ғана келмейді. Көнелеу, сарғыш құндыз екен [2, 175 б.].*

Айтылмақшы ойдың түйіні бас киім атауы арқылы жеткізіліп тұр. Баяншы өзіндік көзқарас-пікірін «көнелеу, сарғыш бөрік» арқылы жеткізіп отыр.

**г) мойындау, келісу мәнінде:**

*Оның қапсағай бойына жарасқан шапанын, қонымды тымағын ұнатты [4, 275 б.].*

Шапан, тымақ – баяншы жеке тұлғаның негізгі нысаны.

2) **Бұйрықнама (директива).** Қабылдаушы санасына әсер ету мақсатында айтылады. Бұл топқа талап, тілек, өтініш, тыйым, ақыл бұйрық, инструкциялар және тағы да басқа сөйлеу актілерінің түрлері жатады.

Мысалы:

**а) Өтініш немесе тілек мәнінде:**

*Ауылдағы енелер мен абысындарға қосылып, Ділді келініне кимешек-шаршы, қалың жібек желек кигізіп жіберіпті. Мағыштың өз бойының жарастығын жеткізе түсем деп, жасыра түсіпті. Қаланың үлгісіне лайық емес. Сенің бұдан былай араласатын ортаңа кимешек-желектің керегі не, қалай дейсің? – деп, Абай күле қарап еді. Әбіш өзінің бұрыннан байлап қойған жайының үстінен дәл түскен әкесіне ырза болды. Үндемей күліп, бас иді де шығып кетті [2, 35 б.].*

Бұл сөйлеу актісінде баяншы көзқарасын жеткізіп тұрған жайттар: әр ортаға және жасқа сай киіну үлгісі, жарасымдылық, үйлесімділік мәселесі. Сөйлеу актісінің мақсаты баяншының тілегін, ниетін, қабылдаушыға жеткізу болғандықтан, сондықтан ол ықпал етуші күшке ие. Мұның сипаты баяншы мақсатымен тығыз байланысты. Өйткені кез келген сөйлеу актісі коммуниканттардың тіл арқылы өз интенциясын жеткізуі болып табылады. Ал интенция дегеніміз – коммуникативтік мақсатқа жету үшін қолданатын стратегиялық қадамдар жиынтығын үйлестіру. Коммуникативтік стратегия сөйлеушінің мақсатын лингвистикалық құралдардың көмегімен іс жүзіне асырады. Себебі коммуникативтік акт – бұл коммуниканттардың интенциясына бағынатын акт. Адамдар қатысымға тек сұхбаттасу үшін ғана түспейді, олар әрекет етеді. Олардың әрекет етуі, яғни сөйлеу әрекетінің мақсаттарын айқындап, сыртқа шығарады. Бұл дегеніміз қандай да бір ашық (эксплицитті)

немесе жасырын (имплицитті), кейде тіпті көмескі ниетпен сөйлеуші қашанда өз мақсатына жету үшін бір нәтижеге ұмтылады.

Кез келген сөйлесімнің мазмұны (пропозициясы) коммуникативтік акт жүзеге асқанға дейін қалыптасады. Сөйлеушінің ниеті өзіне анық. Әрине, ол не туралы айтатынын алдын-ала жоспарлап қойған. Демек, оның айтатын сөйлесімінің мақсаты өзіне белгілі. Мақсаттың қалыптасуына бірнеше мәнбірлер ықпал ететіні сөзсіз. Мәселен:

1. уәждеме (бұл жүйеде бір уәж жетекші сипатқа ие болады);
2. жағдаяттық афферентация (бұл нақты сөйлеу кезіндегі шарттармен қатар, оған дейін қалыптасқан әрекеттер нәтижесі де);
3. болжам (бұл адам санасындағы оның өмірге, қоршаған орта құбылыстарына байланысты жиған тәжірибесіне сүйенеді) [90].

Осы тұжырымдарды негізге алсақ, жоғарыдағы қатысымдық жағдаяттағы баяншы интенциясы толық жүзеге асты деп қорытынды шығаруға болады. Сөйтіп, бұл мысалда баяншы тілегінің орындалғанын қабылдаушының үнсіз мақұлдауынан аңғаруға болады.

**ә) бұйрық мәнінде:**

*Киімді қалың жамылып, тымақ киіп, мына ыстық шайдан бір-екі шынаяқ ішіп бүркеніп жата қал! – деп мәслихат берді [3, 217 б.].*

Жеткізілмекші болып тұрған ойға негіз болып тұрған – киім атауы. Аңшылыққа шығып, сырқат күйде Тоғжан үйіне түскен Абайға айтылған «қалың киім», «тымақ» сауығудың – бірден-бір жолы.

**б) тілек-өтініш мәнінде:**

*Енді тымақты баса киіп, қымтанып алыңыздар! [3, 208 б.].*

Аталған сөйлеу актісінде коммуниканттарға баяншы алда болатын жайсыз ауа райы жайлы хабар жеткізіп отыр. Осы ситуациядан шығар жол – тымақты баса киіп, қымтану.

Талдаулардан көз жеткізгеніміздей, сөйлеу актілерінің барлық түрлері сөз мағынасын қатысымдық тұрғыда кеңінен тануға мүмкіндік береді. Яғни бұлар арқылы сөз мағынасының қолданысына талдау жүргізу арқылы олардың табиғатын тереңірек тани аламыз.

Сөйлеу актісі кім (кімге) (нені) қандай тілдік бірліктерді қолдана отырып, (неге, не үшін) – қандай жағдайда – (қандай әсермен айту) факторларын есепке алады. Коммуникацияға қатысушыларға (олардың мақсаттары, коммуникативтік рөлдері, жеке мінез-құлқы, тұлғааралық қарым-қатынасы, дүниетанымы, эрудициясы), әңгіменің тақырыбы мен мақсатына, сөйлеу жағдаятына бөгде адамдардың (ресми, ресми емес) қатысымына, байланыс мүмкіндігіне, кедергілеріне және тағы да басқаларға байланысты компоненттердің өзара қарым-қатынасы – сөйлесімнің қалыптасуы мен тыңдаушының оны қабылдауына әсер етеді [90].

Бұл жайында тілдік қатысымдағы хабардың жетуі мен қабылдануын тілдік қатынасты зерттеген ғалым Ф.Ш.Оразбаева: «Коммуникативтік хабарлау мен қабылдау бір-бірімен тығыз байланыста болады. Өйткені хабарлау болмаса, қабылдайтын ой да жоқ, керісінше қабылдау болмаса, хабар да жетпейді.

Қабылдаусыз процесс бүтін болмай, біржақты болып қалады, қарым-қатынас, байланыс жүзеге аспайды», – деп түсіндіреді [94, 24 б.].

Сонымен, сөйлеу актісі теориясы қатысым табиғатының күрделі процесін жүйелеп, оған ықпал ететін факторларды жіктейді. Олар: сөйлеуші, оның мақсаты, тыңдаушы, сөйлеу жағдаяты, пресуппозиция түрлері, жалпы сипаттағы контекст [90].

Сөйлеу актісі арқылы тыңдаушы мақсаты беріледі, яғни сөйлеу актісі – сөйлеушінің тілегін, ниетін, мақсатын тыңдаушыға жеткізеді. Міне сол себепті ол – ықпал етуші акт болып табылады.

З.Ш.Ерназарова сөйлеу актісімен байланысты сөйлеу жағдаятының үш түрлі қызметін анықтаған:

- 1) сөйлеу актісін қалыптастырушы фактор;
- 2) сөйлеу түрін анықтаушы шарт;
- 3) сөйлесім мазмұнын толықтырушы компонент.

Сонымен қатар ғалым сөйлеу жағдаятының сөйлеуші мақсаты арқылы сөйлесім мазмұнында қамтылатынын, оның – объективті шындықтың – сөйлем пропозициясында берілуі сөйлеуші мен тыңдаушының ортақ білім қоры мен өзара қатынасына, сөйлеу мақсатының түріне тәуелді екенін айтады [90].

Сөйлеу актісінің мазмұны диалогтарда ашық, айқын көрініс табады.

Диалог зерттеу бүгінгі таңдағы коммуникативтік лингвистиканың негізгі нысанына айналып отыр. Күннен күнге тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатындығы нақтыланып келеді. Тұлғааралық қатысымның, диалогты қатысымның компоненттері ретінде мыналарды:

1) сөйлеуші және адресат (субъект факторы жеке психологиялық, сөйлеушінің тұлғалық әлеуметтік ерекшеліктері; адресат факторына оның тең қатысымға дайындығы енеді, сондай-ақ, жеке мінезі; коммуниканттар арасындағы интеракциялық және тұлғааралық қарым-қатынас);

2) сөйлеушінің коммуникативті ниеті, уәжі, қатысым мақсаты;

3) қатысым өтетін уақыт пен кеңістікке (коммуникативті акт барысындағы қатысымның жалпы әлеуметтік-саяси, тарихи-мәдени жағдаяттарына сүйенетін шарттарын белгілейтін экстралингвистикалық мәнбірлер) байланысты шынайылық деңгейі;

4) белгілі бір қоғамдық және статустық рөлі бар коммуниканттардың өзара қарым-қатынасы;

5) қатысым жағдаятына сай пресуппозицияларды (авторлық интенцияның дұрыс қабылдануы, өйткені сөйлесімнің прагматикалық мағынасы сөйлеуші мен адресаттың пресуппозицияны оқи алуы, тезаурустарының ұқсастығын, импликацияны анықтай алу қабілеттілігіне байланысты жүзеге асатынын) атап өтуге болады. [95, 24 б.].

Сөйлеу актісінде жасырын ойдың берілуі туралы ең алғаш Г.Грайс теориясында айтылды. Ғалым оны «импликатура» терминімен атауды ұсынады. Бұл теорияның негізінде сөйлеуші ойы белгілі мақсатпен жасырын беріледі [92, 170-171 бб.].

Тілдік қатынастың бұл түрін В.В.Богданов былайша тұжырымдайды: «Общение на уровне, имплицатур – это наиболее престижный вид вербальный коммуникации среди образованной части общества, поскольку для понимания многих имплицатур адресат должен располагать соответствующим уровнем интеллектуального развития» [95]. Ғалымның пікірінше, астарлап сөйлеу білу қатысым иесінің парасаттылық деңгейіне, ерекше ойлай білу қабілетіне байланысты.

Сөйлеу актісінде сөйлеушінің жасырын ойын түсінуде пресуппозицияның орны ерекше. Пресуппозиция – диалогтағы жасырын мағыналық компонент. Оның негізін тілді қолдана білу, болмысты тани білу, қатысымдық жағдаяттың ерекшелігі және контекст құрайды. Мысалы.

– *Бөріктері сәукеледей!*

– *Шалбарын қара, шалбарын!*

– *Балағы қатынның көйлегіндей шұбатылып жүр* [4, 118 б.].

Келтірілген диалогта коммуниканттар танданысы арқылы қоғамдағы белгілі топ өкілдерінің – сал-серілер киімі хабарланып тұр. Аталған киім атауларының дәстүрлік тілдік қолданыстағы білдіретін негізгі мағыналарына тоқталар болсақ: бөрік – барлық жастағы адамдарға, ер адамдар мен қыздар киетін бас киім, ал сәукеле – ұзатылатын қалыңдық киімі ретінде талданады. Көрсетілген сөйлеу актісінде «сәукеледей бөрік», яғни сыртқы формасы жағынан ұзынша келген, бөріктің ерекше түрі және «шұбатылған шалбар» сол кездегі салдар киімінің ерекшелігін жеткізіп тұр.

*... Бір топ бір топты тамашалап жүр. Бірінің-бірі киімдерін таңырқайды. Орыс әйелдері қазақ әйелдерінің бас киімдерін сөз қылысады. – Кәрі қатындары да жалаңбас, о несі? – деп, қазақ әйелдері күңкілдесіп, тамашалайды.*

*.....- Қандай жалаңаштар...Үйлері жыртық...іштерінде өңшең шоқпым, киім де жоқ, бұйым да жоқ, - дейді. Кейде от басында құр бидай қуырып отырған шешелерді, жас қыздарды көріп, - тамағын қарасаңшы, жалғыз бидай, - деп, бас шайқап келеді...*

*- бір тамшы май да жоқ.*

*- бұлардың сүттен басқа тамағы жоқ*

*- аш болу керек. Ал өздері ақша алмайды* [3, 194 б.].

*... – Көрдiңдер ме, не деп отырғанын! Жер алақанымдай, жоқшылық шапанымдай болды, - дейді...*

*- Ал бастағы сор одан да үлкен, мынау сенің басыңдағы үйiңдей болды, көшпей қайтейiн! – дейді* [3, 195 б.].

Бұл мысалдан мынадай пресуппозицияларды көрсетуге болады: ұлттық ерекшелік, әр ұлтқа тән дүниетаным, түсінік; қонақжайлық, салттық ерекшелік т.б. Осы үзінді арқылы жазушы сол кезеңнің, екі ұлттың ерекшелігін салыстыра отырып, шебер жеткізе білген. Ойымызды ары қарай Р.Сыздықова мен Б.Шалабаевтың пікірімен жалғасақ: «Автор сөзі мен кейіпкер сөзі бірін-бірі алмастырып, бірін-бірі толықтырып, өмірлік шынайы құбылысты дәл, ұтымды бейнелейді.

Орыс әйелдерінің диалогы қазақ әйелдерінің жүдеу тіршілігін тағы да, енді басқаша көзбен, басқа қырынан толықтырады. ... Қазақ кедейлері мен крестьяндар арасындағы диалогтар да – әлеуметтік жүк көтеріп тұрған диалогтар. Диалогтағы теңеу мен әсірелеу, мәтел мен метафора – үлкен идеялық-мазмұндық, көркемдік жүк көтеріп тұрған тәсілдер» [96, 89-91 бб.]. Сонымен аталған диалогта келтірілген киім атаулары – әр ұлтқа тән ерекшелікті көрсете білудің, белгілі бір кезеңнің ащы шындығын оқырман санасына көркем тілмен жеткізудің бірден-бір жолы, тәсілі.

– *Сіз әдетте айтысқа ақ кимешек киіп немесе ақ жсаулық тағынып шығып жүрдіңіз. Мұның сыры бар ма?*

– *Айтысқа қатысқан кезде біршама жасқа келген әйелдердің бөрікпен жүруі маған ой салды. Негізінде қазақ халқында бөрікті қыз балалар киеді. Ал келіншектердің өзінің бөртпе шәлісі болған. Қазақтың келіндері басынан орамал тастамаған. Сондықтан мен өзіме ақ жол сияқты ырымдап, «орамал тон болмайды, жол болады» деген сөзді көкейіме сыйдырып және де Ханша деген атыма сай елден ерекше болып көрінейін деп аналардың ақ кимешегін басыма тағынып шықтым. Оның үстіне, менің анамның басынан да ақ кимешек түспеген еді. Ақ кимешек, ақ орамал тағынып өз арыма да, ақ кимешекке де дақ түсірмей ұстауды серт еттім десе болады [5, 4 б.].*

Келтірілген үзіндіден ақ кимешек пен ақ жсаулықтың қолданыс орны арқылы бүтіндей бір халықтың киім кию мәдениетінен, салт-дәстүрінен, дүниетанымынан мол хабар алуға болады. Сондай-ақ екінші коммуникант танымы арқылы жеткізілген ойдың астарында үлкен тәрбиелік мән де жатыр. Демек, келтірілген мысалда киім атауы тек материалдық дерек қана емес, нақтылы тілдік коммуникация барысында ұлттық рухани мәдениеттің фактілерін танытатын ақпарат.

Сонымен, сөйлеу актісі тілдік қарым-қатынаста қызмет ететін, адам танымының нәтижесін көрсететін хабардың белгілі бөлігі. Коммуникация – ой қозғалысының, яғни ойлаудың интероризациясы. Бұл тұрғыда Г.В.Колшанский: «Естественно, что и сама материальная основа имеет свой внутренние законы строения, но как средство коммуникации все законы собственно материальной оболочки языка в этом взаимодействии подчинены основной задаче – передаче мыслительного содержания – и, следовательно, должны рассматриваться как содержательная, а не чисто формальная категория» [97, 32-33 бб.].

Міне, сондықтан бүгінгі лингвистикадағы қатысымдық семантиканың маңыздылығы:

– біріншіден, осы аспект арқылы тілдің қатысымдық маңыздылығы айқындалады;

– екіншіден, тілдің мазмұндық жағы адамның танымдық әрекетімен тікелей байланысты, ал бұл мәселе тілдік жүйедегі білімнің қалыптасуы мен берілуін танытатын процестерді – бірнеше ғылым салаларын, философия, гносеология, әдебиеттану, информатика т.б. бір арнаға тоғыстырады.

Жалпы, сөйлеу актісі қатысымдық семантиканы қалыптастырушы негізгі фактор болып саналады. Жоғарыда аталған ерекшеліктерімен бірге сөйлеу актісі – қатысымдық семантиканы қалыптастырушы басты орта деп тұжырымдауға болады. Өйткені қатысым жүзеге асатын тілді қолданудың барлық деңгейлері сөйлеу актісі арқылы жүзеге асады. Сөйлеу актісіне тән жоғарыда талданған ерекшеліктердің өзі қатысым сипатына сәйкес сөздің басқа мағынада жұмсалыуына, өзара ақпарат алысу көзі ретінде қолданылуына күшті ықпал етеді. Сөйлеу актісіне тән мақсаттар болмаған жағдайда тілдің қатысымда жұмсалыуы да, сөздің қатысым барысындағы мағынасының пайда болуы да мүмкін емес.

Сонымен, сөйлеу актісін нақты қатысымдық процесте қарастыру нәтижесінде олардың әрқайсысының нақтылы прагматикалық, семантикалық мәселелерді шешуге бағытталғандығын, сондықтан да олардың тек өздеріне тән белгілерді қамтитынына көз жеткізуге болады. Сөйлеу актісінің осы белгілері қатысымдық мағына үшін маңызды болып табылады. Яғни осы белгілер нақты жағдайдағы нақтылы хабардың жеткізілуін қамтамасыз ететін себептер болып табылады. Осыған байланысты қатысымның нақты мазмұны көптеген жағдайда коммуниканттардың өзіндік жеке қасиеттеріне, психологиялық ерекшеліктеріне, танымына, тілдік біліміне т.б. қасиеттеріне байланысты болмақ.

Сондықтан да тілдік қатысымның әрбір сөйлеу актісі қатысым иелері тұрғысынан тұтастай немесе дербестей қарастырғанда жекелік сипатқа ие. Бұл арада қарым-қатынас барысында түзілген мәтіннің маңызды мазмұны шексіз субъективтік варианттар түрінде көрініс табады. Міне, осы арада нақты сөйлесу актісін зерттеу арқылы коммуникация құрылымын құрайтын белгілі стереотиптерді анықтау – қатысымдық семантика мәселесі болмақ. Тілдік тұрғыда талдауға негіз болатын қатысымдық актінің қатысушылары – жай ғана қатысушылар емес – олар көп немесе аз деңгейде болса да, аялық білімге, қатысымдық және тілдік компетененцияға ие шағын немесе ірі топ өкілдері болып табылады. Олардың дәл осындай индивидтік ерекшеліктері сөйлеу актісінде де көрініс тауып, сөйлем түрлерінің жасалуына, сөзді қатысымдық мағынада жұмсауға себеп болады.

Тұрмыстық лексика да осы сөйлеу актісінің қолданысына икемделіп қолданылып, қатысымдық мағыналарда жұмсала алады. Мәселен, бір ғана киім атауына байланысты сөйлеу актісіне қатысушы субъектінің тілдік білімі, оның осы киім атауларын қатысымдық мағынада жұмсауына алғышарт болып табылады. Талданып өткен романнан алынған мысалдардан да жеке тілдік тұлғаның тілдік біліміне байланысты киім атауларының қатысымдық мақсаттарға сай жұмсалыу ерекшеліктері мен себептерін аңғаруға болады.

Қатысымдық мағынаның пайда болуына себеп болатын сөйлеу актісі, сөйлеу актісі арқылы шығатын жеке тілдік тұлғаның жағдайы, оның қалып-күйі, ойлауы, танымы сияқты толып жатқан мәселелер де өз алдына талданатын мәселелердің қатарына жатады.



### 1.3.2 Қоғамдық-әлеуметтік фактордың қатысымдық мағынаға ықпалы

Тіл – қоғаммен өте тығыз байланысты құбылыс, әр ұлттың мәдени-тарихи дамуынан ақпарат беретін құрал. Сондықтан да әр кезеңнің ізі, таңбасы тілде көрініс тауып отырады. Сол сияқты әр кезеңге тән тілдік тұлғаның танымы да қатысымдық мағынаның туындауында өз ізін қалдырып отырады. Әр дәуірге тән өзіндік белгілер, ерекшеліктер тілдік көрсеткіштер арқылы ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Қатысымдық мағынаның қалыптасуында қоғамдық-әлеуметтік факторлардың маңызы зор. Осындай факторлардың қатарына тілдің белгілі бір уақыт аралығындағы кезеңдік ерекшеліктерін жатқызуға болады. Аталған ерекшеліктер арқылы сөз мағынасының тарихи даму процестеріне көз жеткізуге болады. К.Аханов бұл құбылысты былайша түсіндіреді: «Тілдің тарихи даму барысында оның құрылымы жетіліп отырады. Тілдегі құбылыстардың шығу тегін, өзгеруі мен тарихи дамуын білу оның қазіргі қалпын, қыр-сырын жете танып білуге көмектеседі. Демек, тілді синхрониялық тұрғыдан қарастыру қаншалықты қажетті және маңызды болса, оны диахрониялық тұрғыдан қарастырып зерттеу де соншалықты қажетті және маңызды» [36, 96 б.]. Сондықтан да сөз мағынасының ерекшелігін жете түсіну үшін оның әр кезеңдегі қолданыстық сипатының да рөлі зор.

«Язык определенной эпохи – это язык, существующий и развивающийся во времени, то есть заключающий в себе момент диахронии: сделать поперечный разрез языка, не имеющий протяженности во времени, в принципе невозможно, так как фактор времени по самому существу в язык ... синхронная система неизбежно должна рассматривается во времени» [98]. Зерттеушінің бұл пікірі Б.Ақбердиеваның мына бір пікірімен ұштасып жатыр: «Сөз дегеніміздің өзі тек қана дыбыстардың тіркесуі емес, белгілі бір мағынаның көрсеткіші, ал мағына болса, қатып қалған нәрсе емес, ол да кеңістік пен уақыт аралығында өзгеріп, дамып отырады» [99]. Демек, сөз және оның мағынасының дамуы әрбір қоғамдық даму кезеңдеріндегі дүниетанымдық көзқарастарға тікелей байланысты. Зерттеуші пікіріне сүйенсек, сөз және оның мағынасының дамуында, қолданыс ерекшелігінде кезеңнің өзіндік әсері мол. Яғни әр кезеңнің өзіне тән мағыналық, қолданыстық ерекшеліктері және оның өзіндік себептері бар. Тілдегі сленгтер (ауызекі сөйлеу лексикасына тән қолданыстар) мен жаргондық құбылыстардың өзін осындай тілдік деректердің қатарына жатқызуға болатындығы сөзсіз. Сонымен, тілдік бірліктер тілдегі заттардың, құбылыстардың атауы ғана емес, олар сонымен қатар осы заттар мен құбылыстар, олардың әр алуан ерекшеліктерінің, сапа белгілерін адам санасындағы танымдық дамуын да білдіреді. Бұл тұрғыда М.Б.Храпченконың мына бір пікірі әбден құптарлық: «В науке знаки и знаковые системы создаются, однако не с целью заменить познание действительности, основанное на отражательной способности человеческого сознания, неподвижной системой конвенциональных символов, а для того чтобы непрерывно развивать и совершенствовать его» [100, 45 б.].

Демек, тілдік бірліктер, сөз мағынасының өз кезеңіне сай дамуының, жүзеге асуының, қолданылуының бірден-бір кепілі.

Сөз семантикасының өзгеруі әр кезең өкіліне, оның сөйлеуде сөзді қолдану сипатына тәуелді. Кезең сөздің қатысымдық семантикасына әсер ететін фактор ретінде қарастырылуы негізсіз емес.

Тұрмыстық лексиканың бір бөлігі ретінде қаралып отырған киім атаулары да тілдің алғашқы кезеңдерінде жай материалдық құндылықтардың атауы ретінде қолданылса, талданып отырған «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған мысалдарда бұл атаулардың мағынасы кеңіп, жаңа сипатқа ие болған, қатысымдық өзге мағынада жұмсалған. Сондықтан қоғамдық даму кезеңінің тілге жасайтын ықпалы сөздің қатысымдық мағынада жұмсалып ерекшелігінен де көрініс табады. Бір кезеңде актуалдана алып, қолданылу ретіне қарай өзге мағынада жұмсала алатын сөз, келесі бір кезеңде тілдік қатынас барысында ондай мақсаттарға жарамсыз болып, тілдік қатынаста сол дәрежедегі қатысымдық қызметін атқара алмауы мүмкін.

Жалпы, тілдік тұлға – тілді қолданушы ретінде тіл білімін зерттеушілер тарапынан әр қырынан талданып келеді. Ал тілдік тұлға – өз кезеңінің жемісі. Сондықтан да тұлғаның сөйлеуі кезең еншісінен алған дүниетанымы мен біліміне, қоғамға қатысты көзқарасына, қоршаған ортасына тәуелді. Бір кезеңнің өкілі тудырған сөздің қатысымдық мағынадағы қолданысын екінші бір кезеңнің тілді қолданушысы түсінбеуі мүмкін немесе оны басқаша реңкте жұмсауы ықтимал.

Мәселен, XIX ғасырдағы тұрмыстық лексиканың қолданысына назар салып көрсек:

*Қазақ жеріне сеңдей ағып қара шекпен келе бастағалы халық дағдарып, қайтеміз, бұрынғыдай отыра береміз бе, жоқ, 15-тен кестіріп алып ата мекенімізге түпкілікті ие боламыз ба деген ойға қалып еді.*

*...Бұл ілкімді мырзалар жұрттың алақандай жерін сатып қызмет көрсеткенше, оларға маңайындағы **қара шекпендерден** өрнек алып, жерлерін өздері пайдалануға үйрену керек еді [6, 112-113 бб.].*

Келтірілген мысалдардағы «қара шекпен» тіркесі арқылы XIX ғасырдың II жартысындағы тарихи оқиғалардың куәсі боламыз. Аталған уақытта Қазақстан территориясына Ресей империясынан орыс шаруаларының көптеп қоныс аударған кезі еді. Оларды қазақтар «қара шекпен» атағаны жоғарыдағы мысалдардан аңғаруға болады. Осы мәтіндегі ойды жеткізу барысында киім атауы мүлде басқаша мағынада жұмсалып тұр. Бұл сөзімізге академик Р. Сыздықованың мына бір пікірі де дәлел бола алады: «Орыс шаруаларының орысша атаулары **крестьян** және **мужик** сөздерін қазақша атаудың сол кезде бірнеше варианты болды. Ең көбірек қолданылғаны (әсіресе солтүстік-батыс өлкелерде) **қара шекпен** тіркесі болды» [101, 154 б.].

*... бүйтіп тамақ, ұйқы, жалқаулық үшеуін қатар мінген жұрттың ақсақалының олжасы – «азусыз ат, жағасыз шапан» деп бишаралардан айыпқа алған арық тай, алты көз ләңке, жастарының олжасы – түн жамылып жетелеген біреудің тоқтысы, асы иә сиыры, болыс, би,*

*ауылнайларының олжасы – момыннан ауыстырып алған он-он бес тиын, бәрінің айтқаны - өтірік. ....бүгінгі болыс, би, ауылнай һәм елу басы ескі тондағы бит қой. Шаруа қылсаң жаз шығады, халық пайдасын қуған аға-іні болсаң, ескі тонды сілкіп-сілкіп суға ал!* [6, 39 б.].

Бұл жерде келтірілген мысалда киім атауы орынды теңеу тауып, шебер қолданылып тұр. *Тон* ескі заман және ескі замандағы мықтылар мағынасында қолданып, нақты тікелей киімнің өзі деген мағынаны білдіріп тұрған жоқ. Сөз семантикасына негіз болып тұрған уәж – тонға биттің түсуге бейім болатындығы. Сол негізде ескі тондағы биттің – ескі мықтылардың жаңа заманда да биліктен кетпей отырғандығы осы сөйлемнен көрініс тауып, сөз мағынасы өзінің тура мағынасынан алшақтап, қатысым негізінде туындаған семантикаға ие болып, астарлап жеткізу мақсатында тілдің коммуникациялық мақсатына бағынып тұр.

*Түркістаннан баратын жұмыскерлерге алу керек нәрселер мынау деп отыр: ең аз болғанда үш пар көйлек-штан, екі сүлгі, я сүлгі орнына жарарлық орамал, төсектік киіз, көрпе һәм қыс киетін сырт киім мен етік. Қыс киімге кіреді қабыған шалбар, қаптал шапан, күпі я тон, елтірі бешипент я пұшпақ ішік, киіз байпақ етігімен* [6, 335 б.].

Бұл мысалда адамдардың күнделікті тұрмысына ең қажет зат ретінде *көйлек, орамал, сырт киім мен етік* танылып отыр. Олардың қажеттіліктері қоғамдағы сұраныстары арқылы айқындалып, олардың сол кездегі орны мен маңызы білдіріліп тұр. Сөйтіп бұл атаулардың тілдік қарым-қатынас барысындағы көрініс табар мазмұны арқылы олардың негізгі мағыналарына *ең қажет зат, зәрулік* сияқты қосымша мағыналық реңктер үстеліп отыр.

*Бір күні бек қатты керек болған соң Молда Насыр бір жаңа бөрік сатып алып, сонымен базарға барады. Молданы білген адамдар қайран қалады. Көре салып Насырдың басындағы жап-жаңа жақсы, әдемі бөрікті бұрын көздері көріп үйренбеген еді, жөн киіп жүретұғын ескі киімдерді. Базарда жолыққандардың бәрі де тоқтатып сұрай бастады. «Молда, бұл бөрікті қаншаға алдыңыз?» - деп. Бұл қылған жасаулардың бәрі де Молда Насырдың мазасын кетірді* [7, 241 б.].

Келтірілген үзіндіден сол кездегі қоғам өкілдерінің психологиясы айқын аңғарылады. Яғни жаңа нәрсе, жаңа зат тек дәулетті, бай адамдардың немесе жоғары топ өкілдеріне ғана тән. Ал ортаңқол, шаруа адамына жат нәрсе ретінде түсіндіріледі. Мысалға сондай-ақ ауызекі сөйлеу стилі тән. Сөйтіп киім атауы арқылы коммуникант санасына сол кезеңдегі адамдар тұрмыс-тіршілігімен қатар олардың дүниетанымы да жеткізіліп тұр.

*...Төртінші бөлімде қазақтың бұрынғы батыры, үстінде соғысқа шыққанда киетін сауыт, басында темір дулыға, бір қолында найза, бір қолында айбалтасымен көрінді. Одан соң Орал, Торғай, Жетісу, Семей облыстарының жас келіншектері өз киімдерімен көрсетілді* [6, 159-160 бб.].

Бұл үзіндіде қоғамдағы әртүрлі топ өкілдерінің мысалы, батырлардың, қоғамдағы қарапайым адамдар өкілдерінің өздеріне тән киім үлгілері олардың

өзіндік ерекшеліктері болатыны айтылған. Сондай-ақ әдеби кештің өту барысы осы жайттармен байланыстырылып жеткізіліп тұр.

Осы кезеңдегі тағы бір тіркестің қолданысына назар аударып көрсек:

*«...Әлбетте деп айтты әлгі ізгі етуші. Бірақ оны білу керек саған қажет деген нәрсені*

*-Көп емес, - деп Ахмет айтты күн сайын тұрып болса екен бір уыс күрішім, қарыным аш болмастай. Бір байлам отыным болса, пешімді жаққандай, бір жылы киім болса суыққа кигендей. Мұнан басқа маған ешнәрсенің керегі жоқ».....*

*- Мен бірақ оған бек жаман көрінемін, кедей нашар киімдеріммен деп Ахмет, – айта берді. Ол айтады «мен бай, үлкен, құрметті кісінің қатыны болар едім, әрдайым жақсы киімдер киіп жүрер едім» деді. Сол себепті егерде мені ол жақсы көрсін десең, маған қажет жақсы киімдер киерге. Соған қарағанда жақсы киімдер маған артық болмаса керек.*

*-Сен дұрыс айтасың, - деп аруақ аңлатты. Оның үстіне қосымша гып Ахмет сөйлей берді, ол айтады бай кісіге қатын болсам, жібек, барқыт киіп жүрер едім деп, мұнысы қатты қажет ол мені жақсы көрсін десең [7, 426-427 бб.].*

Ал енді осы тіркес М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында былайша көрініс табады:

*Дарья мен Фекла және тағы бірнеше батыл крестьянкалар бұл кезде ауыл ортасына жетіп, қазақ қатындарының ішіне араласып кетіп, бақандарды алып, ұмтылысып жүр. Тұстарына келген жақсы киімді жауларды жонынан ұрып қалысады [3, 204 б.].*

Алғашқы мысалда «жақсы киім» – құрметтіліктің, барлықтың, байлықтың, ретінде көрініс тауып тұр. Бұл атау – оқиға кейіпкерінің арманының орындалуының басты шарты, ал оның жолдасының негізгі талап-тілегінің бірі. Бұл үзінді арқылы, жақсы киім киіну арқылы сол кезеңдегі дәулетті, бай адамдар бейнесі айқын көрсетілген. Келесі мысалда, «Абай жолы» роман-эпопеясында дәл осы тіркес арқылы «жақсы киім» – қоғамдағы «жағымсыз топ» өкілдерінің белгісі ретінде суреттеледі. Сөйтіп, оларға деген қоғамның төменгі тап өкілдерінің наразылықтары мен реніштері беріліп, екі топ өкілдерінің психологиялық ерекшеліктері айшықтала түскен.

*... Болыс атаулының мойындарына жез шынжырға орнатылған үлкен жез знактар бар. Бұрын аталары сыйға алған шенді шапан, оқалы тон жамылғандар да тұр. Аталары алған сый шапандарын бүгін өз беделі таусылған ұрпақ нәсілдің кейбіреуі әдейі киіп алыпты [3, 276 б.]*

Бұл мысалда келтірілген «шенді шапан», «оқалы тон» сияқты киім атаулары оқырмандарын тарихи оқиғаның куәгері етеді. Тарихқа көз жүгіртсек 1868 жылға дейінгі патша өкіметі, олардың отарлау саясаты және осы саясатты жүзеге асыру мақсатында олардың жергілікті билік өкілдеріне, болыс-билерге, аға сұлтандарға сыйлық таратқан «дәстүрін» еске түсіреміз. Сондай-ақ бұл мысалда қазір сол қадір-қасиетінен айырылған, шарасыз ұрпақ өкілдері орынды сыналған.

*«Атым келіссе, тоным келіспейді, тоным келіссе, атым келіспейді» – деп Жәнібек батырдың айтқанындай армандары болып бұған ақсақал, қарасақал болып сөздерін бір жерге ертерек байласа да кезінде іс етіп шығаруға болмап еді [6, 192 б.].*

Бұл мысалда адамдар арасындағы қарым-қатынасындағы келеңсіз жайттар: бірауызсыздық, келіспеушілік мәселелері *ат* және *тон* атауларының тіркесі арқылы жеткізіліп отыр.

Қазіргі уақыттағы тұрмыстық лексикаға қатысты сөздер қандай қолданыстық сипатқа ие? Жоғарыда талданған кезеңдерден айырмашылығы бар ма, осы мәселелерге нақтылы мысалдармен талдап өтсек. Бір ғана шапан сөзінің қолданысы:

*Той иесін жүздеген адам көбірек тілекпен көміп салады, отыз-қырық шапан жамылады [8].*

*Кейінгі кездері кімнен қашан енгені белгісіз, жаназа үстінде ата жолы деп үш жүздің өкілдеріне шапан тарату рәсімі пайда болды. Әр рудың өкілдеріне жақынынан айырылып отырған үй шапан береді [8].*

*Ертеректе шапан тарату дүниеден озған адамға байланысты таратылатын. Ол кезде шапан құрғыры табыла бермейтін. Оқалы алтын жіппен әдіптелген шапандар кез-келген сөреде иін тіресіп тұр. Шапан – кәделі киім [9].*

*Абылай киген қайран зерлі шапан, айыр қалпақ ...көрінгенге қор болды-ау [10].*

Бұл мысалдарда қазақтың ұлттық сырт киімдерінің бір атауы ретінде танылатын *шапан* қоғам дамуымен бірге қолданыс аясының басқаша сипат алуымен ерекшеленеді. Яғни аталған киім атауы бұрын күнделікті өмірде жиі әрі қоғамның барша өкіліне тән киім атауы болса, қазіргі кезеңде бұл лексемадан мынадай мағыналық қолданыстық ерекшеліктерге көз жеткізуге болады: киелілік, жоралғылық яғни жаңа салттың пайда болуына негіз болып тұр. Осыдан келіп оның орынсыз қолданушылық, салт дәстүрді бұзу деген жағымсыз семалары беріліп тұр.

*Ине-жіптен жап-жаңа шыққан көк шапан жағамыз жалбырап, жеңіміз желбіреп, етегіміз салбырап дүкенге топ ете түстік...мені толғандырар жайлар жоқ емес. Ол – шет жұрттан келген қонақтарға жабылатын шапандардың тағдыры. Олардың елдерінде де біздегідей жарыса шапан жабу салты болса уайымдамас едім [11].*

Келтірілген мысалда қазіргі қоғамдағы келеңсіз жайт ұлттық салт-дәстүрді орынды-орынсыз бұрмалаушылық мәселесі көтерілген. Яғни аталған киім атауы осы бір жағымсыз құбылысты жеткізудегі орынды құрал болып табылады. Сөйтіп, тұрмыстық лексика элементі сатира қаруына айнала білген.

*...Оған сөз бар ма? мәселен, осындайлардан құтылғысы келген Абай бабамыз болыс болғысы келген. Өзіңіз жоғары лауазымды шенеуніктің шекпенін кигіңіз келе ме? [12].*

«Шенеунік шекпені» киім атауының ауыспалы мағынадағы қолданысы өте шебер қолданылып, тамаша метафора жасап тұр.

*Нұрғали Ертілесұлының етегінен ұстап, ізіне ерген бір қауым шәкірттері: «Біздің бәріміз Жұрғалидың «шекпенінен» шыққанбыз дегенді мақтана айтып жүрміз» [13].*

*Досым Омаров деген жігітті докторлық диссертациясында Абайдан кришинаиттық ұғым іздегені үшін кінәладық. Мен соны көріп отырып ойладым, Абай неге қазақ шаңырағынан шықпауы керек, ол неге біздің шапанымыздың шалғайында ғана болуы керек [14].*

Осы мысалдардағы «Жұрғалидың шекпенінен» шығу, «шапанның шалғайында болу», «жыртық шапанның шалғайынан шығу» деген қолданыстар бүгінгі күндегі сөздің ауыспалы мағынасын берудегі сәтті қолданыстар деп тануға болады. Бұл жердегі беріліп тұрған «шыққан тек», «белгілі бір шеңберде ғана болу», «осы белгіленген кеңістіктің аясынан шығу» деген мазмұндар аталған тіркестер арқылы беріліп баяншы пікірін қабылдаушы санасына көркемдік тәсіл арқылы шебер жеткізіп тұр.

*Шоқан десек, оқалы кителді қатар көреміз. Қазақтың құндыз бөркі мен оқалы шапанын киген Шоқанды көзге елестету тіпті, қиын [15].*

Аталған мысалда келтірілген киім атауы бүкіл бір ұлттың белгісі, символы ретінде танылған. Сондай-ақ хабарды жеткізуші трансмиссор арқылы сол қоғамдағы өмір шындығы көрініс тапқан. Яғни қазақ оқығандарының орыстың әскери киімін киюді мақсат тұтқаны осы мысалдан-ақ айқын аңғарылып тұр.

*Жалпықазақстандық ұлт қазақтың шапанына сай келе ме? [16].*

*Американың қалпағы қазаққа жараспайды [16].*


Бұл мысалдарда қолданылған «қазақтың шапаны», «американың қалпағы» деген тіркестер арқылы «белгілі бір ұлт» мағынасы беріліп тұр. Яғни осындай астарлы мағынада жеткізілген ой арқылы қазіргі кезеңдегі қоғамдағы саяси мәселе орынды жеткізіліп тұр.

*Кешқұрым қызды бөлмесіне шақырып ап ақыл айтатын. – Бұл еркектердің көркіне қызықпай, бөркіне қызық. Көрік әйелдерге керек, ал бөрік, еркектердің абыройы мен дәулетін көрсетеді [17].*


Бұл арада тақырыпты жан-жақты аша түсу мақсатында зерттеу нысаны болып отырған М.Әуезовтің романындағы мысалдардан өзге шығармалар мен материалдардан да мысалдар арнайы көрсетілді.

Бұл сөйлемде қазақтың киелі бас киімінің бірі – *бөрік* лексемасын ерекше символдық мәнде қолданады. Осы ой арқылы қазақ халқының дүниетанымы көрініс табады. Жалпы қазақ түсінігінде бөріктің ер адамдарға қатысты тұстары өте көп. «Бөріктіңің намысы бір», «бөрікті» деген сөз орамдары – сөзіміздің айқын дәлелі. Сондай-ақ бұл атау басқа да қоғамдағы құбылыстарды, оқиғаларды жеткізде де белсенді қолданылады. «Токсан ауыз сөздің тобықтай беретін» мақал-мәтелдерде бұл атау көптеп кездеседі: «Заманың қалай болса, бөркің солай», «бөркің тар болса, басыңды қысар, мінезің тар болса, басыңдағы бағың ұшар». Алғашқы мақал-мәтелде бүкіл «заман ағымы» деген мағынада қолданылып тұрса, кейінгі мысалдың тәлім-тәрбиелік маңызы өте зор. Әсіресе, жас ұрпаққа берер тәлімі мол.

Зерттеу жұмысымызға өзек болып отырған «киім» атауларынын талданған кезеңдердегі басты қолданыстық ерекшеліктерін сызбамен өрнектесек:



1-сурет – «Қазақ» және «Дала уәлаяты» газеттері материалдарындағы киім атауларының қолданыстық сипаты



2-сурет – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы киім атауларының қолданысы



3-сурет – Қазіргі кездегі киім атауларының қолданысы

Демек, киім атаулары әр кезеңде өзіне сай дамуды басынан кешіріп отырған. Алғашқы кезеңдерде ең қажет құрал, мұқтаждық, қол жетпес арман мағынасында қолданылса, «Абай жолы» роман-эпопеясында киім атауларының ұлтқа, руға тән ерекшеліктері, салт-жоралғылық мәні айқындалып, қолданыс аясы кеңі түскен. Ал қазіргі жоғарыда талданған мағыналарына қосымша атабабамыздан мирас болып келе жатқан киелі де көне мұра, қоғамның дамуы барысындағы өзгерген салт-дәстүрге қайшы жағдайды суреттеудегі, сондай-ақ халықтың саяси өміріндегі жағымсыз құбылыстарды жеткізудегі, ашудағы маңызды құрал болып отыр.

Тұрмыстық лексика аясына адамдардың күнделікті тұрмысына қажетті зат атаулары кіреді. Осындай атаудың бірі – ақша. Енді оның нақтылы коммуникация барысындағы қолданысына мысал келтірсек:

.... Жаңадан мәшине сатып алған Кенжебек:

- Ей, Естай сенің тәжірибең мол ғой, сәлем беруді білесің бе? – деді.

- Білмегенде ше. Қарттарға ассалаумағалейкум деп қос қолымды ұсынамын.

- Жоқ, сен түсінбедің. Жол бойындағы МАИ қызметкерлеріне қалай сәлем бересің деймін

- Ол оңай ғой. Ала таяғын көтеріп, тоқтата қалса, күлімсірей қараймын әуелі. Иегін көтеріп, ым қағады. Сол сәтте алақанына бес жүздік көкшолақты салып, қолымды соза қоямын. Ол да әккі. Алақандағыны білдірмей жымқырады да, жымия қарап: «Жолың болсын. Байқап жүр» деп қолын шекесіне дейін көтеріп, сәт-сапар тілейді.



*Осы әдісіңді мен де қолданбасам. Өткенде бір инспектор тоқтатып, машинамы арлы-берлі шұқылады. Жаңа ғой, еш кінәрат таба алмады. Құжаттарымды уыстай ұстаған инспектор:*

*- Бала әлі тәжірибең аз екен. Сәлем берудің жөн-жосығын білмейді екенсің. Иек қаққаннан ымды түсінбейтін ынжық атану жас жігітке жараспайды. Бұл жолы ескертемін, жол бойындағы сәлем берудің тәсілін үйреніп ал, – деп қабағын түйді. Сен айтқан соң енді түсіндім. Сәлем алақандағы көк қағаз екен ғой [18, 4 б].*

Мысалда келтірілген күнделікті тұрмысымызға керекті зат атауы – ақша. Оның негізгі мағынасы – товар өндірісі мен айналысы процесінде барлық товарлардың құнын бейнелеу үшін бөлініп шыққан, жалпы эквивалент (балама) болып табылатын айырықша товар [102, 153 б.]. Келтірілген мысалымызда аталған «ақша» лексемасы бастапқы негізгі мағынасынан ауытқып, мүлде жаңаша сипат алып тұр. Осы заманға лайық «сәлем берудің құралы» ретінде көрініс тауып тұр.

Бұл арада тілдің өзгерісіне байланысты стильде байқалатын өзгешеліктер зерттеу нысаны қаралып отыр. Сөйлеудегі стильдің өзгерісін белгілі бір кезеңмен шектеп, кезеңдерге топтастырып көрсетудің өзі қиындау мәселе. Дегенмен, үлкен уақыт аралығында мұндай өзгерістердің айқынырақ бола түсетіндігі анық. Шартты түрде қазақ ауызекі сөйлеу стиліндегі өзгерістерді немесе сөйлеу актісіне тән өзіндік сөз қолдану, сөйлем құру ерекшеліктерін, нақтырақ айтқанда, айырмашылықтарын ХІХ ғасыр соңындағы немесе ХХ ғасыр басындағы сөйлеу стилі және ХХ ғасырдағы сөйлеу стилі және қазіргі сөйлеу стилі деп жіктеуге де болды. Бұл бағыттағы сөйлеудегі ерекшеліктер дегеніміз – сөйлеуде байқалатын әр кезеңнің сөйлеуіндегі айырмашылықтар. Осы айырмашылықтар негізіндегі қазақ тілінің сөйлеу стилінің кезеңдерін айқындап, ажыратып беру қазақ стилистикасындағы күрделі мәселелердің қатарына жатады.

Сонымен, кезеңнің тілге ықпал етпей қоймайтыны секілді, сөз мағынасынан қатысымдық семантиканың туындауына әр кезеңнің келбеті, қоғамдық құбылыстары әсер етпей қоймайды. Сондықтан қоғамның белгілі бір даму кезеңі тілдің қатысымдық мағынасынан көрініс табады. Бұл қатысымдық семантиканың қоғамдық-тарихи кезең ерекшелігіне байланысты екенін көрсетсе, сонымен қатар қатысымдық мағынаның тарихи тілдік деректерді анықтауға ықпал ететінін де аңғартады:

1) бұл қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың тілге әсері;

2) тұрмыстық лексиканың тілде қолданылу ерекшелігі әлеуметтік жағдайға да байланысты болады. Сондықтан кезең еншісіндегі тілдік тұлғаның танымы, оның сөйлеуіне, сөздерді қатысымдық мағынада жұмсауына әсер етпей қоймайды. Қатысымдық мағынаның туындауына да сөйлеудегі даму кезеңдері әсер етеді деген тұжырым осындай қорытындыдан шығып отыр. Әлеуметтік жағдайдың қандай күйде болуы, ұлт танымының даму деңгейі, қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтар, мәдени даму тілге әсер етеді десек, осы өзгерістердің әсері қатысымдық мағынаның пайда болуына да ықпал етеді.

### 1.3.3 Жеке тілдік тұлға – сөздің коммуникативтік семантикада жұмсалыуына ықпал етуші фактор

Психологияда тұлға биологиялық талаптар мен әлеуметтік және физикалық қоршаулардың өзара негізінде туындайтын тұрақты жүйе ретінде танылады. Ал тұлға жайлы қарапайым түсінікке келер болсақ, жеке тұлға деп жеке индивидтің өмір сүру стилін немесе оның өмірлік проблемаларға қарсы тұру әрекеттерін түсінеміз. Психологияда тұлғаның эмоционалды қасиеті сипатталады, адамның жеке қабілеттері, когнитивтік қасиеттері қарастырылмайды.

Тіл білімінде бұл мәселе – даулы мәселелердің бірі. Себебі терминнің өзі екі түрлі қызмет атқарады:

- 1) тілдік тұлға;
- 2) адамның тілдік моделі.

Тілдік тұлға – экстралингвистикалық факторлармен, яғни гуманитарлық ғылымдармен (әдебиеттану, психология, философия) тығыз байланыста болса, адамның тілдік моделі – нақтылы ғылымдармен, математикамен байланысты. Бұл ұғымның бір нәрсені білдіретіні белгілі алайда талас тудыратын мәселе – олардың атқаратын қызметтерінің, объектісінің көлемін шектеуде. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, тілдік тұлға деп нақты тілді қолданушылардың дифференциалды белгілерінің жиынтығы түсіндіріледі, ал адамның тілдік моделі ретінде осы дифференциалды белгілердің жиынтығымен қоса, энциклопедиялық білім де түсіндіріледі.

Тілдік тұлға жайлы Ю.Карауловтың анықтамасына жүгінсек: «Языковая личность есть личность, выраженная в языке (текстах) и через язык, есть личность, реконструированная в основных своих чертах на базе языковых средств. Это – не сужение или специфика – для личности вообще, а ее углубление, развитие, насыщение дополнительным содержанием» [103].

Ғалымның пікірінше, тілдік тұлға – мәтіндерді өзі жасауға және түсінуге қабілетті адам. Бірақ бұл жерде мәтіндердің өзіндік ерекшеліктеріне де байланысты екенін айта отырып, оның үш түрін атап көрсетеді:

- 1) мәтіннің тілдік құрылымының күрделілігі;
- 2) қоршаған ортаны дәл және терең бейнелеу дәрежесі;
- 3) белгілі бір мақсатқа бағытталған мәтіндер дәрежесі.

Тілдік тұлғаның құрылымы да үш деңгейден, философиялық тұрғыдан тіл, интеллект және қоршаған орта, психологиялық тұрғыдан семантикалық, танымдық және прагматикалық аспектілерден тұрады.

Киім атаулары туралы хабары бар тілдік тұлға да сол киім атаулары туралы білім деңгейі тұрғысынан атауларды қатысымға жұмсауға, сөйлеу актісінде қолдануға ұмтыла отырып, киім атауларынан қатысымдық мағына жасайды.

Сонымен, тілдік тұлға – тұлғаның лингвистикалық, әлеуметтік, интеллектуалдық, этикалық, эмоциялық және т.б. компоненттерінің тілде, сөйлеуде, дискурста, мәтінде жүзеге асырылуы. Тілдік тұлғаның құрамына

тілдік сана мен сана-сезімді, сөйлеу мәдениетін, тіл және ойлау, тіл және қоғам, тіл және мәдениет арасындағы байланысты, сондай-ақ тілдің өмір сүру формаларын және тағы да басқа ұғымдар жиынтығы құрайды. Тілдік тұлғаның құрылымы мынадай қабаттардан тұрады:

а) вербалдық-семантикалық;

ә) әлемнің тілдік бейнесінде қалыптасқан ұғым және идея концептеріне қоса алғанда когнитивтік деңгей;

б) мақсат, мотив, қызығушылық, интенцияларды анықтайтын прагматикалық деңгей.

Жеке тілдік тұлға туралы көзқарастар орыс тіл білімінде В.В. Виноградовтың еңбектерінде көркем шығарма тұрғысынан қарастырылды. Сондай-ақ одан кейінгі зерттеулерде тілдік тұлға әртүрлі аспектілерде жан-жақты қарастырылып жүр. Бұлардың қатарына А.А.Леонтьев, Г.И.Богин, В.П.Нерознак, В.И.Карасик, В.И.Шаховский еңбектерін атауға болады. Ал қазақ тіл білімінде Қ.Жаманбаева дара тұлға концепциясы тұрғысынан зерттесе, бұл саладағы зерттеулер белгілі бір тұлғаға арналуымен ерекшеленіп отыр. Мәселен, Ф.Терекова – Қ.Қ.Жұбановтың, Ф.Қожахметова – Т.Ізтілеуовтың, Ж.Сәткенова – Б.Соқпақбаевтың, А.Жуминова – О.Сүлейменовтың, М.Ниятова – М.Өтемісұлының тілдік тұлғасын прагмастилистика, тілдік бейненің берілу сипаты тұрғыларынан зерттеген.

Ф.Қожахметова: «Тұрмағанбет тілінде заттық мәдениет лексикасына қатысты ұлт өкілдерінің киіну үрдісін сипаттайтын киім-кешек атаулары, әсемдік бұйымдары, жиһаз атаулары, жаугершілікке байланысты лингвомәдени бірліктер т.б. қолданылуының уәждік сипаты Тұрмағанбеттің тілдік тұлғасын сипаттауға өз үлесін қосады» [104, 23 б.] – десе Г.М.Әбікенованың «М. Мағауин шығармаларындағы автор бейнесі мен кейіпкер бейнесінің берілу жолдары» атты диссертациясында тұрмыстық лексикаға қатысты атаулар кейіпкердің портретін берудегі құрал ретінде суреттеледі [105].

Зерттеу жұмысымызда М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында кездесетін тұрмыстық лексика атауларының экстралингвистикалық сипатын ұлттық таныммен бірлікте қарастыруды мақсат етеміз: антропоцентристік бағытты негізге ала отырып, роман-эпопеядағы кездесетін бұл атаулардың қолданылу уәжіне баса көңіл аудару, сол арқылы қаламгердің тілдік тұлғасын, көзқарасын, әлемді тану ерекшелігін, жалпы дүниетанымын көрсету.

Сонымен жеке тілдік тұлға мәтінде танымдық және эмоциялық қарым-қатынастың бірлігі ретінде танылады. Оның бірнеше қасиеттері бар: біріншіден, тілдік тұлға – рухани-мәдени бірлік. Яғни ол бастау негізін тереңнен алады; екіншіден, тілдік тұлға өзін таныта алады және ол арқылы басқа да ұлттық-мәдени құндылықтар айқындалады.

Тұрмыстық лексиканың мәні де осы ұлттық-мәдени құндылықтардың қатарын құрап, тұрмыстық атауларға, оның ішінде, киім атауларына байланысты тілдік танымнан, сол атаулардың қолданылу, мағынасының өзгеру, тілдік мақсаттарды жүзеге асыра алу мүмкіндіктерінен дерек береді. Тұрмыстық лексикалық бірліктерді аталымдық әрі қатысымдық мағынада

жұмсаудың мәні мен мақсаты тілдік таныммен, мәдени құндылықтар дүниесіндегі орнымен байланысты.

Тілге қатысымдық тұрғыдан талдау жасағанда жеке тілдік тұлға бағытын ұстану мынадай екі негізгі мәселені шешуге негіз болады: а) жеке адамның сыртқы дүниені қабылдауының тілдік көрінісі; ә) жеке адамның уәждемесі мен мақсатының жүзеге асуының тілдік құралы.

Жеке тілдік тұлға – сөйлеу актісінің қалыптасуының, пайда болуының негізі. Ол сөйлесім мазмұнында көрініс табады. Бұл тұрғыда Э.Бенвенист: «Сөйлеу актісін қалыптастыратын, тіл бірлігін қарым-қатынас құралына айналдыратын тілдің субъективтік белгісі», – деп есептейді [106].

Сонымен қатар тілдік жеке тұлға сөйлесімнің дүниеге келуіне де ықпал етеді. Және оның мазмұн жағынан толығына сөйлеушінің білім қорының, тәжірибесінің өзіндік әсері бар. Қазақ тіл білімінде М.Балақаев: «Тілдің талғам тетігі, коммуникативті қызметі әр алуан адам ойын, сана-сезімін, білдірумен ұштасып жатады. Жалпы білімі, мәдениеті жоғары адам ана тілінің мәдениетіне қанық болуы тиіс», – деп атап көрсетеді [107].

Бұл арада психологияда берілетін «әр адам – индивид» деген аксиоманы ескеру қажет. Әр адам тілдің қолданушысы ретінде тек психикасы жағынан дара болып қана шектелмейді, ол оның барлық іс-әрекеті мен сөйлеу әрекетіне ықпал етіп, тілдік ерекшелігіне таңба салады.

Ал осы тұжырымдарды қатысымдық семантиканың туындауымен байланыста қарастырсақ, әр тілдік тұлға өз таным-түсінігі мен білімі, өмірлік тәжірибесі деңгейінде сөзді қолдану шеберлігіне ие болып, әр деңгейдегі қатысымдық семантиканы тудырады. Сондықтан қатысымдық семантиканың туындауына әсер ететін бірден-бір маңызды фактор – тілді қолданушы сөзді қатысым мақсатына сай мағынада жұмсаушы жеке тілдік тұлға. Осы орайда сөздің қатысымдық мағынада жұмсалысын тілді қолданушылар ретінде жазушылар, жазба тілді қолданушылар тілінен іздеудің өзіндік негізі бар.

Сондықтан қатысымдық семантиканың басты тірегі – қатысымдық тұлғалар. Қатысымдық тұлғаларды жеке тұлғалар мәселесімен шатастыруға болмайды. Жеке тұлға – қатысымға түсуші, тілді қолданушы субъект. Тұлға терминіне байланысты бұл арада екі түрлі түсініктің барлығын, оның екеуі де қатысымдық семантикаға өз дәрежесінде тілдік және тілден тыс факторлар ретінде қатысы барлығын айтып өтпеске болмайды.

Тіл білімінде қатысымдық тұлғалар терминінің екінші қолданысы – сөз семантикасының жұмсалымына әсер етуші тікелей тілдік бірліктер. Зерттеу еңбектерде бұл бірліктерді де қатысымдық тұлғалар ретінде қарастырып жүр. Тіл білімінде бұл мәселе нақтылы шешімін таппай, түрліше қарастырылуда. Қатысымдық семантиканың тілдегі көрінісі осы тілдік бірліктер тобымен байланысты болғандықтан, олардың да өзіндік ерекшеліктері мен сөздің қатысымдық семантикасын тудырудағы, оның жұмсалымын қамтамасыз етудегі мүмкіндіктеріне тоқталған орынды.

Соған орай, қатысымдық тұлғалар жайлы лингвистер көзқарастары әрқилы. Әр ғалым қатысымдық тұлғаларға әртүрлі тілдік бірліктер құрамын

жатқызып, әр түрлі қырынан қарастырады. Көпшілік зерттеушілер қатысымдық тұлғалардың негізі етіп айтылымды, сөйлемді, поэтикалық жолдарды атайды. А.А. Киселова қатысымдық тұлғаларды 4 түрге бөліп көрсетеді:

- 1) жай және құрмалас сөйлем;
- 2) фразадан үстем тұтастық (сверхфразовое единство) және абзац;
- 3) фразадан үстем тұтастықтан үлкен бірліктердің құрылымы;
- 4) абзац және мәтін.

М.Я.Блохтың топтастыруы бойынша, қатысымдық тұлғаларға бірінші кезекте сөйлемді, ал екінші кезекте диктеманы (сөйлемдер бірлігін) жатқызады.

В.А.Кухаренко, З.А.Тураева және басқалар мәтінді негізгі қатысымдық тұлға ретінде санап, қатысымдық мағынаның ашылу, айқындалу лабораториясы мәтінмен байланысты екендігін көрсетеді [108].

Расында, қатысымдық мағынаның мағыналық негізгі қызметі сол мәтінмен біртұтас, сол мәтін ішіндегі қолданылу мақсатына қатысты. Сондықтан да ол негізгі мағынасында жұмсалмайды, қатысымдық мағынаға ие болады. Мәтінсіз қатысымдық мағынаның өмір сүруі де мүмкін емес.

Қазақ тіл білімінде тілдік тұлғалар мен қатысымдық тұлғалардың басты ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ғалым Ф.Ш.Оразбаева талдап көрсетеді: «Тілдік тұлға мен қатысымдық тұлғалардың басты айырмашылығы – олардың атқаратын қызметі мен қолданылу өрісіне байланысты.

Тілдік тұлғалар – адамзат тілінің жасалуы мен өмір сүруіне қызмет ететін, сөйлеу мүшелеріне (дыбыстау мүшелеріне) тікелей тәуелді, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қасиеттерге ие болатын, таңбалық сипаты бар тілдің құрылымдық бірліктері. Қатысымдық тұлғалар – тіл арқылы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, белгілі бір орта мен араласу жағдайында жүзеге асатын, тиянақты ойды хабарлау және қабылдау қасиеті бар, ерекше деңгейге көтерілген тілдік тұлғалардың қатысынан тұратын, қарым-қатынастық мәні бар бірліктер», – дей келе, олардың басты қасиеттерін былайша бөліп көрсетеді:

- 1) сана мен ойға қатысты мазмұнның тиянақтылығы;
- 2) баяндау ғана емес, хабарлау жеткізу қасиетіне ие болуы;
- 3) ми жүйесі арқылы қабылдануы;
- 4) белгілі жағдайға, ортаға байланысты жұмсалыуы;
- 5) тіл мен сөйлесімге байланысты қарым-қатынаста қызмет атқаруы [39, 25 б.].

Ғалымның көрсеткен белгілеріне мән берсек, қатысымдық мағына, қатысымдық тұлғалар мәселесі олардың қатысымдық тұлғаға айналуына ықпал ететін лингвистикалық, психолінгвистикалық, экстралингвистикалық, тілдік тұлға мен тіл арасындағы байланыстық үрдістер аясынан қарастырып, қатысымдық тұлғалардың басты табиғатын тануға жол салған.

Қатысымдық тұлғалардың ішіндегі ең бастысы – сөз. Бұл тілдік бірлікті екі түрлі деңгейде: тілдік деңгейде және сөйлеу деңгейінде қарастыруға ұмтылыс жасалды. Сөз өз бойында барлық тілдік қасиеттерді қамтиды: аталымдық, сигнификаттық, қатысымдық, прагматикалық т.б. Басты назар аударылған

мәселе – бір құбылыстың тілде және сөйлеуде көрініп, қолданылатын маңызды қасиеттерінің бөлінуі. Көптеген лингвистер сөзді тілдік бірлік ретінде және сөйлеудің бірлігі ретінде бөліп қарастыруды айтады.

Сөзді бұлай екі деңгейде қолданылатын бірлік ретінде жақынырақ қарастырған ғалымдардың бірі – В.В.Виноградов. Бұл мәселені зерттеуші былайша тұжырымдайды: «Вне зависимости от его данного употребления слово присутствует в сознании со всеми значениями со скрытыми и возможными готовыми, но первому поводу всплыто на поверхность но, конечно то или иное значение слово реализуется и определяется контекстом его употреблении» [109, 241 б.].

Сөздің тілдегі негізгі белгісі – таңбалық қасиет, яғни сөз заттар, құбылыстар жайлы жалпылық сипатқа ие бола отырып, аталымдық сипат алады, ал оның мағынасы оның қорытындысы іспетті.

Қатысымдық актіде сөз бір мезгілде әрі аталымдық, әрі қатысымдық бірлік ретінде танылады. Бірақ қарым-қатынас үрдісі үшін қатысымдық актінің маңызы зор. Сөз сөйлеу тілінде бүтін бірліктің – айтылымның бірлігі бола отырып, сол арқылы мәтіннің, диалогтың құраушы бөліктерінің бірі бола алады. Айтылым құрамында сөз өзінің міндетті жалпылық қасиетін жоғалтып, айтылым білдіретін нақты жеке заттың бейнесі ретінде көрініс табады. Бұл тұрғыда А.А.Брудныйдың пікірі өзгеше. Ол тілдің таңбалық мағынасын коммуниканттарға таныс болған жағдайда еш хабар бола алмайтынын айтады. Екінші жағынан сөздің нақтылы тілдесім барысында сөз мағынасының «басы артықшылығын» (избыточность) айтады. Бұл жерде «басы артықшылық» деп логикалық мазмұндағы қосымша мәндерді түсінеді [110, 98 б.].

Сөйтіп, тіл – таңбалар мен мағыналардың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын тұрақты жүйесі. Әр кезеңнің өкілдері сөзді аталымдық, жалпыланған мағынасы арқылы тани алады. Осы аталымдық және жалпыланған мағынасы арқылы сөз өзінің тілдегі орны мен этимологиясын, сөзжасамдық қасиеттерін, элемент ретіндегі тілдік бірліктердің өзгермелі қолданысын сақтап, кірігіп ұмытылып, зерттеліп айқындалып, әртүрлі кезеңдерді тіл құрамында басынан кешіреді. Бұл, әрине, бір жағы ұзақ та күрделі, синхрондық жағдайы, коммуникативті қатысымдық қолданысы жағынан байқала бермейтін өзекті үрдіс.

Сонымен, сөз – ең негізгі қатысымдық тұлға. Сөйлеу процесіндегі сөздің ерекшелігі – ол объективтік шындыққа, өмірге байланысты ұғымдарды сананың қабылдауы нәтижесінде ойды бейнелейді. Сонымен қатар іс-әрекет жүріп жатқан ортаның әсерін, адамның көңіл-күйін де қоса білдіреді. Тілдік қарым-қатынаста жұмсалатын сөздің бірнеше қасиеттері бар:

1. сөз адам санасында бейнеленген ұғымның жарыққа шығуын қамтамасыз етеді;
2. сөз басқа қатысымдық тұлғалардың жасалуына ұйтқы болады;
3. сөз өмір шындығын нақты мағына арқылы түсіндіре келіп, адам ойының екінші біреуге жеткізілуіне әсерін тигізеді;

4. сөз адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыруға негіз болады [39, 29 б.].

Соңғы уақыттағы семантикалық зерттеулерде сөздің қарым-қатынастағы қызметі арқылы оны тілдің символы ретінде тану түсінігі жиі байқалады. Бұл тұрғыда В.Гумбольдтің төмендегі пікірі бұл түсінікті нақтылай түседі: «...в действительности язык всегда развивается только в обществе, и человек понимает себя постольку, поскольку опытом установлено, что его слова понятны также и другим» [111]. Осы мәселе жайлы XVII ғ. неміс философы И.Г.Гердердің пікірі де сөз табиғатын ашуға өзек бола алады. Ол сөздің ең бірінші қызметі – адам ойын басқаларға жеткізу, диалог құрау, басқалар үшін хабар бола алу деп таниды. «... первый признак, который я воспринимаю, является признаком для меня и словом-сообщением для других» [112].

*Саптама мен тиін ішікті әлі тастамаған Абай бұл үйде тоңазитын емес. Биылғы көктемде алғашқы рет **куіз үйге** қонғалы отырғаны осы. Мұнда бір жеңіл салқындық, кең тыныс бар. Көктемдегі **куіз үй** Абайға арқашан таңсық болатын [1, 124 б.].*

Берілген сөйлемдегі тұрмыстық лексика атауының тілдік қарым-қатынасқа түспей тұрғандағы мағынасы – баспана атауы. Ал оның контексте, қатысымда білдіретін мағынасы – «таңсықтық», «ерекше қызығушылық».

*Сенделумен тынысы тарылған сан малышы-малай, енді осы кеште өзді-өзінің байларына, **ақ үйлерге** қарай қадам басты [3, 126 б.].*

Бұл сөйлемдегі баспана атауы бай-болыстар, билер баспанасы болуымен ерекшеленеді. Яғни жоғарыда көрсетілген негізгі мағынасына қосымша үстеме мағынаға ие болып отыр.

Аталған лексема өзінің негізгі лексикалық мағынасымен қатар тілдік қарым-қатынас барысында жоғарыда көрсетілген қосымша мағыналық реңктерге ие.

Сонымен сөз – қарым-қатынас барысында бір мезгілде әрі аталымдық, әрі қатысымдық тұлға ретінде танылады. Қатысымдық тұлға ретінде сөз қарым-қатынас жасаудың, адамдардың өзара түсінісуіне, пікір алысуына негіз болады, яғни аталымдық қызметпен ғана шектелмейді, сонымен бірге ойды жеткізудің құралы болып табылады. Бұл сипаты басқа да қатысымдық тұлғалармен байланыста анық көрінеді. Тұжырымымызды көрнекті ғалым Э.Д.Сүлейменованың пікірімен түйіндесек: «слову как номинативному знаку придаются значения, формируемые в рамках высказывания или текста. Поэтому для адекватной характеристики номинативных свойств словесных знаков их необходимо рассматривать непосредственно в процессе функционирования в рамках реальных коммуникативных единиц (высказывания, текст)» [113, 19 б.].

Демек, сөздің сөз ретіндегі қолданыстағы мағынасы оның мәтін ішіндегі атқарып тұрған қызметіне, жұмсалып тұрған мақсатына, таңдап алынып тұрған реңкіне біртұтас тәуелді. Мұны қай жағынан болсын қарастыруға ұмтылатын зерттеулер нәтижесі де, сол зерттеулер нәтижесінде түйінделген белгілі ғалымдардың пікірлері де дәлелдеп отыр.

Келесі қатысымдық бірлік – сөйлем. Сөйлем – тілдік қарым-қатынастың жүзеге асуында өзіндік орны бар қатысымдық тұлға. Бұл қатысымдық тұлға арқылы адамдар бір-бірімен пікір алысып, ой бөлісе алады. Сондай-ақ сөйлем басқа да қатысымдық тұлғалармен тікелей байланыста, яғни, ең алдымен, мәтіннің негізгі құраушы элементтерінің бірі болып табылады.

*Үйге Мәкіштің өзі құрбылас ақ қызыл жүзді, сұңғақ бойлы келіншек кірді. Оқа жаға салған, қара мақпал камзолы бар, самал шашы майланып, жылтырай таралған келісті келіншек дастархан жайып, қонақтарға арналған таңертеңгі асты жасауға кірісті [4, 8 б.].*

Бұл мысалда келтірілген *қара мақпал камзол* тек киім атауы ғана емес, адам образын берудегі маңызды құрал.

Қатысымдық тұлғалардың маңыздылығын, әсіресе фразеологизмдердің ерекшелігін тілші-ғалым Г.Н.Смағұлова былайша түсіндіреді: «Тіл білімінде тілдік единицаның бізге белгілі түрлерінен басқа (фонетикалық, лексикалық, синтаксистік) мәтін мен сөйлемге қатысты коммуникативтік единица бар. Осы коммуникативтік единица арқылы сөйлеуші мен тыңдаушы байланысы анықталады, тілдік қарым-қатынас және образдың қабылдануы жүзеге асырылады. Тілдік единицадағы жалпылама ұғым, коммуникативтік единицалардың көмегімен нақтылы ұғым мен ойды жеткізуі арқылы тұтас мазмұндық қасиетке ие болады. Мұның ішінде фразеологизмдердің атқаратын рөлі ерекше. Мәтіндегі сөз, сөз тіркестерімен қатар фразеологиялық тұлғалар да коммуникативтік единицалардың негізін құрайды. Сөйлемдегі тұтас мазмұндық қасиет образды тұрақты тіркестер арқылы әрі олардың мағыналас түрлерінің коммуникациялық единицаларының қызметімен нақтыланады» [114, 47 б.].

*Оразбай Абайға қосылып күліп қалған көп жұрттың үнін естіп, алдебір сертті ішінен айтып кете барды. Сәмен жастау, ызасы қатты буып жүрген, Оразбайдың анық қанды көйлек, қарашоқпар сыңары болатын [2, 202 б.].*

Сөйлемдегі жазушы қолданып отырған тұрмыстық лексика атауы арқылы роман-эпопеядағы жағымсыз кейіпкер Оразбайға сай Сәменнің бейнесін ашуда орынды қолданылып, «оңбаған», «жауыз» адам образы беріліп отыр. Бұл тіркес жайлы Е.Жанпейісовтің еңбегінде «қанды көйлек сыңары, майдандас, жортуылдас серігі» деп түсініктеме беріледі [115, 110 б.].

Коммуникативтік семантикадағы ерекше орын алатын басты қатысымдық тұлғалардың бірі – мәтін. Мәтіннің негізгі қатысымдық тұлға екендігіне жоғарыда В.А.Кухаренко мен З.А.Тураеваның пікірлерін келтіре отырып та тоқталып өткенбіз. Ал, Г.В.Колшанский мәтінді қатысымдық тұлға ретінде тануды былайша түсіндіреді: «В настоящее время необходимо признать тот факт, что исходным пунктом как в реальном функционировании, так и в лингвистическом исследовании является та языковая единица, которая выступает в коммуникации как относительно завершённый отрезок общения, как единица, структурированная и организованная по определённым правилам, несущая когнитивную, информационную, психологическую и социальную нагрузку общения. Этой единицей является текст» [116, 89 б.].



Ф.Ш.Оразбаева: мәтін – ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға – деп атап көрсетеді [39, 25 б.].

Ал бірқатар лингвистер мәтінмен қатар «контекст» терминін қолданады. Контекст – латынның «қосылу, байланысу» деген мағынадағы сөзі, тілдік тұлғалардың мағынасын айқындайтын сөздік орта.

Зерттеуші Х.Нұрмұхановтың айтуынша: сөздің мағынасы, сыр-сипаты ойды жарыққа шығарудағы қызметі, алдымен оның қолданылуына байланысты танылады. Ал бұл үшін оған лайықты өріс-орта керек, сонда ғана ол потенциалды мүмкіндікке сай қызмет ете алады. Міне, мұндай өріс-ортаның аты – контекст. Контекст – мағынаны не мазмұнды дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін сөз жұбынан бастап бір немесе бірнеше сөйлем не тұтас абзац, период, шығарма мәтініне байланысты қолданылатын термин [117, 14 б.].

Ал М.Оразов контекстің маңызын былайша түсіндіреді: «контекстің қызметі сөз мағынасын тиянақтау, көп мағыналы сөздің бір мағынада қолданылуына жағдай жасаса, сөздердің тілдік системадағы орны сөздердің дұрыс қолданылуына (сөйлеушінің не жазушының мақсатына байланысты) мүмкіндік жасайды» [19, 168 б.].

Контекст ұғымын жан-жақты талдап, маңызды белгілері мен ерекшеліктерін танытқан ғалым Ж.Жакуповтың пікіріне тоқталсақ: «...контекст тілдік единицалардың құрылымдық мағынасын айқындауға тиіс. Оның қызметі – қарым-қатынасқа қажетті, тілден тыс ақпаратты бейнелеу мен жеткізуге қажетті мағынаны актуалдандыру, мәндендіру, қарым-қатынасқа түсіру, іске қосу. Контекст қарым-қатынастың ерекше құбылысы ретінде тілдік құралдар мен сөйлеу құралдарын біріктіреді, олардың қолданылуы мен бейнеленуін қамтамасыз етеді. Контексте осы тұрғыдан келу мынадай маңызды құбылыстарды айқындауға жол ашады: контексте әсер ететін бірліктер, контекст құрылымы мен тілдік единицалардың қатынасы, лексика-семантикалық және семантика-синтаксистік контекстер, единицаларды қолдану мен түзу контексті және тілден тыс ақпараттарды жеткізу контексті». Сонымен қатар ғалым тілдік единица мен контекстің байланысын былайша түсіндіреді: тіл единицасы контексте түсіп, оның бөлігіне айналады да контекст элементі ретінде оның басқа да элементтері мен бірге тілдік жүйені, іске асырып, нақты ойды жеткізеді, яғни тілдік единицалармен контекст өзара тығыз байланыста болады. Контексте бұрын бар единицалар мен оның мағынасы қызметке кірістіріледі, сондай-ақ жаңа единица, жаңа мағына пайда болуы мүмкін», – дей келе контексте мынадай анықтама береді: контекст деп мәнге ие болу арқылы тілдің барлық деңгейіне тән единицалардың мағына, мазмұнын жүзеге асатын бірлік орта, аяны айтуға болады. Контекст тілдік единицалардың мағынасын жүзеге асырудың және туындатудың шарты ғана емес, ол нақты ой мен тілден тыс ақпаратты бейнелеу мен жеткізудің құралы. Сондықтан контексті коммуникативтік единица ретінде таныған жөн», – деп тұжырым жасайды [118, 19-20 бб.].

Қатысымдық тұлға ретінде контекстің ерекшелігі оның сөзбен қатынасынан көрінеді. Бұл мәселе жайында лингвистикада үш түрлі көзқарас қалыптасқан:

1) сөз қатысымдық тұлға ретінде контексте, айтылымда, мәтінде ғана жүзеге асады;

2) сөз айтылым семантикасында айтулы роль атқарады;

3) сөз және контекст бір-біріне өзара әсер етеді.

Бірінші көзқарастың өкілі Г.В.Колшанскийдің пікірінше, сөз және оның мағынасының жүзеге асуы тек қана айтылым шеңберінде болуы тиіс десе [116, 51-63 бб.], Н.И.Жинкин мынадай қорытынды жасайды: «слов вне предложения нет, как отдельных звуков вне слога, слово должно раньше «побывать» в предложениях, для того чтобы «отдать» ему значение. Иначе оно останется пустым слогосочетанием» және әрі қарай «обычно считается что отдельные слова имеют значения. Если это так, то целое высказывание не имеет своего значения т.к. слова не адекватны, хотя высказывание состоит из слов» [119]. Ғалым сөйлемнен тыс сөз мағынасының және оның дербестігінің жоқтығын дәлелдеуге тырысады, бірақ «сөйлемге мағына беру үшін міндетті түрде одан бұрын енуі керек» деген ойларымен өзіне-өзі қарсы шығады. Сөз бір нәрсе жайлы хабар беріп тұрса, ол әрине оның білдірер мағынасы.

Демек, мәтін және контекст – әртүрлі ұғым болғанымен, қатысымдық тұлғаларды қарастыру барысында бір түсінік, бір зерттеу нысаны ретінде танылатын ұғымдар, әртүрлі ұғымдар болғанның өзінде табиғаты жағынан қатысымдық тұлғалардың қасиеттерін бірі екіншісі ашып отыратын тілдік нысан. Екеуі де мәтіндік аяда ұғынылатын, тіпті ең кіші тілдік бірлік ретінде сөйлем, сөз тіркесі аясында қабылданатын қатысымдық тұлғалар ретінде таныла алады.

Сонымен, контекст – сөз мағынасының актуалдануына, яғни қатысымдық мағынаның тууына себепші бірден-бір фактор. Ойымызды Ч.Филлмор пікірімен түйіндесек: «Между значением выражения и тем смыслом, который вкладывает в него говорящий, может быть существенная разница. Это зависит от контекста. Контекст может сказать о возможном, подразумеваемом смысле выражения.

Контекст сам по себе не формирует значение слов, но в контексте реализуется и актуализируется лексическое значения [120, с. 186-187].

*Абай бұл уақытта бала сияқты емес. Жас бозбалаша киінген. Қара мақпалмен тыстаған түлкі тымағы бар. Үлкендер пұшпақ тымақ кесе, соңғы жылдарда бозбаланың көбі осындай түлкі тымаққа ауысқан еді. Үстінде тиін ішіктің сыртынан киілген, жағасы қайырма қара барқыт қаптал шапаны бар. Құла түсті ықшам тігілген шапан. Аса ұзын жең емес. Кең қолтық, ұзын жең үлгіні осы Қарқаралы қазағы ғана киеді. Олардың жағасы да Тобықты үлгісінен басқаша, Тобықты тымағы Қарқаралынікіндей төрт сай емес, алты сай болатын. Абайдың кигені өз елінің тымағы. Белінде кісе белдік емес, жасыл түсті кәріс белбеу. Бұ да – анық бозбаланың белгісі [1, 89 б.].*

Бұл мәнмәтінде келтірілген кейіпкердің киімдері «бозбалаға» тән басты белгілерді ашуға жұмсалып, қатысымдық қызмет атқарып тұр.

Мәселен, «бөрік» сөзінің контексте қолдануына мысал келтіре кетсек:

...Сонда да қайтпаған Серкені көп ішінде, ұлықтың үйіне кірер жерде Әшірбайдың Оспаны деген бір бұзық Тобықты байқалмай қағылған боп, желкеден қойып жіберіп, *басындағы бөркін ұшырып* түсіреді. (Бұның бәрі көп иттің, өңшең бөріаланың жабылғаны сияқты, үргені сияқты нәрселер) [2, 162 б.].

Бұл контексте автор екі топ арасындағы өштестікті баяндайтын сюжетте және оқиғаның шешімін беруде киім атауын нысанға ала отырып, оқырманына сәтті жеткізіп отыр. Контекстің мазмұнында берілгендей, жай ғана қақтығысты суреттеуде «басындағы бөркін ұшыру» тіркестері арқылы қатысымдық ситуацияны бейнелейді. Сонымен, бұл жердегі бас киім атауы нақтылы коммуникациядағы ойдың жеткізілуіне себепші болып отыр. Ол өзінің атауыштық қызметімен қатар басқа сөздермен тіркеске түсу арқылы «кек алушы», «жазалаушы» адам семаларының актуалдануына негіз болып тұр.

*Абайға ауылдан шығар кезде Зере, Айғыз сондай киімдерді әзірлетіп ұсынған-ды. Кәрі әже әншейінде Абайдың дегеніне көне берсе де, бұл тұста ырық бермей, қатты бұйрық еткен:*

*- Ата-бабаң жолы осы! Барған елің сені кінәламайды. «Әкесі – күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізді.*

*Абай сол күні өзінің өзгеше қалпын бақсы-құнаштай көрген. Өз ауылдарынан шығысымен, Ұлжанға кеп:*

*- Япырау, мен күйеу болсам, Бошанға күйеумін, Тобықтыға, Тарақтыға күйеу емес ем зой. Жолдағы елдің бәріне мен күйеу деп, жынды кісіше жар шақыратыным не? Рұқсат етіңіз, барар жерде киейін, әзірше өз киіміммен барамын! – деген.*

*Ұлжан мұны теріс көрсе де көнген-ді. Сол жаңағы бақсы мен салға ұқсататын күйеу киімін әлі кимеген. Үкілі тымақ, қызыл шапан қоржында [1, 196 б.]*

Автор бұл мәтінде оқыған, көзі ашық, есейген бозбаланың өз елінің салт-дәстүрі жайлы өзіндік көзқарасын жеткізіп отыр. Оқиға мазмұнының берілуінде киім атауларының маңызы ерекше. Олар қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің хабаршысы.

Талданған мысалдар негізінде көз жеткізгеніміздей, сөз мағынасын қатысымдық аспектіде қарастыруда қатысымдық тұлғалардың маңызы ерекше.

Сонымен, сөз, сөйлем, фразеологиялық тіркестер, мәтін өзара бірлікте келіп, тілдің барлық коммуникативтік қызметін ортақтаса атқаратын тілдік бірліктер. Қатысымдық бірліктер мен тілдік тұлғалар арқылы адамдар қарым-қатынасы жүзеге асып, өзара түсінісіп, пікірлесе алады. Қатысымдық тұлғалар арқылы сөйлеуші мен тыңдаушы пікірі анықталады, тілдік қарым-қатынас және оның қабылдануы жүзеге асырылады. Мағынадағы жалпылама ұғым

қатысымдық тұлғалардың көмегімен, нақтылы ұғыммен ойды жеткізуі арқылы тұтас мазмұндық қасиетке ие болады

## 2 ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІ МЕН ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚОЛДАНЫСЫ

### 2.1 Тұрмыстық лексиканың макрокомпоненттері

Тілді халықтың тарихи қоймасы деп айтқанда, ең алдымен ескерілетін мәселе – халық өмірінде болатын барлық өзгерістерді өз бойына жинап, бекітіп отыратын лексика саласы. Бұл жөнінде К.М.Мусаев: «Ни фонетика, ни грамматика языка не может показать нам условия жизни народа так полно как лексика», – дейді [121, 12 б.].

Кез келген заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оның табиғатынан хабар береді. Ал, тану немесе анықтау белгілі бір халықтың тарихи даму жағдайы аясында іске асатындықтан, ол тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты әртүрлі болады. Әр алуан ұжым бір затты өзінің күнделікті тәжірибесінде кездесіп, қолданылатыны жағынан өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратыны белгілі. Яғни, атау беруде өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі, тәжірибесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әртүрлі заттар түрінде тілде таңбаланып, бейнеленеді. Тұрмыстық лексикадағы киім атауларын зерттей келе, бұл ұғымдардың қатысым шеңберінің аясында көпмағыналық сипат алып отырғанына көз жеткіземіз.

Қашанда өмірдің сан қилы саласындағы құбылыстардың бәрі де тілдің сөздік қорына ықпал етіп, іздерін тастап, сол оқиғаларға байланысты атауларды куә етіп қалдырып отырады. Сондықтан да әр халықтың өз тұрмысы мен мәдениетінің, оның материалдық және рухани қазынасының айнасы саналатын тілдің сөздік қорының элементтерін, өзара қарым-қатынасын, ондағы ауыс-түйіс негізінде болатын өзгерістерді жан-жақты зерттеп, анықтаудың теориялық та, практикалық та мәні зор.

Халықтың тарихындағы сан қилы факторлардың тілге тигізер әсері де әртүрлі болып келеді. Қоғам өміріндегі оқиғалар тілдің морфология, синтаксис, фонетика салаларына жанамалап барып ықпал етсе, тілдің лексикалық саласына тура, тікелей әсер етіп отырады.

Адамзат баласы өзінің күнделікті өмірінде тіршілік көзіне айналған жан-жануар, аң-құс, өсімдік атауларын және олардан алынатын өнім атауларын, яғни күнделікті қажетті заттар атауларын олардың негізгі беретін ұғымына байланысты топтастырып, қолдана білген. Сондықтан ғалымдар сөз мағынасын таным теориясы тұрғысынан да, тіл теориясы тұрғысынан да бағалап, талдаған.

Сөз мағынасы – өте күрделі құбылыс. Оның ерекше құрылымдық жүйе екендігі, маңыздылығы түркі тіл білімінде 60-шы жылдарда ғана зерттеу нысанына айналды. Бұған дәлел ретінде Н.К.Дмитриевтің «Строй тюркских языков» деген еңбегін атауға болады [122].

Сөз мағынасын жүйелі де, жан-жақты зерттеу – бүгінгі күннің басты талабы. Бұның теориялық әрі практикалық маңызы өте зор. Сондықтан жұмыста сөз мағынасын қатысымдық тұрғыдан қарастырудағы басты

мәселелердің бірі – мағынаның құрылымы, яғни мағынаның қандай компоненттерден тұратындығы басты назарға алынды.

Ғалымдар арасында ұзақ уақыт бойы сөз мағынасы бөлінбейтін бірлік ретінде танылып келді. Алайда көптеген семантикалық және психолингвистикалық зерттеулер нәтижесі бұл көзқарастың қате екенін дәлелдеп берді. Аталған зерттеулер семасиологияда «сөздің семантикалық құрылымы» деген терминнің қалыптасуына ықпал етті. А.А.Леонтьев сөз мағынасы мағыналық компоненттердің жиынтығы ғана емес, ол – процесс, психологиялық феномен – деп түсіндіреді [123]. Сөйтіп ғалым осы ойларымен психолингвистиканың негізін салды. Зерттеушінің пікірін Л.С.Выготский де жалғастырды: «Значение не есть сумма всех тех психологических операций, которые стоят за словом. Значение есть нечто значительно более определенное – это внутренняя структура знаковой операции. Это то, что лежит между мыслью и словом [124]. Ғалымның пікіріне сүйенсек, мағына – ойдан оны таңбалаушы тілдік таңбаға апаратын жол. Мағына бойында оны құрайтын ерекше компоненттер болады.

Сөз мағынасының құрамында объективті дүниедегі заттардың бейнесі, адам ойының қызметі негізінде жасалынған, дерексізденген бейнемен бірге тіл заңдылықтарымен байланысты қалыптасқан мағыналық реңктер де бар. Киім атаулары өздерінің мазмұнына, беретін мән-мағынасына орай бірнеше ірі және шағын құрылымдарға бөлінеді. Тілші-ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, қазақ тіліндегі тұрмыстық лексика атауларының ірі құрылымы зерттеу жұмысында былайша сараланды:

- 1) тұрмыстық лексиканың денотаттық компоненттері;
- 2) тұрмыстық лексиканың сигнификаттық компоненттері;
- 3) тұрмыстық лексиканың коннататтық компоненттері;

*Тұрмыстық лексиканың денотаттық компоненттері.*

Лексикалық мағынаның бұл компоненттерін әр зерттеуші түрліше түсіндіріп, әртүрлі атайды. Мәселен, Д.Э.Розенталь мен М.А.Теленковалар былайша түсіндіреді: «Денотат – латынның *denotare* белгілеу, білдіру сөзінен, белгілі бір сөз білдіретін объектив дүниедегі зат не құбылыстар», – десе [125, 66 б.], И.А.Стернин: «Денотат дегеніміз, ол – белгілі бір сөзді айтқанда ойымызға келетін зат не оның белгілері» деп түсіндіреді [34, 45 б.]. М.Оразов денотаттық мағынаның таным теориясымен өте тығыз байланыста екенін баса көрсетіп, оның адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызатын қасиеттері ғана денотаттық мағына жасай алады деп тұжырым жасаса [19, 77 б.], Э.Д.Сүлейменова: «Денотаттық мағына – шындық болмыстағы заттардың адам танымының нәтижесінде жүзеге асырылған таңбаланған қасиеттері, белгілері», – дейді [113, 36 б.].

Ал Ғ.Хасанов жоғарыдағы ғалымдар пікірлерін саралай отырып, «денотаттық дегеніміз – тілдік жүйенің құралдарымен көрінетін зат не құбылыспен заттық қатармен байланыс немесе заттық категориямен қатынас» – деп түсіндіреді [40, 75 б.].

Сонымен қазіргі семасиологияда «денотат» ұғымының мағынасы өте кең әрі күрделі. Бұл «денотат» терминінің өзінің бір мағынамен шектелмеуімен байланысты. Сондықтан да кейбір ғалымдар оны «референт» ұғымымен теңестіреді. Мысалы, Т.П. Ломтев денотатты нақтылы ғана емес, жалпыланған, сериялы, нақты зат ретінде түсіндіреді [126].

Б.Қалиев, А.Жылқыбаева денотатты – заттық мағына, сигнификатты-ұғымдық мағына, коннотатты – сезімдік мағына деп атап, оларды былайша түсіндіреді: «ұғымдық мағына дегеніміз – нақтылы заттан қол үзген мағына, яғни зат туралы ұғымның жалпыланған, дерексіз, елеулі, мәнді, негізгі белгілерін ғана қамтитын мағына. Сөздер нақтылы зат туралы деректі ой білдірсе, ол – заттық мағына. Керісінше, сөз, зат, құбылыс туралы жалпы дерексіз ой білдірсе, ол – ұғымдық мағына. Сондықтан ұғымдық мағына заттың түйсік туғызбайтын белгілері арқылы жасалса, заттық мағына адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызатын белгілері мен қасиеттері арқылы жасалып, екеуінің бірігіп келуі нәтижесінде сөздің лексикалық мағынасының негізін қалайды. Олай болатын себебі: денотаттық мағына сөз мағынасындағы зат, құбылыс туралы ұғымның негізгі, басты, елеулі белгілері арқылы қалыптасады. Айырмашылығы – заттық мағына зат пен құбылыстың заттық жағын, ұғымдық мағына ұғымдық жағын белгілейді» [127, 43-44 бб.]. М.С.Атабаева аталған компонент жайында: «Денотаттық мағына шындық әлеміндегі заттар мен құбылыстарға ең жақын келетін, олардың адам санасындағы жалпыланған бейнесі, лексикалық мағынаның негізгі компоненті, шындық дүниеде мен идеалды денотат білдіретін объективті қасиетке ие ақпарат – мағыналар арқылы байланысады», - деп түйіндейді [67, 44 бб.].

Демек, лексикалық мағынаның денотаттық компоненті белгілі бір зат туралы нақтылы түсінікті, сигнификаттық компоненті осы заттың жалпыланған бейнесін білдіреді. Денотаттық мағына заттың жалпы атауын, басты белгілерін білдірсе, сигнификаттық мағына бұған қосымша белгілерін танытады.

Сигнификаттық мағына да сөздің құрылымдық компоненттерінің бірі. Бұл терминнің мазмұны терең. Сондықтан да зерттеушілеріміздің көпшілігі сигнификатты ұғыммен тең деп қарастырады. Бұл жайында О.С.Ахманова анықтамасына жүгінсек: «Сигнификат приравнивается к понятию «интенционал», который определяется как качества или свойства, составляющие внутреннее содержание слова» [31, 91 б.]. Демек, сигнификат заттардың дифференциалды белгілерінің жиынтығы болып табылады.

Қазақ тіл білімінде бұл мәселені қарастырған М. Оразов сигнификаттың денотат пен ұғымға қатысты жақтарын былайша түсіндіреді: денотаттан айырмашылығы – ой субъектив қасиетке ие. Негізгі сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзген идеалды денотатқа сүйенеді. Идеалды денотат дегеніміздің өзі тікелей жүйке тамырларына, түйсік туғызу арқылы қабылданған информация болып саналады [19, 88 б.].

Ұғымнан айырмашылығы – ұғымда мидың қызметі негізінде түйсік арқылы алынған информациялар анализі синтез жасалып, жеке адамның өмір-тәжірибесіне, біліміне қарай мағыналық мән қосып күрделенсе, сигнификатта

ондай жеке адамға тән индивидуалдық қасиет болмайды. Сол үшін де сөз мағыналарына анализ жасағанда семаларға ажыратылады. Осы семалар сигнификаттық мағынаның негізіне жатады.

Денотаттық, сигнификаттық компоненттер сөз мағынасының екі жақты байланысқа түсуіне жағдай жасайды. Яғни денотаттық мағына сөзді объективті дүниедегі заттармен, құбылыстармен байланыстырса, сигнификаттық мағына оны ұғыммен, ой элементтерімен байланыстырады.

Мағынаны құрылымдық компонентке талдағанда М.Оразовтың төмендегі орынды пікірін ескерген жөн: «Сөздің лексикалық мағынасы денотаттық және сигнификаттық мағыналардың бірігуі нәтижесінде жасалады десек те, барлық сөздердің өн бойынан осы екі мағынаны тауып, ажырату мүмкін болмайды. Сөздің лексикалық мағына құрамында денотатпен сигнификаттық мағыналардың тең түсе бермейтіндігі, кей сөздердің мағынасынан денотаттық мағынаның анық байқалатыны, кей сөздерде болса, сигнификаттық мағынаның айқын байқалатындығы шындық» [19, 89 б.].

Сонымен, мағынаның бұл компоненттері бір-бірімен өзара тығыз байланысты, олар – біріншісі екіншісіне өтіп отыратын категориялар. Лексикалық мағына құрамында тек сол сөздің мағынасының өзіне ғана тән және бірнеше сөздердің бәріне ортақ, яғни басқа сөздермен байланыстырушы, жалпылаушы компоненттер қатар өмір сүреді. Сөз мағынасындағы даралаушы элемент сол сөзді басқа сөздерден ажыратып тұрса, жалпылаушы элемент ол сөзді белгілі бір сөздер тобымен, сөз таптарымен байланыстырып, лексико-семантикалық топ жасайды.

Киім атауларында аталған екі мағыналық компоненттен басқа осы компоненттердің үстіне қосылатын үшінші мағына бар. Ол – коннотаттық мағына.

Лингвистикада “коннотация” терминін ең алғаш Л.Блумфилд енгізген. Қазіргі таңда семасиологияда бұл терминнің ұғымы алғашқы кездегімен салыстырғанда анағұрлым кеңіді. Сол себепті ол әр уақытта тілдің аталымдық бірліктерінің экспрессивті сипатымен өте тығыз байланысты. Коннотацияға байланысты зерттеушілер пікірін жинақтайтын болсақ:

- коннотация – аталымдық бірліктердің семантикалық мазмұнын құраушы бөлік (Э.С.Азнаурова, И.В.Арнольд, В.И.Телия, В.И.Шаховский);

- коннотация – тілдік бірліктердің семантикалық реңктері (Э.С.Азнаурова);

- коннотация – тілдік семантиканың құрамдас бөлігі бола алмайды (Ю.Д.Апресян, Н.Г.Комлев, Д.Н.Шмелев);

- коннотация сөздің және фразеологизмдердің ассоциативті бейнелік суретін құрайтын импликационалдың компоненті;

- коннотация сөздің потенциалды ассоциативті энергиясы (В.В.Виноградов);

- коннотация – стилистикалық мағына (И.В.Арнольд, А.В.Филиппов).

Аталған пікірлерден көз жеткізгеніміздей, семасиологияда коннотацияның тілдік табиғатына қатысты тұжырымдарда қалыптасып бір арнаға түскен жүйе,



бірізділік жоқ. Бұдан коннотация ұғымының күрделі тілдік құбылыс екені байқалады. Зерттеушілердің тұжырымдарын саралай келе, олардың барлығының да сөз мағынасының құрамында эмотивті сипаттың бар екенін мойындайтындықтарына көз жеткізуге болады. Біз де осы көзқарастарды ескере отырып, сөздің коннотаттық мағынасы ретінде сөздердің негізгі атауыштық қасиеттеріне қосымша эмотивті, бейнелі – ассоциативті қасиеті бар мағыналық құрылымды түсінеміз.

Қазақ лингвистерінің арасында да бұл мағыналық компонент әр зерттеушіде әртүрлі атауға ие. Мәселен, эмоциялық, экспрессивтік, стильдік. Б.Қалиев, А.Жылқыбаева осы аталған эмоциялық, экспрессивтік, стильдік мәндерді біріктіріп, сезімдік мағына деп атайды. Бұл мағыналық компоненттің ерекшелігі оның жұмсалып аясы, қолданылатын аймағы немесе қолданушы адамдардың өзіндік ерекшелігі арқылы көрініс табады.

М.Оразов бұл мағыналық компонентті эмоциялық мағына деп атайды. Адамзат баласының өзінің қоршаған ортасын, қоғамдық, табиғи құбылыстарды өзінше бағалап, түсініп отыруы табиғи заңдылық екенін, сондықтан да мағына құрылымын талдағанда тек денотаттық және сигнификаттық мағыналармен шектеліп қалуға болмайтынын айтады. Тілші ғалымның өз сөзімен тұжырымдасақ: «Шындығында, адамзат айналасындағы дүниені не сол дүниеде болып жатқан құбылыстарды, олардың түрлі қасиеттерін тек сезім мүшелері арқылы қабылдап қоймайды, оған өздерінің көзқарастарын білдіріп, оны өзгертуге, өзіне қажетті жағдайға келтіруге әрекет ететіндігі, дүниені өзгертуге актив қатысатындығы анық. Сондықтан да дүниені танып білу тек сезім мүшелері арқылы олардың көшірмесін қабылдау деп түсіну дұрыс емес. Әрқашанда объектив дүниедегі заттардың түйсік арқылы қабылданған информация адам ойының, санасының елегінен өтіп жататындығы, оған белгілі баға да берілетіндігі де шындық» [19, 107 б.].

Коннотация теориясын семиотикалық тұрғыдан түсіндіру – сөйлеу қызметінің прагматикасына негізделген, яғни “субкодты” таңдау мен сөйлеушінің тілдік таңбаға қатысы болып табылады. Психологиялық тұрғыдан түсіндіру негізінде сөйлеу үрдістеріндегі ассоциативті және эмоционалдық құрылымдар, анығырақ айтсақ, ұлттық-мәдени аспектілер жатыр. Н.В. Алефиренко пікіріне сүйенсек “... коннотация определяется как “ореол”, “атмосфера”, “дымка”, которые “наслаиваются”, “прикрепляются”, “обволакивают”, “пронизывают” и пр. предметнологическое значение слова ...” [31; 128 ].

Коннотацияға берілген сан қырлы метафоралы анықтамалар В.И.Шаховскийдің сөзімен айтсақ, “қазіргі семасиология үшін коннотация әлі де көркінен айырылмаған, әркімнің қолға түсіргісі келетін, бақыт құсы” [129, 13 б.]. Коннотация ұғымының лингводидактикалық тұрғыдан нақтылануы В.И.Шаховский еңбектерінде орын алған. Ғалым коннотация теориясына мынандай анықтама береді: “Коннотация – это аспект лексического значения единицы, с помощью которой кодированно выражается эмоциональное состояние говорящего и обусловленное им отношение к адресату, объекту и

предмету речи, ситуации, в которой осуществляется данное речевое общение” [129, 14 б.]. В.И.Шаховский мағынаның коннотативтік аспектісі сөздің эмотивтік функциясын жүзеге асыратын семантикалық микрокомпоненттерінің жиынтығы болып табылатынын атап көрсетеді. Мұндай семантикалық микрокомпоненттер семалар болып табылады, анығырақ айтқанда, олар – коннотативті семалар. Бәрінен қиыны – семалардың қай жиынтығы коннотацияға жататындығында.

Коннотация ұғымын “кең” мағынада түсінетін ғалымдар тобы бұл жиынтыққа мағынадағы (семадағы) эмоционалдықты, экспрессивтілікті, бағалауыштықты және стилистикалық микрокомпоненттерді жатқызады. Коннотация ұғымын “тар” мағынада қабылдайтын ғалымдар тобы мағынада көрсетілген барлық микрокомпоненттерін коннотативтік семаға жатқызбайды. Сондықтан да бұл ұғымды түсіндіруде әр түрлі қарама-қайшылықтар кездеседі. Олардың кейбіреуіне тоқталып өтейік: Мәселен, А.В.Филиппов мағынаның коннотативтік аспектідегі мазмұнына эмоционалдық және стилистикалық микрокомпоненттерді ғана жатқызады [130, 60 б.]. Ғалым бағалауыштық пен экспрессивтілік табиғаты коннотацияға жатпайды деген пікір айтады. Өзінің көзқарасын дәлелдей отырып, А.В.Филиппов: 1. бағалауыштық – ұғымның (түсініктің) прагматикалық компоненті, сондықтан да ол коннотацияның емес, денотацияның аспектісі; 2. экспрессивтілік сөздің семантикалық құрылымынан алшақ, тыс жатқандықтан, ол әрқашан нормадан “сәтті” ауытқыған окказионалдылықпен байланысты, экспрессивтілік тек сөйлеу үрдісінде пайда болады, сондықтан да оны тілдік құбылысқа жатқыза алмаймыз. Дәл осы позицияны В.И.Шаховский де қолдайды. Бағалауыштық және экспрессивтік компоненттер коннотацияның құрамына кірмейді, себебі олар денотацияның компоненті – деген пікірін ұсынады. Алайда, бұл көзқарасты Э.Г.Ризель қолдамайды. Ғалымның ойынша, стилистикалық микрокомпонент пен коннотация ұғымдары бір-біріне үйлесімсіз ұғымдар. Стилистикалық микрокомпонент сөздің семантикалық құрылымының құрамдас бөлігі болғанымен, коннотация лексикалық семантиканың бөлігі бола алмайды. Коннотация мағынаның денотативтік және стилистикалық компоненттерінің қосындысы (реакциясы) деп түйіндейді [131, 10-18 бб.]. Коннотация ұғымы туралы лингвистикалық көп қырлы түсініктемелер – аталмыш мәселенің күрделілігінің, сан қырлылығының куәсі.

Сонымен, тұрмыстық лексиканың денотаттық компоненттері объективті дүниемен байланысын айқындаса, сигнификаттық компоненттері түйсік арқылы қабылданатын жалпыланған субъективті бейнені білдіреді. Коннотаттық компоненттері оның жұмсалу аясын, қолданылу ерекшелігін, оны қолданушы жеке тұлға ерекшеліктері арқылы көрініс табады. Осы аталған компоненттер жиынтығы тұрмыстық лексиканың қатысымдық мағынада жұмсалуына негіз болады. Бірақ ескерте кететін жағдай тұрмыстық лексиканың әрбір атауынан бұл компоненттердің барлығы да бірдей көрініс табады деуге болмайды.

*Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген сирек, сый қонақ. Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржан. Үстінде қара мақпал, кең, жеңіл шапаны бар. Омырауы ағытылған, "сері жаға" ақ көйлектің сыртынан киген сарғылт түсті, қытайы жібек камзолы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ырғала түседі [4, 51 б.].*

Бұл мысалдағы жалпы киім түрлері – денотаттық компонентті анықтаса, киімнің бір түрі екендігін білдіретін, яғни шапан – сырт киім, камзол – ішкі киім, тақия – бас киім – сигнификаттық мағынаны құрайды.

*Абай мен Әйгерімнің бұл кезде тіккен үйлері «қоңыр үй» деп аталады [3, 20 б.].*

*Кешегі Еңлік пен Кебек жайы бұл жиынның әр адамына әр толқын ой салғаны бар. Абай үйіне келместен бұрын: Көкбай, Ербол, Мұқа, Баймағанбет осы жайды «ұраңқай» деген қонақ үйде жатып ертемен әңгіме етіскен-ді [3, 23 б.].*

*Сенделумен тынысы тарылған сан малышы-малай, енді осы кеште өзді-өзінің байларына, ақ үйлерге қарай қадам басты [3, 126 б.].*

Бұл сөйлемдердегі беріліп отырған тұрмыстық лексиканың денотаттық компоненттері – адамзат тұратын баспана, сигнификаттық компоненттер осы үй түрлері: қоңыр үй, ақ үй, ұраңқай.

*Терезесі көп! Өзі үлкен қыстау. Мынау бір ауқатты ауыл зой! Жолымыз болған екен, жігіттер! - деп Абылғазы да қатты қуана сүйсінді [4, 213 б.].*

*Қараңғы даланда зорға қозғалған Абайды Шәке мен Баймағанбет екі жағынан сүйеп келіп, далан түкпіріндегі кең ауыз үйге кіргізді. Қазан аспасында әлі сөнбеген жалындап жанған от бар. Тыныштықта кешкен жылы мекен, адам жайы өзінің ыстық лебін атты. Қазанда асылған жылқы етінің исімен, сары қидың ащылау түтін қоңысымен қарсы алды. Ауыз үй болса да кең, таза. Төрінде үлкен қос терезе көрінеді. Сырмақ, алаша, таза төсеніштері де бар. Қонақтарды қазанаспа жанында тұрған қартаң қызметші әйел мен аспазшы еркек тосып тұр. Тыстан бастап келген еркектің біреуі желбегей шапаны бар, жүрісіне қарағанда жылпос, жас сияқты. Сол жаңағы ауыз үйдің ішіне түгел кіріп болған қонақтарға оң жақтағы төргі үйдің есігін ашты. Ол бөлмеде табалдырығынан бастап жап-жаңа қызыл-жасыл тықыр алаша төселген. Ар жағы түкті кілем. Манатпен оюланған әдемі сырмақ та жайылыпты. Кең, жарық, аса бір көрікті жай екен [4, 214 б.].*

Бұл мәнмәтінде келтірілген тұрмыстық бұйымдар атаулары өздерінің білдіретін негізгі денотаттық мағыналарымен қатар, яғни күнделікті қажетті бұйым атаулары, тілдік қарым-қатынас барысында «байлық», «барлық» семалары арқылы ауқатты отбасы үйінің белгілерін танытып отыр.

*Қазір бұл ауылдағы күзетші, сауыншы, түйеші, қауғашы, отыншы, асшы атаулы – бәрі де жаман жыртық киімдерімен жел азынап, бүрсең қағып, бай малының соңында жүр [3, 83 б.].*

Киім атауларының коннотаттық семалары – жаман, жыртық, ескілік.

*Абай жалғыз өзі жағалап, осы үйге тақады. Ішінен: «мынадан да ауыр күй болар ма? Неткен сор! Қара суық күн мынау, баспанасыз жел өтінің астында лыпасыз, жылусыз, жырттық, шоқпыт жандар мынау... Кімдер екен?» деп, әуелі, үй сыртында құрым үзіктің көп тесігін жасап отырған жас әйелді көрді [3, 65 б.].*

*Шеткі үйлердегі киімі жырттық, өңі жадау сауыншы, тезекші, қойшы-қолаң әйелдері, балалары бұл топқа жолай алмай, жырақтан қарап, шеттеп жүр. Күндізден ерулікші қонақ әйелдер келгеннен бастап, Айғыз бен Қалиқа оларды бұл үйлер жаққа бастырмаған. Осындайдағы әдеттері бойынша екеуі мысқылдап: “Ұсқының құрғыр, түге, жұртты шошытып, түсіне кірейін деп көрінемісің? Ана жаққа кет!” деп, қара лашықтарға қарай, сауындарға қарай айдап салған [4, 40 бб.].*

Келтірген мысалдардағы қоғамдағы тұрмысы төмен топ өкілдерінің бейнесін беруде тұрмыстық лексика бірліктерінің – жырттық киім, қара лашық, лыпасыз жылусыз, жырттық, шоқпыт жандар – коннотаттық семалары қолданылып тұр.

*Әмірдің ішін қыз-қыз қайнатқан, әсіресе, Үмітейдің жылтыр кебіс мәсі киген кішкентай аяғы, әміркен кебісінің өкшесі ап аласа, тұмсығы сондай әсем боп үп- үшкір келген.*

*Қара жылтыр кебіс Үмітей сұлулығын айырықша бір көпті баян еткен қосымша тәрізді [4, 66 б.].*

Бұл сөйлемдерде тұрмыстық лексика атаулары жағымды реңкке ие болып, коннотаттық компоненттер қатарын құрап отыр.

*Үмітей бұл әннің сөзін арманды күдікпен, аса бір құпия сыр етіп айтады. Сондықтан осынау саз, бұрын емес, дәл осы арада ең алғаш айтылғандай болды. Бір туған айдай, қылдай нәзік, бірақ емеуріндегі анық сыры бар. Дәл көңілдің өз үні боп шықты.*

*Соны кәмшат бөрік, алтын сырғалы, ең сәнді киімді сұлу қыз айтты да, жүзіндегі әншейіндегі жұқалау қызылынан айырылып, аппақ тартты [4, 58 б.].*

Бұл мәнмәтіннің алғашқы бөлігіндегі айтылмақшы ой – ән арқылы шертілген нәзік сыр. Баяншы хабарын жеткізуде коннотаттық компоненттер «кәмшат бөрік», «алтын сырғалы», «ең сәнді киімді» қыз тіркестері қатысымдық қызметте белсенді жұмсалып тұр.

*Жаулықтар аппақ, қос етек шұбалаң көйлектер, қынай бел камзолдар, неше алуан бояумен ақ үйдің сыртын, көгал дүниесін өзінше шұбарта сәндендіріп, нақыстап тұр [4, 140 б.].*

«Қос етек шұбалаң көйлектер», «қынай бел камзолдар» тіркестері арқылы «нәзік жынысты қыздар» ұғымы беріліп тұр.

*Өңшең тон, шекпен кигендер екен [2, 305 б.].*

Бұл мысалда киім атаулары арқылы қоғамдағы жоғары топ өкілдері «бай-манаптар» деген ұғым беріліп, жазушы тілінде көркемдеу құралдарының орнына қолдану негізінде қатысымдық мақсатта жұмсалған тон, шекпен сөздерінің өзгешелеу мағынасы туындаған.

- Еше не сөзі бар? Бар сөз біткен, бар жол таусылған да! Сондайда жөн таппайтын Оразекең бе еді?! Несіне ұйлығып, қамалып отырсыңдар? Бұндайдың сөзі, тілі біреу-ақ болады. ол тілді Оразекең оқыған да оқытқан. Абайды молда қылатын да сол Тұщыкөлде жұмсалған қайрат, **қара шоқпар!** Оған тыйылмаған, аюсыған Абайды көріп алармын! Ұқтыңдар ма? – дегенде, Оразбай мен Сәмен бір-біріне әрі таңырқап, әрі қуаныса қарасты [2, 191 б.].

Бұл сөйлемдегі *қарашоқпар* сөзінің қатысымдық мағынасы – адам тәрбиелейтін құрал ретінде көрініс тауып тұр.

Тұрмыстық лексиканың қатысымдағы мағыналық ерекшеліктері қалыптасқан фразалық тіркестерде анығырақ байқалады.

*Осы науқас бүгін емес, кешегі өткен түнде басталды. Содан кейін де бір түн, бір күн ақ боранның астында, ат үстінде жүрген соң не қалсын. Ауырған күйде жүріпті. Мұнда жетісімен қалпақтай түскеннен соны аңғарып тұрмын* [4, 218 б.].

Қалпақтай түсу тіркесі арқылы – «қатты ауырып қалу» мағынасы беріліп тұр. Аталған тіркес арқылы қазақ халқының ұлттық ерекшелігі көрініс тауып отыр. Яғни қалпақтың жеңілдігі осы тұрақты тіркестің қалыптасуына негіз болып отыр.

- *Айтқан ақылың да, байлауың да бәрі жақсы, топ алдына бармай есе тимесін де көріп отырмыз. Бұл жұртыңды бөгеп отырған, тағы жоқшылық болып отыр. Ол Балқыбекке кем болса екі кісі бару керек. Дәндібай екеуімізді жүр дегенің де мақұл. Бірақ мыналардың күмілжіп отырғаны – «қалай жетеміз?» дейді. Жеті бірдей аты кеткен жатақ ауылда, қай жетісіп тұрған **ат пен тон** бар? – деді.*

- *...кеше кештен бері осы үйдің ішіне кіргізіліп қойған ұзынша, жаңа ақ сандықты Абай өзі барып ашты. Содан екі бөлек кездеме алып шықты.*

- *Мынау, асты-үстімен бір шапан. Бұны, Дәркембай, сен өзің істет іп ки! – дегенде, қарттардың бәрі қатарынан үн қосып, сүйсіне күлді.*

- *Бәрекелде!*

- *Көп жаса!*

- *Қарық қылдың, қарағым!*

- *Азаматым аман бол! – деседі. Дабырласып, жамыраған сөздер арасында Дәркембай Абайдың қолынан кездемені алып жатыр.*

- *Бұның қалай, Абайжан-ау? Зорлықты Тәкежан істеп, айыпты сен тартып жатырмысың, немене? – деді. Өзі де қатты күліп, өзге шалдар мен Абайды да күлдірді.*

- *Би алдына бармай-ақ, бір **ат шапан айыпты** алып қалды, бұл жатақ. Есе береді деймісің енді! – деп тағы күлді* [4, 246 б.].

Бұл мысалдардағы *ат пен тон* – «жоқшылық», «кедейшілік» семасын білдіріп тұрса, *бір ат шапан айып* халықтың «ат шапан айып тарту» деген салт-дәстүрінен хабардар етіп тұр. Сөйтіп бұл арадағы тұрмыстық лексика атаулары қазақ халқының ұлттық болмысын паш етіп тұр.

*Құнекеңнің баласын өз қолымнан күтемін. Мен де сенің анаңмын, балам, бөтенің емеспін. Жазылғанша басыңа жастық, аузыңа сусын болатын жанашыр ағайынбыз. Тек сырқатыңнан жазыл, шипа берсін!* – деді [2, 21 б.].

Аталған мысалдардағы тұрақты тіркестер арқылы тілдік қарым-қатынас барысындағы адамдардың бір-біріне деген жақын туыстық қасиеттері көрініс тауып отыр.

Сонымен мағынаның бұл компоненті жазушы ойын көріктендіріп, оқушы жүрегіне жол табуына әсер етеді. Ал көркемдеу тілдік тұлға – жазушының сөз мағынасын дәстүрлі грамматика терминімен айтқанда, ауыспалы мағынада жұмсауына, қатысымдық тіл білімінің аясында түсіндірсек, қатысымдық семантика тудыруына негіз болып тұр.

Жұмыста талданған мағынаның құрылымдық компоненттері, яғни деноттаттық, сигнификаттық, коннотаттық компоненттер қазақ тілі лексикасындағы киім атауларының ірі құрылымын жасайды. Бұл мағыналық компоненттер арқылы киім атауларының табиғатын тереңірек тани алатынымыз сөзсіз. Киім атауларының аталған компоненттері адам санасында осы зат атаулары жайлы жалпы түсінік қалыптастырса, екінші бір компоненттері осы зат атауларының өзіндік ерекшеліктерін, қасиеттерін аша түседі. Ал келесі компоненті түрлі мағыналық қолданыстық ерекшелігін қарастырады. Сөйтіп бұлар бірігіп үлкен бір құрылым жасайды және оны әр мағыналық компонент өздеріне тиеселі қызметтерімен толықтырып тұрады. Сөз мағынасына осындай талдау жүргізу олардың қатысымдық сипатын ашуға себеп болады.

Жалпы, қатысымдық семантика тұрғысынан алып қарастырғанда, макрокомпоненттер, олардың сөздегі жинақталған элементтері – қатысымға итермелеуші детальдар болып саналады. Деталь – қатысымдық мағынаны тудырушы себептің негізі. Детальсыз немесе ешқандай негізсіз қатысымдық семантиканың туындауы – сөздің қатысымға негізделген мақсаттарға жұмыс істеуі мүлдем мүмкін болмауы да ықтимал.

## **2.2 Тұрмыстық лексиканың микрокомпоненттері**

Мәдениет – қоғамдық фактор, бірақ оның мәдени тұғырға көтерілуіне әлеуметтік ортаның ықпалы зор. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші халыққа оның тілдік деректері арқылы баяндалады. Ал тілдік деректер деп отырғанымыз – мәдениетті сипаттаушы сөз символдары мен тілдік таңбалар. Этнос, тіл, мәдениет ұғымдарындағы символдар мен тілдік таңбалар туралы, олардың қоғамдағы ортақ қызметі жайлы ресейлік ғалым Ю.Лотман: «Всякая культура, обслуживающая сферу социального общения, есть язык. Это означает, что она образует определенную систему знаков, употребляемых в соответствии с известными членами данного коллектива правилами. Знаками же мы называем любое материальное выражение (слова, рисунки, вещи и т.д.), которое имеет значение и, таким образом может служить средством передачи смысла. Следовательно, культура имеет, во-первых, коммуникационную и, во-вторых, символическую природу», – дейді [132, 6 б.]. Ғалымдар тілдегі

заңдылықтар мен олардың мәнін анықтау кезінде тілдің таңбалық әрі мағыналық қасиетіне сүйенеді. Киім атауларының құрылымын саралауда жоғарыда талданған ірі құрылымдық сыңарлармен қатар бірнеше кіші семалық бөліктерден (сыңарлардан) құралатынына көз жеткізуге болады.

Көптеген жағдайларда біз тілдер арасындағы өзгешеліктерді олардың қоғамдық тәжірибесіндегі өзгешеліктермен байланыстыра алмай жатамыз. Болмыстың санамыздан көрініс табуы – мейлінше белсенді құбылыс. Әлемді бейнелеумен бірге, адам өзінің тәжірибелік қажеттіліктеріне қарай оны белгілі жағдайда жүйелендіріп, үлгісін жасап отырады. Сонымен бірге, объективті шындықтың көпқырлылығы, заттар мен құбылыстардың белгілерінің сан түрлілігі, олардың арасындағы байланыстардың жан жақтылығы адамзатқа осы заттар мен құбылыстарды әр кезде алдыңғы қатарға маңыздылығы немесе көрнектілігіне қарай әртүрлі белгіні шығарып, әртүрлі кластарға санқилы жолмен біріктіруге, топтастыруға негіз болады. Әртүрлі қоғамдық бірлестіктер өз тәжірибелерінен алған мәліметтерді түрліше топтастырып және осы топтастыруды өз тілдеріндегі сөздердің мағыналарында бекіте алады.

Тіл иесі затты, құбылысты қалай түсінетіні санада көрініс беріп, ол ұғымдық таңба арқылы бейнеленеді. Санада қалыптасып жетілген бейне, сыртқа тіл арқылы шығады. Мән мен мағына, тіл мен ойлау диалектикалық заңдылыққа негізделеді. Сондықтан ұғымдық атаулар номинациялық қызметпен қоса, танымдық қызмет атқарады. Қандай тіл болмасын тілдің ұлттық этноұғымына (концептуалдық) және танымдық (когнитивтік) ерекшелігіне мән беру керек. Кез келген атау қалай болса солай атала салмайды, олар әрбір атауға лайық ішкі лексикалық ұғымына сай сәйкестене, үйлесе тіркесіп немесе мағынаны ұлғайту, нақтылау мақсатында жұмсалыу арқылы сол атаудың жалпы қасиетін анықтайды.

Семантикалық кеңістікте аталым бірліктері белгілі заттық ұғымды таңбалап қана қоймай, оның лингвистикалық бірліктер ретінде мәні мен орны, атаудың лексикалық жүйеде алатын үлес салмағы қаншалықты екені, тілдік қолданыстағы қызметіне де қатысты мәселелерді қамтиды.

Киім атауларының құрылымын саралауда жоғарыда талданған ірі құрылымдық сыңарлармен қатар бірнеше кіші семалық бөліктерден (сыңарлардан) құралатынына көз жеткізуге болады.

Сөз құрылымының ең кішкене бөлшегі – сема – семантикада бұрыннан келе жатқан, бүгінде әбден қалыптасқан атау. Лингвистикада бұл термин В.Скаличка есімімен байланысты [133]. Сөз мағынасының ең кіші бөлшегін көптеген лингвистер әртүрлі түсіндіріп, түрліше атаған: сөз мазмұнының фигурасы (Л.Ельмслев), семантикалық маркер (Ж.Катц, Ж.Фодор), дифференциалды белгі (А.Уфимцева).

Қазақ тіл білімінде бұл мәселені М.Оразов былайша түсіндіреді: «Жалпы семалық талдау сөз семантикасымен байланысты алып барылады да объектив дүниедегі заттардан қабылданған сигналдармен тең түседі. Сондықтан да сема – экстралингвистикалық элементтердің сөз семантикасындағы көшірмесі (белгілі дәрежеде сәйкес келетін) деп түсінуге болады. Сондықтан да сөз

дегеніміз заттың құбылыстың атауы деушілер сөз мағынасын осы семалардың қосындысы деп есептегенінде де оғаштық жоқ» [19, 177 б.]. Ғалымның түсіндіруінше, сөз мағынасының ең кішкене бөлшегі – сема өз бойында осы мағынаны құрайтын барлық белгілердің жиынтығы болып табылады.

Лексикалық мағынаның құрылымын қазақ тілінде арнайы зерттеп, қарастырған ғалым Ғ.Хасанов семаға мынадай анықтама береді: «Лексикалық мағынаның әр макрокомпоненті өз ішінен микрокомпоненттер – семалар жиынтығынан тұрады... Семаны – бір сөзді қабылдағанда ойымызға туатын сұрақтардың орнын толтыратын мән, мағына бөлшегі деп анықтауға болады» [40, 16 б.].

Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева осы тұжырымдарды қостай отырып, семаны былайша түсіндіреді: «Сема дегеніміз – сөз мағынасының әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кішкене бөлшегі екен. Басқа сөзбен айтсақ, сема дегеніміз – заттың немесе ұғымның бір белгісі. Бұл – белгілі бір затта (ұғымда) бірнеше белгі болса, ол затты белгілейтін сөзде соншама сема бар деген сөз» [127, 51 б.].

Бізде осы аталған пікірлер мен тұжырымдарға қосыла отырып: сема – сөздің мағыналық мазмұнын құрайтын, өз ішінде бөлшектенетін, ең кіші мағыналық бөлшек ретінде түсінеміз. Оның негізгі үш қызметін бөліп көрсетуге болады:

1) сема – сөз мағынасын құраушы элемент. Оның бұл қызметі конситутивті деп аталады.

2) Сема – сөздің әртүрлі мағыналық белгілерін білдіреді.

3) Сема сөздердің тіркесімділік қасиетін білдіреді, синтагматикалық өзектегі сөздердің тіркесімділік қасиетіне қызмет етеді.

Сонымен, сөз мағынасының құрылымына талдау жасау – мағынаны құрайтын кіші бөлшектерге жіктеу (бөлу) мақсатында жүзеге асырылады. Ол тілдің кез келген бірлігі семантикалық компоненттерден құралады және тілдің сөздік құрамы шектеулі және салыстырмалы түрдегі шағын семантикалық белгілері арқылы ажыратылады деген гипотезаға құрылған. Сөз мағынасын семалық компоненттерге жіктеудің маңыздылығын З.К.Ахметжанова былайша түсіндіреді. «Семный анализ отражает реальную организацию языкового значения... Семный анализ позволяет эксплицировать в значительной мере интуитивное знание компонентов значения» [134, 12 б.].

Ғалымдар арасында семаларды топтастыруда әртүрлі ұстанымдар бар. Мәселен, қызметі жағынан – жалпылаушы (интегралды) және даралаушы (дифференциалды); мәнді-мәнсіздігіне қарай – маңызды немесе мәнді, және ықтималды; негізгі-негізгі еместігі жағынан – басты, негізгі және шеткергі; байқалу, көріну дәрежесіне қарай – анық, айқын (эксплицитті) және көмескі (имплицитті); таным деңгейіне қарай – жақын және алыс; шындыққа, өмірге, болмысқа қатынасына қарай – ақиқат (позитивті) және жалған (негативті); затқа немесе ұғымға қатынасына қарай – материалды (ассертивті) және идеалды (диспозиционалды); қолданылу өрісіне қарай – тілдік және сөйлеу.



Бұл аталған семалардың түрлері оларды жіктеу принциптеріне негізделіп отыр. Бұлай топтастырудың аса маңызды еместігін ғалымдарымыз Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева орынды атап өтеді: «Егер шындыққа жүгінсек, семалардың нақтылы саны 2-3-тен аспайды. Олар: 1) жалпылаушы (интегралды) сема, 2) нақтылаушы (дифференциалды) сема, 3) ықтимал сема» [127, 60 б.].

Сөз мағынасын бұндай құрылымдық компоненттерге талдау әртүрлі негізге сипатқа байланысты жүргізіледі. Қатысымдық актіде сөз мағынасын талдауда оның мағыналық сыңарларының семалық құрылымдағы орны мен қызметін нақтылы айқындайтын тәсіл қажет. Бұндай жолға сөз мағынасын ядролы (негізгі) және перифериялы (шеткергі) сыңарларға жіктеу арқылы анықтауға болады. Сөз мағынасын ядролы және перифериялы деп шектеу – сөз құрылымын талдаудағы ең өнімді әрі тиімді жол болып табылмақ.

Көптеген зерттеушілер ядроны маңызды сыңар деп таниды. Бірақ бұл жердегі «маңызды бірлік» ұғымының өзі айқын емес, ол тек қана салыстырмалық сипатқа ие. Яғни зат белгісі ситуациялық бағалауға тәуелді. Сондай-ақ логикада маңыздылық ұғымының белгісі толық анықталмаған. Ол жеке белгілерді санамалап көрсету арқылы жүзеге асады.

Лингвистикада «заттың түпкі (бастапқы) табиғаты» (коренная природа предмета) деген ұғымның әлі басы ашылмаған түсінік. Сөз мағынасын бұлай бағалау субъективтілікке әкеледі. Сондықтан да лингвистикалық тәжірибелік талдауда ядро мен периферияға қатысты нақтылы алғышарттарды қолдану керек. М.В.Никитин периферияны – импликационал, ядроны интенционал деп атап, импликационалды белгілер интенционалдан бөлініп шығады деп көрсетеді. Алайда бұндай бөліну міндетті емес. Тілде сөз мағынасының периферияға қатысты белгісі немесе басқа семантикалық белгісінің ядродан тікелей тарамай, оған жай ғана белгілі бір дәрежеде себеп-салдарлық қосымша болуы мүмкін (мысалы, актер – әдемі, еркек – ұзын бойлы т.б.).

Зерттеуші мысалына көз жүгіртсек, «қыс» сөзі жер шарының солтүстік аймағында желтоқсан айы мен ақпан айында, жер шарының оңтүстік аймағында маусымнан тамыз айы арасындағы жыл мезгілі. Автор көрсеткен интенционалдың «жылдың ең суық мезгілі», «қар», «адамдар жылы киінеді» деген сияқты белгілерінің ешқайсылары да импликационал құрамынан шығып тұрған жоқ. Бірақ бұл семалар «қыс» сөзінің лексикалық мағынасының нақтылы құрылымына енеді [43].

Осы арада субъективтілікке қатысты да ерекшелікті атап өту қажет. Субъективтік жалпы қатысымдық семантиканы тудыратын элементтердің немесе факторлардың бірі болып табылады. Жеке субъект өз көзқарасы мен біліміне, қолданыс ауқымына, өзара қатынастағы сипатына қарай ерекшеленеді. Сонымен қатар ядролық компонентті дифференциалды функциясына байланысты да бөліп көрсету жағдайы жиі кездеседі. Бұл жерде атап өтерлік жайт – семаның дифференциалдығы ретінде екі жұп мағына қатар алынады. Семасиологияда мұндай жағдай қиын әрі маңызсыз. Дүниедегі заттар мен құбылыстар бір-бірінен бір ғана белгі арқылы ажыратылуы мүмкін емес нәрсе. Олардың көпшілігі негізінен ортақ белгісі не сипаты арқылы ажыратылады

(емен мен қарағай, алма мен алмұрт). Міне, осыған байланысты сөз мағынасын айқындауда қарама-қарсы қоюшылықтың қиын екені айқын аңғарылады. Бұдан келіп, дифференциалды семаларды бөлудің мүмкін еместігі айқындалады. Көптеген ядролық семалар дифференциалды сипатқа ие емес және мағына ядросының құрамына енбейді. Бұл айтылғандар сөз мағынасының құрылымын салыстыра талдаудың және дифференциалды қызметін бөліп көрсетудің субъективтік екенін аңғартады.

Семантикалық сыңарлардың дифференциалды статусын негізгі ерекше негіз ретінде емес, ядроға тән қосымша аргумент ретінде қарастыруға болады.

Егер сөз мағынасының дифференциалды қызметін кең шеңберде қарастырсақ, онда ядроға да біржақты қарауға болмайды. Сөз мағынасының кез келген белгісінің өзі салыстырмалы және ситуациялық сипатқа ие. Осыған байланысты әр белгі ерекше, маңызды және маңызсыз болуы мүмкін. Бұл тұрғыда тілдегі сөз мағынасының семантикалық құрылымын анықтауда ядролық және перифериялық жолдар жеткілікті бола алмайды. Осы жайлы Н.А.Лукьянованың пікірін ескерсек: «Выдвигаемый иногда критерий общеизвестности также не всегда «работает», так как, во-первых, нет критериев определения общеизвестности семы, что дает почву для субъективизма, а, во-вторых, «общеизвестность» тоже может быть относительной, вероятностной. Ядерные признаки, как правило, достаточно яркие [135]. Айқындықты ядроның негізгі белгісі ретінде тануға болмайды. Себебі перифериялы семалар да жеткілікті жағдайда айқын болуы мүмкін. Сондай-ақ ядролық семалардың айқындықтары біркелкі дәрежеде болмайды. Олардың арасында бірі өте айқын немесе өте бәсең болып кездесуі мүмкін. Семалардың айқындық көрінуі қатысымдық актіде өзгеріп отыратынын да ескерген жөн.

Зерттеу жұмысымызда сөз етіліп отырған қазақ тіліндегі тұрмыстық лексика бірліктерінің ядролы денотаттық компоненттерінің негізгі белгілері ретінде төмендегі қасиеттері көрсетілді:

- 1) ядролық (негізгі) сема заттың тұрақты белгісін білдіреді;
- 2) ядролық сема заттың тұрақты әрі жойылмайтын белгісін білдіреді.

Аталған белгілер бір-бірімен өте тығыз байланысты, бірақ сәйкес келмейді.

Кейбір семалар тұрақты, бірақ міндетті болмауы мүмкін. Мысалы: қарға – кара, алмұрт – арнайы формаға ие жеміс түрі. Егер қарға сұр, формалы болған күнде де олар қарға, алмұрт болу қасиетінен айырылып қалмайтын еді.

Негізгі (ядролық) сема деп жоғарыда аталған екі алғышартты да қанағаттандыратын сема танылады. Егер аталған алғышарттың біреуі қамтылмаса, ол шеткергі семаның қатарына өтеді. Ал айырушы сема дегеніміз – сөз мағынасының басты ерекшелігін, басқалардан даралап тұратын белгілерін білдіретін семалар. Шеткергі сема деп жоғарыда аталған екі белгі қамтылмаған семаны айтамыз, немесе заттың тұрақты және міндетті емес белгілерін білдіретін семаларды танимыз.

Енді осы аталған тұжырымдар негізінде, тұрмыстық лексиканың қатысымдық мағынасын анықтауда негізгі үш түрлі семаға айырықша

тоқталамыз: **негізгі (ядро), даралаушы (дифференциалды) және шеткергі (перифериялы).**

1. *Басында кәмшат бөркі бар, құлағында үлкен күміс сырғалары ырғалған, шағи шапан киген, ұзын бойлы қыз келді.*

2. Есік алдында *кәмшат бөрікті*, үкілі, үлкен шолпылы, өңшең әсем, сәнді бойжеткендер тұр. Осы қыздар ортасында үлгісімен, киім сәні ерекше бөлінген, кара кәмшат бөркін шекесіне таман киген бір қыз бар [4, 172 б.].

3. Тек басындағы *бөркі ғана келмейді*. Көнелеу, сарғыш құндыз екен [4, 34 б.].

Бірінші мысалдағы **«бөрік»** лексемасы мынадай семалардан құралады:

- 1) 1-ші сема – негізгі – бас киім атауы;
- 2) 2-ші сема – даралаушы сема – кәмшат терісінен жасалған;
- 3) 3-ші сема – даралаушы сема – қыздарға тән бас киім.

Аталған мысалдағы «кәмшат терісінен жасалған» және «қыздарға тән бас киім» семалары қатысымдық мағына қатарын құрайды.

Екінші мысалда:

- 1) негізгі сема – бас киім атауы
- 2) даралаушы сема – кәмшат терісінен жасалған
- 3) даралаушы сема – үкісі бар
- 4) даралаушы сема – қыздарға тән
- 5) шеткергі сема – әдемілік, жарасымдылық

Шеткергі сема – «әдемілік», «жарасымдылық» ұғымдары арқылы қатысымдық мағына беріліп тұр.

Үшінші мысалда:

- 1) негізгі – бас киім атауы;
- 2) даралаушы сема – көнелік;
- 3) шеткергі сема – үйлеспеушілік.

«Көнелік және үйлеспеушілік» семалары арқылы қатысымдық мағына жеткізіліп тұр.

**Тақия**

1) *...Басында ана жолы Әбіш көрген және қысы бойы мұның есінен кетпеген алтын зерлі, үкілі тақия* [3, 229 бб.].

2) *Біреулер тақия тігіп әкелген* [2, 52 б.].

3) *Басында қажы сапарынан киіп қайтқан шошақ төбе ақ тақиясы бар* [2, 101 б.].

Бірінші мысалдағы **«тақия»** лексемасын мынадай семаларға жіктеуге болады:

- 1) негізгі сема – бас киім;
- 2) даралаушы сема – алтын зерлі, үкілі;
- 3) шеткергі сема – таныс және жақын адамының белгісі;

«Таныс», «жанына жақын адам» семалары қатысымдық мағына құрап тұр.

Екінші мысалда:

- 1) негізгі сема – бас киім;
- 2) шеткергі сема – керек зат;

3) шеткергі сема – сатылатын бұйым.

Шеткергі семалар қатары қатысымдық мағынасын білдіреді.

Үшінші мысалда:

1) негізгі сема – бас киім атауы;

2) даралаушы сема – шошақ төбелі (тігілу үлгісі);

3) шеткергі сема – ерекше зат (қажы сапарынан әкелінген).

«Қажы сапарынан әкелінген ерекше зат» семасы қатысымдық мағынаның негізін құрайды.

*Үстінде тиін ішіктің сыртынан киген, жағасы қайырма қара барқыт қаптал шапаны бар, құла түсті ықшам тігілген шапан. Аса ұзын жең емес. Кең қолтық, ұзын жең үлгіні осы Қарқаралы қазағы ғана киеді [1, 89 б.].*

**Шапан** лексемасының құрылымы:

1) негізі сема – сырт киім атауы;

2) даралаушы сема – суыққа арналған;

3) даралаушы сема – қайырма жағалы (тігілу үлгісі);

4) даралаушы сема – барқыттан жасалған

5) даралаушы сема – белгілі өңірге тән;

6) шеткергі сема – ықшам, ыңғайлы.

Аталған шапан лексемасының даралаушы және шеткергі семалары қатысымдық мағынаны қалыптастырады.

2) *Судыраған қара жібек биқасаптан әдемі жеңіл шапан киген [1, 161 б.].*

1) негізгі сема – сырт киім;

2) даралаушы сема – жеңіл матадан жасалған;

3) шеткергі сема – әдемілік.

«Әдемілігі мен жеңіл қолайлылығы» қатысымдық мағынаға негіз болып тұр.

*Өз үстіндегі бір қабат шекпенін шешіп, Исаны қымтап киіндіріп алды [3, 214 б.].*

1) негізгі сема – сырт киім атауы;

2) даралаушы сема – жұқа;

3) шеткергі сема – қорғаныш құрал.

Шеткергі семасы «қорғаныш құрал» – қатысымдық мағына.

*Жыртық шапанының реңі - жұртта бір жыл жатқан қу шүберек тәрізді [4, 176 б.].*

1) негізгі сема – сырт киім;

2) негізгі сема – жұқа;

3) шеткергі сема – ескі;

4) шеткергі сема – жарамсыз.

Қатысымдық мағынасы – ескілік, жарамсыздық.

*Үстінде қымбат бұлдан жұқа, кең етіп тіккізген сұрша шапаны бар.*

1) сырт киім;

2) сұр түсті;

3) қымбат матадан жасалған.

Бірінші семасы – негізгі, қалған екеуі – даралаушы сема.

*Шекпені болса жұқа, омырауы да ашық еді [2, 118 б.].*

*Өздерінің тағы бір сырт белгісі, бәрі де көне шекпен, тозыңқы шапан, ескі тымақ, етік киіскен [2, 160 б.].*

Келтірілген мысалдарда мынадай семалар қатары бар:

Негізгі семалары – жұқа сырт киім, даралаушы семалары – «ескілік», «көнелік», шеткергі семалары – «ерекше белгі» яғни қоғамдағы тұрмысы төмен, төменгі топ өкілдері екенін көрсететін белгісі, шеткергі семасы қатысымдық мағынаның негізін құрайды.

*Шидемінің сол иығы тозған жабағыдан істелген [4, 296 бб.].*

- 1) негізгі сема – сырт киім;
- 2) даралаушы сема – жасалу үлгісі;
- 3) шеткергі сема – ескілік;
- 4) шеткергі сема – жарамсыздық.

Шеткергі семалары – «ескілік және жарамсыздық» қатысымдық мағынасын білдіреді.

*Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржан. Үстінде қара мақпал, кең, жеңіл шапаны бар. Омырауы ағытылған «сері жаға» ақ көйлектің сыртынан киген сұрғылт түсті, қытайы жібек камзолы бар [2, 51 б.].*

Бұл жердегі киім атауларының негізгі семалары – жеңіл сырт киім; айырушы семалары – «сері жаға», түсі, матасы; шеткергі семалары – сал-серілер киімі. Осы шеткергі семасын құрайтын ерекшеліктер қатысымдық мағынаны береді.

*Иығында сырма жаға тобықты елі кимейтін жұқа жібек, ақ шапан [2, 101 б.].*

- 1) жұқа сырт киім;
- 2) ақ түсті;
- 3) жібектен жасалған;
- 4) белгілі аймаққа тән;
- 5) тобықты еліне жат нәрсе.

Бірінші сема – негізгі, екінші, үшінші, төртінші – даралаушы, бесінші семасы – шеткергі. Даралаушы және шеткергі семалары қатысымдық мағынасын қалыптастырады.

*Көңіл қайратты болғанмен, көне шекпен етке лыпа болар ма?*

- 1) сырт киім;
- 2) ескілік;
- 3) жарамсыздық.

Бірінші семасы – негізгі, қалған екеуі шеткергі семалар болып табылады. «Ескілік», «жарамсыздық» семалары арқылы қатысымдық мағыналары көрініс табады.

*Ол әзілі кең шапан киіп, бұнда отырған жұрт үлгісінен басқаша көрініспен келген сахара қазағы Абайды қағытқан сөзі еді [3, 147 б.].*

- 1) сырт киім;
- 2) тігілу үлгісі;
- 3) сахара адамдарына тән;

4) оғаштық (қалаға киюге орынсыз).

Бірінші, екінші семалар – негізгі, үшінші сема – даралаушы, төртінші сема – шеткергі сема қатарын құрайды. Шапанның сахара адамдарына тәндігі, оның қолданылу орны, қалада киюге ыңғайсыздығы қатысымдық мағынасын нақтылап тұр.

*Жандаралдай ұлықтан жасқанбай, ақыл-тәрбиесі тең адамша кеңеседі. Үстіне киген **бешпеті** де сондай ұнамды түсті, қымбат сукнодан тігілген, онысы және қаланың тігіншісі тіккені көрініп тұр. Бұл белгісі де Абайды надан етпей, тең адам еткені үшін жандаралды ыза қыла түседі [3, 286 б.].*

- 1) жеңіл сырт киім;
- 2) қымбат матадан тігілген;
- 3) қала тігіншісі тіккен;
- 4) үйлесімді түсті;
- 5) жарасымды;
- 6) қонымды;
- 7) орынды.

Алғашқы семасы – негізгі, екінші, үшінші, төртінші семалар – даралаушы, бесінші, алтыншы, жетінші семалар – шеткергі семаларға жатады. Бешпеттің ұнамдылығы, қымбат матадан қала тігіншісіне тігілгендігі баяншы хабарының негізі болып, қатысымдық мағына жасап тұр.

*Күрең барқыт желетке мен ақ көйлек, кең бешпет өзінше бір келісті көрнек, жарастық бергендей [4, 112 б.].*

- 1) жеңіл сырт киім түрлері;
- 2) тігілу үлгісі;
- 3) түсі;
- 4) ерекше жарасымдылық;
- 5) үйлесімділік.

Алғашқы екі белгісі – негізгі сема, соңғылары шеткергі сема элементтері. Шеткергі семалар арқылы қатысымдық мағына беріліп тұр.

*Жақында қаладан келіп осы топты қуанта жеткен Павловта бар. Қазір ол да осы үйдегі бар адамдардай қазақша бешпет ішік киген [3, 242 б.].*

- 1) жеңіл сырт киім;
- 2) ерекше киім (қазақша бешпет);
- 3) басқа ұлт өкілінің киюі.

Көрсетілген үш семалық компонент негізгі, айырушы, шеткергі семалардың белгісі. Даралаушы және шеткергі семалар қатысымдық мағынаның негізін құрайды.

*Мағаштың бешпет ішігінің тысы түйе жүніне түйін жіп қосып, қызғылт сұр етіп тоқыған биязы шекпен болатын. Соған қоңыр күрең барқыт жаға, жең салып қала тігіншісі тіккен еді [2, 276 б.].*

- 1) сырт киім;
- 2) жасалу ерекшелігі;
- 3) түсі;
- 4) қала тігіншісінің қолынан шыққан;

5) үйлесімді, жарасымды.

Алғашқы семасы – негізгі, екінші, үшінші, төртінші – даралаушы, соңғысы – шеткергі сема болып табылады. Бешпеттің қала тігіншісінің қолынан шыққандығы, жасалу технологиясы қатысымдық мағынаны құрайды.

*Қымбат қалың драптан тіккізген, ноғайша пішілген тік иық сұр бешпет Абайдың омырауы ашылып, көлденең сөзылыңқырап жатқан бойына жарасып тұр [2, 216 б.].*

*Бешпетті тастап, Мағыш қынай бел камзол киіпті, сарғыш реңді жібекке аса әсем үйлескен қоңырқай, қызғылт мақпал камзол оқалы жиегі мен көп бүрмелі ұзын көйлекке әдемі құйыла қоныпты [2, 46 б.].*

- 1) жеңіл сырт киім;
- 2) тігілу үлгісі ( ноғайша пішілген);
- 3) түсі;
- 4) үйлесімділік;
- 5) қонымдылық;
- 6) әдемілік.

Алғашқы сема – негізгі, екінші, үшінші семалар – даралаушы, қалған үш сема – шеткергі. Үйлесімділік, қонымдылық, әдемілік – қатысымдық мағына негізі.

*Қаланың көп саудагерлерінің үлгісі бойынша бұл саудагерде тірсек жең, ұзынша қара ламбук камзол киген [3, 243 б.].*

- 1) жеңіл сырт киім;
- 2) белгілі кәсіп иесіне тән киім үлгісі;
- 3) түсі.

Бірінші сема – негізгі, екінші, үшінші семалар – даралаушы семалар болып табылады. Даралаушы семалары арқылы қатысымдық мағына көрініс тауып отыр.

*Істің жыртық күпісінің екі етегі жайыла түсіпті де екі жақ бүйірінде екі кішкене бала суықтан тығылып, паналап отыр екен [2, 65 б.].*

- 1) негізгі сема – сырт киім
- 1) даралаушы сема – ескі;
- 2) шеткергі сема – суықтан қорғағыш құрал.

Күпінің «суықтан қорғайтын құрал» семасы қатысымдық мағынаны беріп, шеткергі сема күпінің негізі қызметіне қарама-қарсы алынып отыр.

*Осыдан бұрын, әйтеуір, осы қыстың ішінде дәл осы қазір қарсы алдында отырған үш кісі – екі уақ, бір көкше мынау киімдері, осынау түстері, осындай отырыстарымен Абайдың алдында тағы бір болып өткен сияқты [4, 306 б.].*

- 1) негізгі сема – жалпы киім атауы;
- 2) даралаушы сема – руға тән белгі;
- 3) шеткергі сема – таныс бейне.

Даралаушы әрі шеткергі семалары арқылы қатысымдық мағына көрініс тауып отыр.

...Біреу сандық осы қымбаттарға толы болса, өзге теңдері құда-құдағилар сыбағасы. **Шапан, камзол, көйлек, шаршы және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сыяпат** [4, 195 б.].

- 1) киім атаулары;
- 2) салт-жоралғыға жұмсайтын зат;
- 3) сыйлық мағынасы.

Екінші, үшінші семалары – шеткергі семалар. Осы семалары «салт-жоралғыға жұмсайтын зат» әрі сыйлық мағынасы – қатысымдық мағына болып табылады.

*Бұл күнде тола түскен Әйгерімнің нұрын сәнді таза киімі, әсіресе, көркейткендей* [3, 22 б.].

- 1) киім атауы;
- 2) сәнді, таза;
- 3) жарасымды.

Алғашқысы – негізгі, екіншісі – даралаушы, соңғысы – шеткергі сема. Кейіпкердің көркеюіне негіз болып тұрған таза киім тіркесі арқылы қатысымдық мағына көрініс тауып отыр.

*Қазағы, ноғайы бар, әр жасты, әр үлгілі киім киген қала адамдары енді қайыққа беттеді* [3, 42 б.].

- 1) Негізгі сема – киім атауы.
- 2) Шеткергі сема – әртүрлі үлгіде, әртүрлі жастағы.

Шеткергі семасы – әртүрлі жастағы және әртүрлі үлгідегі киім атаулары арқылы қатысымдық мағына қалыптасып отыр.

*Данияр кеп түскенде оның үстіне өмірінде бірінші рет жаңа, бүтін, ықшам киімдер кигізді* [4, 43 б.].

- 1) киім атауы;
- 2) бүтіндік;
- 3) жаңалық;
- 4) бірінші рет киілген зат

Бүтін әрі жаңа киім – даралаушы сема қатарын құрап, бірінші рет киілуі – шеткергі семаны білдіреді. Осы екі семалардың жиынтығы қатысымдық мағынаның негізін құрайды.

*Кейде жырттық киім, жүдеу жүзді аш жаяулар бар сахараны басқан сор мен жүдеулік, жоқшылықтың тірі бейне сүлдеріндей* [2, 304 б.].

- 1) киім атауы;
- 2) жырттық;
- 3) жарамсыз;
- 4) төменгі топ өкілдеріне тән;
- 5) жоқшылықтың көрінісі.

Алғашқы семасы – негізгі, екінші, үшінші, төртінші семалар – даралаушы семалар, бесінші сема – шеткергі сема болып табылады. Осы шеткергі семасы қатысымдық мағынаны береді.

*Ала киімді, дырау қамшылы атарман, шабармандар екен* [3, 173 б.].



- 1) киім атауы;
- 2) ерекше түсті;
- 3) қоғамның белгілі өкілдеріне тән киім түрі.

Бірінші сема – негізгі, екінші, үшінші сема – даралаушы семалар. Ерекше түстілік, қоғамдағы белгілі бір топ өкілдеріне тән қасиеттері қатысымдық мағынаның негізін құрайды.

*Қызыл-жасыл киініпті. Бұлаңдап үкі тағынып, бұралып ән шырқап, төрімде тайтаңдап жүр [4, 181 б.].*

*Түнеугі салдарының бәрін кешеден бері отауына түгел шақырып алып, әлем-жәлемдерін тағы да киініп, тағынып алып және бір қыр бастап отыр! – деп тоқтады [4, 188 б.].*

- 1) негізгі сема – киім атауы;
- 2) даралаушы сема – ерекше киім түрі;
- 3) даралаушы сема – ерекше түсті;
- 4) даралаушы сема – үкілі;
- 5) даралаушы сема – сал-серілер киімі.

Қызылды-жасылды ерекше түстілігі, қоғамдағы белгілі бір өкілдерге ғана тәндігі қатысымдық мағынаның қалыптасуына себепші болып отыр.

Талдаулардан байқағанымыздай, сөз мағынасының ең кіші мағыналық бөлшегі – семалар – белгілі бір жүйемен тізілген тізбек емес, бірінің үстіне бірі келіп жатқан күрделі тұтастық екен. Семалардың жоғарыда талданған ерекшеліктеріне мысалдарды талдау барысында анық көз жеткізуге болады. Барлық киім атауының жалпыланған атауыштық қасиеттері негізгі семалар болса, оларға тән басты ерекшеліктер – даралаушы семалар, ал қолданыс барысында пайда болған мүмкіндік семалары – шеткергі семалар қатарын құрайды.

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, сөз мағынасын қатысымдық тұрғыдан талдауда оның бойынан негізгі және шеткергі семаларға жіктеу тілдің маңызды ерекшелігін көрсетеді. Бұл тұрғыда И.А.Стерниннің пікірімен толық келісуге болады: «Коммуникативный подход к слову показывает, что значение, реализуемое в коммуникативном акте, несводимо к небольшому числу ядерных сем, выполняющих дифференциальные функции в структуре языка. Оно включает обширную периферию, образуемую семантическими компонентами, которые не выполняют дифференциальных функций в системе лексических оппозиций, хотя оказываются чрезвычайно важными для коммуникации и часто актуализируются в речи» [34, 84 б.].

Сонымен қатысымдық акт үшін мағынаның шеткергі семаларының маңызы өте зор. Олар өте жоғары деңгейде сөздің тілдік қатысымдық бейімділігін көрсетеді. Олардың қатысымдық актідегі аталымдық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, тек қана сөз мағынасының шеткергі семалары көп жағдайда ұлттық-мәдени сипатқа ие болады. Осы семаларда сөздің елтанымдық құндылығы көрініс табады.

### 2.3 Қатысымдық мағынаны тудырушы үрдістер

Кез келген сөйлесімнің семантикалық-синтаксистік құрылымынан туындайтын тура мағынасы және «нағыз сөйлеудегі» мағынасы бар. Бұл лингвистикалық контекст пен коммуникативтік жағдаятқа сүйенеді.

Қатысым барысында коммуниканттар сөйлесімнің тура мағынасының негізінде сөйлеу әрекетін қалыптастырмайтыны мәлім. Сөйлеуші сыртқа шығарған сөйлесімнің негізінде қашанда тыңдаушы анықтай алатын мазмұн болады. Сөйлеу әрекетіне импликация тән.

Сөйлеу қадамдарының негізгі түрлеріне П.В.Зернецкий жиектеуші; орталық; ынталандырушы; қолдаушы; қарсылық білдіруші; жалғастырушы; жаңартушы сөйлеу қадамдарын жатқызады [136, 91 б.].

Жиектеу және орталықтандыру сөйлеу қадамдары тақырыптық болмайды, олар сөйлеу әрекетінің шекарасын белгілеу қызметін орындайды да, негізінен әңгімелесушінің көңілін аудару үшін қызмет етеді. Мұндай сөйлеу қадамдары ретінде коммуниканттар вокативтер, жеке есімдер, экспрессивті шылаулар сияқты тіл бірліктерін қолданады.

Тұрмыстық лексиканы қатысымдық актіде қарастыру семалық вариациалану (түрлену) жеке мағына деңгейінде жүзеге асады. Мағынаның семалық вариациалануы өзекті мағынаның туындау барысын көрсететін нақты сөйлеу актісінің коммуникативтік жағдайына мағына-компетенцияның бейімделуін білдіреді. Нақты сөйлеу актісінің коммуникативтік міндеті – түрлендіруге, яғни «мағынаның семантикалық бірліктерінің актуалдандырылуына» қатысты семалар тобын анықтау болып табылады.

Семалық түрлену (вариациалану) белгілі бір коммуникациялық мақсатқа сай актуалдандыруға тікелей қатысты семантикалық компоненттерді таңдаумен байланысты. Бұл жекелеген семалар деңгейінде семемада қызмет ететін бірқатар семантикалық үрдістердің көмегімен жүзеге асады. Енді осы үрдістерді тұрмыстық лексика тұрғысында қарастырайық.

Семаны актуалдандыру – семаны мағына құрылымынан коммуникативтік жолмен бөліп алу. Мағына құрылымынан бөлінетін кез келген сема негізгі (ядро) және шеткергі (периферийная) түрінде семантикалық түрленуге ұшырайды.

*Әбіш оқа шеккен **тақия** мен ақ жібек **шәлі** жайын ескертті [2, 35 б.].*

Бұл сөйлемде жазушының айтпақшы болған негізгі ойына арқау болып отырған – бас киім түрлері – тақия мен шәлі. Сөйтіп олардың бұл қызметтері негізгі семалардың түрленуіне, басымдылыққа ие болуына себепші болып тұр.

*Ана жолда алғаны үш жылқы еді. Мынада бір кілем, бір тонын арттырып, бес жылқы қып алып отыр [4, 95 б.].*

Сөйлемдегі тұрмыстық лексикаға қатысты атаулар – кілем мен тон сөздерінің шеткергі семалары жетекші сипатқа ие. Яғни олардың негізгі мағыналарына қосымша «төленетін құн» деген **мағынада** жұмсалып тұр. **Семаның күшеюі** – сема айқындылығының арту, өсу жағына қарай ауысуы. Мұндай жағдайда түрленетін мағына құрылымында кездесетін кез келген сема

мағына құрылымымен салыстырғанда, басқа семалардан гөрі айқынырақ, анығырақ болады.

*...бұған біздің қосарлығымыз суға, құрғаққа екеуіне бірдей қолайлы болатын сулық шекпен. Тоннан гөрі шекпенмен тыстаған күні артық болар [6, 335 б.].*

Бұл мысалда киім атауларының ерекшеліктерін салыстыру арқылы күні сөзінің «қолайлылық» деген семасы күшейіп тұр. Оның күшеюіне жылдың әр мезгіліне лайық, қолайлы болу сияқты қосымша мағыналық реңктері себепші болып отыр.

*Қазақ, ноғай байларының кигендері өңшең мәуітімен тыстаған жасыл, көк, қара ішіктер, көбінің сүйетіні тамақ ішік болса керек, сол көбірек. Бірен-саран ғана жанат ішік киген [3, 262 б.].*

Мысалда келтірілген киім атауларының ішіндегі сырт киімдерден ішіндегі «тамақ ішік» деген түрінің «жасалған материалы» семасы басқа семалардан әлдеқайда басым болып тұр. Оның бұл қасиеті қажеттілігімен байланысты. Жанат ішікке қарағанда жиі қолданатындығымен, мол сұранысқа иелігіне қатысты.

**Семаның бәсеңдеуі** – сема айқындылығының кішірею, төмендеу жағына қарай ауысуы. Коммуникативтік байланыста актуалды семаның құрылу барысында кейбір семалардың айқындылығының күшеюіне байланысты келесі бір семалардың айқындылығы әлсірейді, бәсеңдейді. Ол семалар да түрленбегенімен, өздерімен салыстырғанда анағұрлым айқын семалардың қатарында олар көзге көрінбей елеусіз болып қала береді.

Жоғарыда талданған мысалдағы күшейген сема кейінгі сөйлемдегі семаның бәсеңдеуіне себепші болып тұр. «Жасалған материалы» семасы – жанаттан жасалған ішік – қолданыс, сұраныс аясының төмендігінің әсерінен семаның бәсеңдеуіне негіз болып тұр.

*Салқын жүзді билердің сыздана қалған ажарын Базаралы бағып отыр. Кіргеннен бері бір Айтқазы болмаса, бұған шырай берген би, болыс болмаған. Бәрі де шіренген. Бірі байлығына, бірі еліндегі жуандығына, бірі болыстық әміріне, тағы біреулері осы отырыстағы киім сәндеріне маз болған.*

*Базаралының ер көңілін мұндай көрініс жирентсе де, жасыта алған жоқ. Нұрке жиынға жариялап «енді сөзге кірісеміз!» деген жерде Базаралы үлкен кісесі бар күміс белдігін белінен шешті. Қаптал шапанының омырауын серпіңкіреп ашып, малдас құрған қалпында төрдегі билерге қарады.*

*- Уәй, билер! – деді.*

*Үнсіз отырған үй ішін еріксіз жалт қаратты. Кең маңдайы аппақ боп айқындалған. Еркін шабытты жүзіне жас шағының ажарлы қызғылт нұры шыққан Базаралы үлкен, кесек, сұлу кескінде. Көтеріліп алған иығы мен кеудесі мынау отырған барлық адамнан асып, биік тұрғандай. Малға бөккен, киім-бұйымға бөленген мырзасымақ, байсымақтың бәрінің ажары болымсыз, жұпыны киім ішінде болса да, халықтан шыққан Базаралы қасиет ұлындай [3, 106 б.].*

Келтірілген мысалда қоғамдағы жоғары топ өкілдерінің бейнесі «барлық», «байлық белгісі» арқылы суреттелсе, оған керісінше төменгі кедей тап өкілдерінің киімдеріне тән «жұпынылық», «жүдеулік» семалары арқылы беріліп тұр. Сонымен, бұл мысалда жоғары тап өкілдерінің киіміне тән «барлық», «байлық белгісі» семаларының әсерінен кедей тап өкілдерінің киімдеріне тән «жұпынылық», «жүдеулік» семалары айқындалып тұр.

Осы құбылыстың болу мүмкіндігін В. Шмидт төмендегіше анықтады: «сөз мағынасының актуалдану мәселесі монолитті болмайды, ол көптеген элементтерге бөлінеді, олардың кейбіреулері нақты контекст барысында біресе күшейеді, ал енді келесілері – кейінге қалдырылып, тіпті болмаса жойылып яки жаңамен ауыстырылуы мүмкін» [137].

Э.В.Кузнецова жекелеген семантикалық компоненттер түрленімінің айқындылығына қарай олардың алуан түрлі болуына назар аударады. Ол сөзді қолданудағы түрлі контексте болатын сема айқындылығының өзгеруіне байланысты нақты мысалдар келтіреді: «сөздікке сүйенсек, әртүрлі контексте қолданылған бір мағыналы, бір сөз мазмұнына сәйкес толық адекватты болуы мүмкін емес» [138].

Негізгі және шеткергі семалардың барлық айқын мағыналары да бәсеңдеуі мүмкін. Бұл нақты емес актуалды мағынаның туындауына себеп болады. Мұндай жағдайда актуалданған барлық семалар біркелкі айқын болмай көрінеді, бұл актуалды мағынаны нақтыландырмайды. Түрлену құбылысының өзі актуалданатын семаның танымал айқындылығы бар екендігін көрсетеді, актуалдану құбылысының мәні де осында. Алайда түрленетін семалардың айқындылығы әртүрлі деңгейде болады, сондықтан оны сөздің актуалды мәні шеңберінен аса немесе төмен айқын семантикалық компоненттерден ажыратуға мүмкіндік туады.

Мағынаның коммуникацияда айқындалу барысында кездесетін тағы бір семалық үрдіс – **семаның бөлшектенуі**. Семаның бөлшектенуі – семаның толық түрленбеуі, яғни коммуникациялық қызмет барысында семаның тек бірнеше бөлігінің түрленуі. Эксплицитті семалар да бөлшектенеді. Мұнда эксплицитті семаның бір бөлшегі қатысымдық актіде басымдылыққа ие болып, түрленіп, берілген эксплицитті семаның жасырын семасының бірі болып саналады. Бұл эксплицитті семаның бөлшектенуі өз бойындағы жасырын семаның бірі түрлене алатынын білдіреді.

Семаның бөлшектенуі – сөздің ауыспалы қолданысына тән және тікелей қолданыста кездеспейтін семантикалық үрдіс. Жасырын компонент сипатында болып, кез келген объектінің сандық және сапалық қызметін білдіретін семалар бөлшектенеді, осылайша объектіні көрсететін компонент бөлшекті семалармен толықтырылады. Эксплицитті семаның бөлшектенуі барысында оның жалпылама сипаты бар, семантикалық объектісі редукцияға ұшырайтын бөлшегі түрленеді.

Келесі семантикалық үрдіс – **семалардың модификациялануы**. Бұл белгілі бір семантикалық белгі шеңберіндегі семалық нақтыландырғыш мазмұнын контекстуалды тұрғыда қайта тануға мүмкіндік береді.

В.Скаличканың пікірінше, «кез келген немесе тіпті алуан түрлі семаны әртүрлі мәнде қолдануға болады» [133].

Сема модификациясының екі түрі бар: бірі – мағыналық, ол қатысымдық акті барысында сема мазмұнының өзгеруін білдіреді. Екіншісі – модальдық, семаға модальдық реңк беру. Алдымен мағыналық модификацияны қарастырайық. Нақтылы бір семадағы семантикалық белгіні анықтайтын семантикалық нақтылағыш (конкретизатор) осы семантикалық белгі арқылы басқа семалық нақтылағышқа парадигмалық тұрғыдан қарама-қарсы тұрады. Мәселен, «үлкен», «кіші», «орасан» семалық нақтылағыштары «көлем» семантикалық белгісін білдірсе, «жас», «ересек», «кәрі» семантикалық нақтылағыштары бір-біріне «жас шамасы» белгісіне қарай қарама-қарсы қойылған. Семалардың қарама-қарсы қойылуы осы семаларды тіл жүйесіне енгізетін сөздердің бір-біріне қарама-қарсы қойылуы арқылы жүзеге асады. Осыған ұқсас парадигмада кез келген семалық нақтылағыштың өзіндік семантикалық ауыртпалығы болады, ол өзінің денотативті семасын айқындайды. Кез келген сема, нақтырақ айтсақ, кез келген семалық нақтылағыш белгілі бір коммуникациялық жағдайда сөйлеу модификациясына, яғни қайта тануға ұшырауы мүмкін.

*- Ойдағы ұлық, қырдағы қазақ болып, бас қосқан келелі жиының екен. Ағайын! ... дауға келіп отырған менің мырзаларым, мынау Құнанбайлар болады. Бұның қарсысында мал-пұлы жоқ, әрі құны да жоқ, бір шөкім кедей атынан мен кеп отырмын. Құнанбай баласына қайратпен, байлықпен, бақталастықпен не басқа тайталастықпен тең келермін дейтін мен емеспін! Бұл Құнанбай баласында алтын да көп, ат та көп, ас та көп. Құданда, тамыр-танысы бір Тобықты емес, бүтіл Семей атырабында да көптен-көп. «Ұзын арқау, кең тұсау» бұнда болғанда, «қысқа жіп күрмеуге келмес» - менмін!» [3, 107 б.].*

Бұл мәнмәтінде келтірілген мысалдардағы элементтер қоғамдағы екі тап өкілінің бейнесін ашуда маңызды рөл атқарып тұр. Олардың өзіндік белгілері ретінде танылған семалар салыстырыла қарама-қарсы қойылып қатысымдық мағынаны айқындап тұр.

Жоғарыда айтқанымыздай, нақты емес семалардың нақтылағыштарының өзіндік мазмұны, маңызы бар. Нақты емес семалық нақтылағыштың абсолюттік мазмұны да, маңыздылығы да болуы мүмкін немесе оның маңыздылығы болса да, абсолюттік мазмұны болмауы мүмкін. Семалық нақтылағыштың маңызы белгілі бір семантикалық белгісіне қарай семалық нақтылағыштың жүйелік парадигмалық қайта өңделу процесіне сай пайда болады.

Нақты емес сема нақтылағыштарының абсолюттік мазмұны оның өзіндік тақырыптық топ шеңберінде анықталады. Мысалы, аңның жасы немесе көлемі басқа жануарлармен, адамның жасы – басқа адамдармен, құралдардың тиімділігі басқа құралдармен салыстыру арқылы көрсетіледі. т.б. Семалық нақтылағыштың қатыстық маңыздылығы берілген семантикалық белгісіне қарай сөздің бүкіл парадигмасы шеңберінде анықталады. Мысалы, «Жигули» сөзіндегі «қымбат тұрады» деген семалық нақтылағыштың қатыстық

маңыздылығына қарай оның басқа көлік құралдардарының қолданысынан айырмашылығы (көліктің белгілі бір түрінен «шетелдік көліктен» арзан, екінші бір түрінен қымбат т.б.) сонымен бірге қолданыс аясындағы басқа да заттардан (бас киім, аяқ киімнен қымбат, бриллианттан арзан) қатыстық семасы мысал бола алады.

Семаның толық семалық нақтылағышы болған жағдайда оның мазмұны мен жеке-жеке алғандағы маңыздылығы түрленуі мүмкін.

Егер қатысымдық актіде бір ғана семантикалық белгісіне қарай мағыналас екі затты қарама-қарсы қою мүмкіндігі туындаса, онда оның тек маңыздылығы ғана түрлене алады.

Шынайы семантикалық құбылыс ретінде қатыстық маңыздылығы бар семалық нақтылағыштардың және осы маңыздылықты коммуникация барысында түрлену мәселесі көптеген баяндау тәсілдерінің баламасын түсінуге мүмкіндік береді.

Сема маңыздылығы сыртқы ортадағы заттардың шынайы қарым-қатынасын жекелеген белгілеріне қарай көрсетіп, сөз семантикасында қолданыла отырып, сол тілде сөйлеушілердің тілдік компетенциясына енеді. Маңыздылық дифференциалды ақпарат береді, бірақ оның мазмұны бай, шынайы семантикалық компонентті білдіреді.

Бірліктері эксплицитті түрде баяндалған, оппозициясы белгілі бір мағынаға ие дифференциалаушы контекст коммуникациялық актідегі осы маңыздылықтың түрленуінің міндетті шартына айналып, осылайша кез келген контекстегі маңыздылықты түрлендірудің формалық көрсеткіші ретінде қызмет көрсете алады. Семаны модификациялау берілген сепадағы нақтылағыштың абсолюттік мазмұны немесе жай ғана маңыздылығы бар-жоқтығын ескере отырып жүргізілуі тиіс. Әрқашан нақты абсолютті мазмұны модификациялануына орай, модификацияға толық семалық нақтылағышқа ие семалар ғана ұшырауы мүмкін; егер семалық нақтылағыштың абсолютті мазмұны жоқ болса, онда оның модификациялануы мүмкін емес.

*Басында алтайы бөрік, үстінде қасқыр ішік, қолында қайың сап дойыры бар бейтаныс жолаушы өзін ұлы жүз қазағы Абағаймын деп таныстырды.*

*Ойбай-ау, мынаның басындағы өзіміздің шөмекей тымақ қой!* [19, 344 б.].

Осындағы *алтайы бөрік, шөмекей тымақ* тіркестеріндегі «бөрік», «тымақ» лексемалары – «бас киім» деген семантикалық белгіден және «рулық» деген семантикалық нақтылағыштан тұр.

*«Қылышын сүйретіп қыс келеді. Балалардың жылы киімі, етігі жоқ, – деп айта береді. От ала келген қатындар да соны айтады. «Етік болмаса күпі мен шапан сияқты нәрселердің жарасы жеңіл зой. Бір-екі рет қыздарды жиып жіберсе, бітіп қалады зой – деп жүрді»* [20, 86 б.].

Бұл мысалда киім атаулары өздерінің негізгі қызметтерімен қатар «қыс камы» ретінде алынады. Сондықтан да бұл атаулардың микрокомпоненттерінің құрамына контексте танылғандай мынадай семаларды қосуға болады:

- 1) қыстың ең басты қажеттілігі;
- 2) оңай қол жеткізуге болатын киім түрлері (күпі, шапан);

- 3) ең зәру (етік);
- 4) қол жеткізу қиын зат (етік).

Осы келтірілген семалар арқылы аталған киім атауларының контекстегі қолданыстары арқылы олардың мағыналары айқындала түскеніне көз жеткізуге болады.

Келесі семантикалық үрдіс – семаны нақтыландыру. Семаның өзіне тән абстракциясы болады. Өте жоғары деңгейдегі абстракциялы семалар коммуникациялық қарым-қатынас барысында семалық вариация ретінде көрінеді. Фонетикалық онология бойынша семалық вариацияны аллосема деп атауымызға болады.

Аллосема – сөйлеушінің коммуникациялық ниетімен шартталған және нақты лексикалық мағынасы бар семалардың нақты вариациясы. Олар коммуникативтік қарым-қатынаста нақты лексикалық бірлік семантикасы арқылы берілген, аллосеманы құрайтын белгілі бір бірлікті таңдау сөйлеушінің коммуникативтік ниетін нақтылау аясына қатысты жасалады. Сема сөйлеу барысында әртүрлі аллосемалар арқылы байланысқа түсуі ықтимал.

Бір ғана аллосемаға ие семаларды суреттеу қиындық туғызбайды. Ал бірнеше аллосемаға ие семаларды алсақ, оның қай нұсқада қолданылуына қарай қай семаны анықтау қажеттігі туралы мәселе пайда болады. Бұл жағдай сөздің жүйелі мағынасын анықтау үшін аса қажет.

Коммуникациялық қарым-қатынаста болатын семаны нақтылау сөйлеушінің абстракттілі семадан нақты аллосемаға сөз мағынасы құрамы арқылы ауысуына қатысты жасалады. Семаны нақтылау дегеніміз – оны түрлендіруді жүзеге асыратын үрдіс. Ол нақты сема нақтылауды қажет етпейтіндігіне байланысты, өте жоғары деңгейде абстракттілі семаларды ғана нақтылайтын құбылыс.

**Семаны қолдау** – коммуникативтік қарым-қатынас барысындағы өзектендірілетін семаның вербалды экспликациясын көрсететін үрдіс. Бұл экспликация семаның контекстуалды күшею құралы ретінде қолданылады. Экспликация макроконтексте де, (тұтастай мәтінде де) микроконтексте де (сөйлемде) жүзеге асады. Құрылымдық қарым-қатынаста экспликация препозитивті, постпозитивті, ал мазмұндық қарым-қатынаста – сөздің актуалды мағынасымен тең дәрежеде болады.

Біз ұсынып отырған экспликация анықтамасының М.В.Никитиннің осы терминге берген анықтамасынан айырмашылығы бар. Ол экспликация деп тілдегі зат пен белгі қарым-қатынасы көрінісі сөзінің кең мағынасын түсінеді. Мысалы: жыртқыш – жолбарыс, Мәскеу дегеніміз Мәскеу, күн күркіреді т.б, [43] ал біздің анықтамамыз бойынша, экспликация сөйлеу тілі қатынасындағы актуалдандырылған семалардың вербалды жолмен берілуі болып есептеледі. Е.И.Шейгалдың көзқарасы бойынша, семантикалық компоненттің экспликациясы сөйлеу жағдайындағы компоненттерді анықтау және жіктеу, сонымен бірге мәтін байланысын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылуы мүмкін. Әлсіз шеткергі семаларды қолдау үшін экспликация аса қажет. Себебі

экспликацияның қолдауынсыз бұл семалар актуалдандырылмайды және ол тілдік қарым-қатынас барысында түсініксіз болады [139].

**Сема енгізу** – семаны мағынаға коммуникациялық жолмен енгізу үрдісі. Сөздің жүйелі мағынасында жоқ семалар алынады. Енгізілген бұл семалар оккозионалды қолданысқа жатады.

*Әй, Ырғызбай, мынау елді көрдің зой!.. Өліспей беріспейді. Мен солай ет дедім. Тек соқтығып көр, арындаған Ырғызбай, артың ашылады. Басыңа қызыл тақия киіп, бөксеңе шақпақ таңба соқтырып қайтасың* [3, 145 б.].

Бұл жердегі енгізілген сема – «жазалану» семасы. *Қызыл тақия* тіркесі бұл қолданыста өз мағынасында тұрған жоқ. Тілдік қарым-қатынас барысындағы жағдаятқа байланысты киім атауына «жазалану» деген сема қосылып тұр. Сөйтіп, жазушының жекелік, оккозионалды қолданысы арқылы *тақия* атауының қатысымдық мағынасы туындап отыр.

И.В.Сентенберг контекспен енгізілетін семалардың екі түрін көрсетті: «мағыналық» және «эмоционалды-экспрессивтік коннотация» [140]. Бұл жіктеу орынды, дегенмен де көптеген жағдайда енгізілген денотаттық семаларды ажырату өте қиын.

Коннотаттық семаларды енгізу процесі мағына құрылымында «эмоция» және «баға» сияқты автономиялық семантикалық белгілер болған жағдайда жүзеге асырылады. Коннотаттық семалар өзен, үстел, ағаш, жүргізуші т.б. осы сияқты сөздердің мағынасына факультативті жолмен енгізілуі мүмкін.

«Баға» және «эмоция» сияқты автономиялық бірліктері міндетті түрде контекстік нақтылауды, яғни міндетті түрде белгілі бір нақтылаушыны енгізетін сөздер қатары көп кездеседі. Осындай мысалдардың қатарына ықтималдық коннотаттық семаларды қосуға болады. Мәселен, субъективті-бағалауыштық қосымша жалғанған сөздер коммуникациялық қызметте сөздердің ықтималдық коннотаттық семаларын анықтайды, ал қалған жағдайда коннотацияға тек шолу жасалады.

Денотаттық және коннотаттық семалар мағынада бір уақытта енгізілуі мүмкін.

Сонымен, семантикалық үрдістер сөз мағынасының қатысымдық аспектіде жұмсалуды айқындайтын бірден-бір жол болып табылады. Жоғарыда талданған семантикалық үрдістер, семалардың түрленімдік қасиеттері олардың коммуникация барысындағы ерекшеліктерін аша түсуге, қатысымдық семантикадағы «сөз мағынасының актуалдануы» ұғымының қалыптасуына негіз болады.

#### **2.4 Қатысымдық үрдістегі сөз мағынасының актуалдануы**

Қатысымдық мағынаға (коммуникативтік семантикадағы) қатысты негізгі мәселелердің бірі – сөздің актуалды мағынасы туралы ұғым. Өйткені тіл білімінде қатысым кезінде қолданылатын сөз мағынасын айқындауды тілшілер оның мағынасының актуалдылығымен түсіндіруге ұмтылса, қазақ тіл білімінде оны негізінен жиірек қолдану ерекшелігіне қарай, яғни қолданыс жиілігіне қарай қарастыруға ұмтылып жүр. Шындығына келгенде, қатысымдық



мағынаны қарастырудағы бұл екі аспект бірін-бірі толықтырып отыратын мәселенің екі жағы деп қарауға болады. Алайда, тіл біліміндегі ғалымдардың еңбектері мен тәжірибелерін негізге алсақ, актуалды мағына мәселесі арнайы теориялық тұрғыдан қарастырылып, қазақ тілінің материалдары негізінде қазақ тіл білімінде де талдауды қажет ететін өзекті мәселе.

«Мағына» термині логика, философия, әдебиеттану, лингвистика, психология сияқты гуманитарлық ғылымдарда әртүрлі мағынада кеңінен қолданылып жүр. Осы себепті «актуалды (өзекті)» атрибутының термин ретіндегі тіл біліміне қатысты мағынасын шектеу үшін өзгеше қолданып, оның орнына «мән» терминін лингвистикалық тұрғыдан қарастырған орынды.

Мағына сөзінің лингвистикалық түсінігіндегі элементтері психология саласында қолданылатын ұғымнан да көрініс табады. «Психология саласындағы түсінікте психикаға мағынаның ену тәсілі ретінде түсіндіріледі. Таңбаланған ырғақ, мақсат, мазмұн қызметтің психологиялық құрылымы арқылы шартталған мұндай тәсіл таңбалық образдың сипаттамасы болып табылады» [141].

Бүгінгі лингвистикада мағына терминімен бірге «мән» ұғымы да қатар қолданылып жүр. «Мағына» және «мән» терминдерінің арақатынасы – айырмашылығы мен ұқсастығы жөнінде де әртүрлі түсініктер мен пікірлердің пайда болып, қолданыстардың қалыптасып жүргендігі де анықтап, талдап алуды қажет ететін түйінді мәселе. Осы мәселе төңірегінде Д.П.Горский бұл екеуінің арақатынасын бір ғана лексикалық бірлік шеңберіне салып, нақтылы талдаған: «мағына» сөзі таңба жиынтықтарының топтарын жеке-жеке белгілеу үшін қолданылады. Оның көмегі арқылы бір-біріне ұқсас заттар ажыратылып, атау беріледі. Заттың көптеген белгілері болады. Сондықтан біздің тілдік тұлғаларды басқа заттардан өзіндік белгілері арқылы ажыратып, таңбалық белгілерінің түрлі топтарын өзара байланыстыруға мүмкіндігіміз бар. Мәселен, «су» сөзін басқа заттардан ажырату мақсатында бір топқа жататын мәндік анықтамасын (мысалы, «түссіз, дәмсіз, салмақсыз») екінші топқа жататын мәндік қолданыспен («молекулалық құрамында сутекті екі атом және оттегінің бір атомы бар химиялық зат») байланыстыруға болады. Бұл екі жағдайда да «су» сөзі бір ғана мағынаға ие. Себебі бұл сөзбен бір ғана затқа атау беріледі, әйтсе де бұл зат өзінің басқа заттардан айырмашылығын білдіретін түрлі белгілері тұрғысынан танылады. Бұл жағдайда «су» сөзі бір ғана мағынада, бірақ түрлі мәнде қолданылғандығын байқау қиын емес. Адамды әрі қоғамдық, әрі биологиялық мәнде қарастыруымызға болады және кез келген жағдайда біз «адам» сөзімен түрлі белгілерді байланыстырамыз [142]. Р.Аллен еңбегінде осы мәселеге ұқсас анықтама бар: «...лингвистикалық бірліктің әлеуметтік «мәні» нақты жағдайда, осы бірліктің денотациясын немесе коннотациясын құрайтын семантикалық компоненттердің өзіндік комбинациясының бүкіл ауқымын ажырату үшін, «мағына» және «мән» терминін екінші жағдайда қолдануға болады деп санап, осылайша, сөздікте лингвистикалық бірліктердің мәні болмайтын мағыналар алынады» [143].

Мағына мен мәннің ажырамас бірлікте, тұтастықта екенін Э.Д.Сүлейменова былайша түсіндіреді: «Значение и смысл взаимонеобходимы. Ни значение, ни смысл нельзя познать как автономные сущности; они неотделимы друг от друга. Никакой смысл не может быть донесен без значимых выражений. То, что воздействует на смысл, усиливает, видоизменяет или уничтожает его, так или иначе связано со значением. И наоборот, все, что, характеризует значение, затрагивает и смысл. Нельзя полностью изолировать ни значение от смысла, ни смысл от значения» [113, 10-12 бб.].

Кейбір авторлар мәнді контекстен тыс сипаты бар мағынамен салыстырғанда өзгеше контекстегі сөздің мазмұны ретінде түсіндіреді.

Г.В.Колшанский коммуникативтік актідегі мағынаны контекстік тұрғыда шартталған мағынаның талдамасы (интерпретациясы) ретінде анықтайды [4]. Л.М.Васильев болса, мән – ситуациялық және контекстік ақпарат жиынтығындағы нақты денотатта қолданылған тілдік мағына деп түсіндіреді [144, 20 б.]. Оның бұл ойы Н.И.Жинкиннің пікірімен сәйкес келеді: «Мән дегеніміз – бар шындықты көрсететін құбылыс» [145, 131 б.]. Ю.С.Степанов, «мән» сөзін қолданбастан, осы құбылыс туралы былай деп жазған: «сигнификат сөзі әр түрлі қолданысына қарай өз құрамындағы түрлі семаларды өзектендіреді, бұл – осы сөзбен сәйкес, түрлі жағдайда әртүрлі құрамда қолданылатын ұғымды қамтитын белгілер» [44, 51 б.].

Өзекті мағына ұғымын қолданған ғалымдардың бірқатары оны басқа терминдермен белгілеген. Мәселен, И.В.Сентенберг осы өзекті мағына ұғымын «мағынаның мәтіндік нұсқасы» [146, 108-109 бб.], В.Г.Гак «мағынаның ауысуы» [147, 89 бб.], Э.В.Кузнецова – «мағынаның денотативті нұсқасы» [148]. Г.Пауль – узуалды мағынаға қарама-қарсы «окказиональды мағына» терминімен береді [149, 94 б.].

А.Ф.Лосевтің пікірінше, сөзбен белгіленетін ұғым интерпретацияланған зат болып есептеледі. Мәселен, «Ағаш ұстасы орындық жасады» сөйлемінде ағаш шебері қызметінің бір ғана қыры ашылған. Дегенмен ол тек қана орындық емес, үстел, есік т.б. заттар жасай алады; «барлық жағдайда да ол өзінің ерекше бір қырынан танылады. Ол сонымен бірге тамақ жеп, ішеді, ұйықтайды, қыдырады, газет оқиды...трамвайда немесе автобуста жүреді». Ағаш шебері қызметінің барлық жағы да «ағаш ұстасы» сөзінен шығады, осылайша ол осы сөзді шексіз әртүрлі тәсілдермен түрлендіреді. Одан әрі: «жалпы айтсақ, ағаш ұстасы ұғымы – өзінің қызметіне қарай шексіз, осыған орай «ағаш ұстасы» сөзінің де қызметі шексіз болып есептеледі. Бірақ біз «ағаш ұстасы» сөзін айтқанымызда шексіз қасиеттерімен ағаш ұстасының бір ғана қызметін негізге алдық, сонымен бірге бұл сөзді бірден осы шексіздікті шектеген тілдің контексіне бағыттадық», – деп жазады [150, 399-400 бб.]. Расында, коммуникацияның мақсатына жету үшін оған тән белгілердің, сөзбен аталған ұғымға тиесілі ерекшеліктер мен мүмкіндіктердің бәрін бірдей сол контекст аясында қалдырмай қамтып отыру мүмкін емес. Керісінше, тілдік бірлік белгілі бір мағынасы бар лексикалық құрамның бір бөлігі болғанымен, қолданыс мақсаты, контекстік мақсатқа сай анықталатын қолданыс мәндері, әртүрлі

өрістері бар. Демек, сөз мағынасы қолданыста негізгі мағынадан гөрі нақтылы мәнге жақындайды. Сөз мәні өз мағынасына қарағанда қатысымда белсенділік танытады. Ол дегеніміз – сөз мағынасы қолданыстағы мәніне қарай ыңғайланып, сол контексте актуалданады.

И.А.Стернин осы атаулардың ішінде «актуалды мән» терминінің тиімділігін айта келіп, оның себебін былайша түсіндіреді: «термин «актуальный смысл» для обозначения коммуникативно-релевантных компонентов значения слова удобен, так как он достаточно прозрачен и мотивирован бытовым употреблением слова «смысл» (В каком смысле ты это сказал? – т.е. уточни аспект, поворот своей мысли, свое коммуникативное намерение)» [34, 100 б.].

Сөздің актуалды мағынасы нақты коммуникативтік міндетке бағындырылған нақты коммуникативтік қызметтегі мағынаның актуалдану мүмкіндігінің бірін білдіреді. Ш.Балли негізін қалаған актуалданудың классикалық теориясында актуалдану мәселесі мағынаның шынайы бір зат немесе көрініспен арақатынасы ретінде қарастырылады. Ш.Балли тілдік таңбалардың виртуалдылығына сүйенген, олар алдымен сөйлеуші субъектілердің ойында белгі қызмет көрсетеді. Ұғым – виртуалды, ол – ойдың жемісі, ол – бір топтың көрінісін білдіреді (зат, процесс, немесе сапа). Виртуалды ұғымды көлеміне қарай ажырату мүмкін емес, ол мазмұнына, ал актуалдандырылған ұғым көлеміне қарай анықталады, алайда Баллидің пікірінше, ол мазмұнына қарай белгісіз болып табылады, өйткені оның ойынша, «шынайы ұғымның көптеген белгілері бар, олар ешқандай практикалық тәжірибені жоққа шығара алмайды» [151, 312 б.].

Сөйлеу тілінде (речь) виртуалды ұғым актуалданады, сөйлеуші субъектінің шынайы көзқарасымен байланысады, бұл оның жалпыдан жекеге көшуі, өтуі болып табылады, ал ұғымның жекеленуі дегеніміз – оны қысқарту және санына қарай анықтау. Ш.Балли сөйлеу тіліне қатысты тілдің жетекші ролін (соссюрлық мәнде) анықтайды: актуалдандыру мәселесі өз айқындылығына қатысты статистикалық тұрғыдан сөйлеу тілінің негізін қалайтындығын көрсетеді. Осыған байланысты сөйлеу тілді білдіреді, өйткені тіл – актуалдандырудың негізгі құралы, онсыз сөйлеу тілі жүзеге аспайды [151, 94 б.] Демек, бұл пікірді негізге алсақ, актуалданудың қозғаушы күші – қатысымдағы сөйлеу тілі, статистикалық жағдайдағы сөйленетін қатысым тілі, қатысым мақсаты. Қарама-қарсы мәнінде актуалдану – сөйлеу тілінің негізі.

Ш.Баллидің бұл ойын И.А.Стернин былайша саралайды: Ш.Баллидің концепциясындағы елеулі кемшілік – ол актуалдандырылатын ұғымды мазмұнына қарай талдап, белгісіз, шексіз ұғым деп қарастырды. Шындығына келсек, актуалдандырылған ұғымды заттың бүкіл белгісімен емес, соның бірқатарымен, яғни коммуникациялық жағдайдағы ең маңыздысымен ғана теңестіре аламыз, – дей келе, зерттеуші көзқарастарының сөз мағынасының қатысымдық актідегі қызметін анықтау барысында тиімділігін атап көрсетеді. Сондай-ақ, көрнекті лингвист мағынаны психикалық құбылыстың семантикалық нысаны болуының өзі оның актуалдануының жүзеге асуы дейді. Оның себебін қарым-қатынас барысында мағынаның тек кейбір

компоненттерінің ғана маңызды болатындығымен түсіндіреді. А.Р.Лурия бұл мәселені кез келген коммуникациялық жағдайдағы сөйлеушінің коммуникативтік міндетіне елеулі болсын, елеусіз болсын, заттың бүкіл белгілері туралы ақпарат бірден түсуі мүмкін емес. Сөйлеу тілінде құрамына сөйлеушінің коммуникативтік міндетін жүзеге асыруға қажетті компоненттер кіретін мағына ғана актуалдандырылады. Адамның сөйлеу барысында актуалды мағынаны түсіну барысы ерекше психикалық процесс болып саналады, сондықтан мұнда елеулі кемшіліктер болуы мүмкін деп есептейді [152, 230-231 бб.].

Коммуникативтік байланыс барысында адекватты немесе бейадекватты түсінік, сонымен бірге түсінбеушілік те болуы мүмкін. Адекватты түсіністік немесе түсініспеушіліктің болуына оның сөзді тура мағынасында емес, тыңдаушы санасына оның өз ойындағы семантикалық ресурстарын актуалдандырып «жеткізуі» себеп болуы мүмкін. «Тыңдаушының басында оның ойынан тысқары, оған әлі берілмеген, дегенмен оның өз ойына ұқсас сөйлеушінің ойы пайда болады». Осылайша түсінік дегеніміз бір жағынан резонанстық ой болып табылады. Сөйлеуші ойындағы оның адекватты деңгейі әртүрлі болуы ықтимал [153, 5 б.]. Қарым-қатынас үрдісіндегі мағынаның резонанстық сипаты тыңдаушыға өзінің семантикалық компетенциясын қолдануға мүмкіндік береді. Нәтижесінде ол коммуникаторға қарағанда «кем» немесе «артық» түсінуі мүмкін, ал компетенция болмаған жағдайда ол ештеңе түсінбейді.

Бұл тұрғыда Э.Д.Сүлейменованың пікірін ескерген жөн: «Формирование коммуникативного смысла определяется взаимодействием всех компонентов. Номинативная основа формирования смысла в рамках коммуниктивного акта занимает важное место: именно номинативное содержание текста помогает выявить и конкретизировать коммуниктивно-прагматические составляющие смысла. Обозначение фрагментов действительности, их свойств, ситуации, событий, психических состояний, результатов мышления входят в когнитивные структуры, включаются «в глубинные связи с конструктивными процессами по продуцированию и восприятию смысла» [113, 82-83 бб.].

Мағынаны актуалдандыру үрдісін айқындау барысындағы сөйлеу тіліндегі ең маңызды мәселе – «актуалдандыру» және «семантикалық вариациялану (нұсқалану)» ұғымдарының өзара қатынасын анықтау болып саналады. Осы «семантикалық вариациялану» ұғымының пайда болуына байланысты мағынаның актуалдануындағы көптеген мәселелердің теориялық түйіндері жасалып, ұтымды зерттеулер жүргізілді.

Сөздің семантикалық вариациялануы дегеніміз – тілде жүзеге асатын вариациялануға сәйкес жалпы тенденцияларды (бағыттарды) айқындау.

Г.Г.Ивлеваның пікірінше, «вариациялану мүмкіндігі тілдің табиғатында жатыр. ... вариациялану процесін тілдегі заңдылық деуімізге негіз бар. Өйткені ол – түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерді сипаттайды әрі тілдік дамудың тұрақты белгісі. Вариациялану – тілдің өмір сүруінің бір тәсілі» [154, 121-128 бб.].

Семантикалық вариациялану – сөзді вариациялаудың бір түрі ғана, сөздің тұлғалық, яғни оның материалдық сипатына тән формалары бар. Сөзді семантикалық жолмен вариациялаудың маңыздылығына В.Матезиус та назар аударған. Сонымен қатар, бұл мәселемен В.В.Виноградов, А.И.Смирницкий, О.С.Ахманова айналысты. В.В.Виноградов фонологиялық, экспрессивті-морфологиялық, фонеморфологиялық, экспрессивті-стилистикалық, лексика-фразеологиялық және сөздің басқа да нұсқаларын бөліп қарастырды. Ол сөз мағынасының вариациялануы мен осы сөздің контекстік қолданысының өзара байланысын атап өтті. А.И.Смирницкий сөздің лексика-семантикалық нұсқасы ұғымын енгізді (фонетикалық және морфологиялық нұсқасымен қатар) және сөздің түрлі қолданылу деңгейіндегі тепе-теңдік ұғымын анықтады. Ал О.С. Ахманова сөзді вариациялау шегінің теориялық ұғымын енгізді. Кейінірек ғалымдардың басым көпшілігі варианттылық мәселесін теориялық әрі практикалық тұрғыдан негізге ала отырып кеңінен қарастырды.

Вариациялау мәселесін зерттеудің нәтижесінде тіл білімінде сөзді нұсқа бірлігі ретінде қабылдау ұғымы қалыптасты, осыған орай фонема аллафон бірлігі ретінде қарастырылады. Осылайша, сөздің семантикалық вариациялануы сөзді вариациялаудың, сонымен бірге жалпылай алғандағы тілдік вариациялауды табудың жекеше жағдайы деп есептелінеді.

Тілдің лексика-семантикалық жүйесінің бірлігі ретінде сөз бір мағыналы және көп мағыналы болып, екіге бөлінеді. Соңғы жағдайда сөздің сөйлеу тілдік семантикалық вариациялануы актуалданған семаны, сонымен бірге актуалдандыру үшін белгілі бір сема жиынтығының ішінен қажетті семаны таңдау үрдісімен байланысты. Бір мағыналы сөзді актуалдандыру барысында мағына құрамынан алынған семалар ғана актуалдандырылады. Кез келген жағдайда да жекелеген актуалдандыру сөйлеушінің коммуникативтік міндетіне сай жасалынады. Актуалдандырудың аталған түрлерінің ішінде сөзді семантикалық вариациялаудың екі түрі бар. Сөзді вариациялау, яғни сөзді лексика-семантикалық жолмен вариациялау. Бұл белгілі бір жүйелі тілдік құралдар тобының көмегімен жүзеге асады. Жүйелі тілдік құралдарға лексикалық және синтаксистік дистрибуция, морфологиялық түрлі белгілері, тақырыптық бекіту жатады. Осы аталған факторлар жеке-жеке әрі бір-бірімен сәйкесіп те қызмет етеді, бірақ әрбір семемаға сөйлеуде бір мағынада болатын мағынаны шектеудің нақты құралдарының жиынтық қасиеті тән. Аталған құралдардың қатарына семеманы ситуациялық бекіту және семеманың ишараттық түрлі белгілерін, яғни экстралингвистикалық факторын, сонымен бірге жекелеген семаларды актуалдандыруды қамтамасыз ететін «жекеден жоғары тұратын» факторларды қосуға болады [155, 87 б.].

Сөздің лексика-семантикалық вариациялануы жеткілікті деңгейде зерттелген, ол сөздің лексика-семантикалық нұсқасының пайда болуы және олардың сөйлеу тілінде қалыптасуын жүзеге асыратын механизм ретінде дәлелденген. Дегенмен бұл лексикалық бірлікті семантикалық жолмен вариациялаудың жалғыз түрі емес; сөйлеу тілінде жеке мағына семалық құрамына қарай вариацияланады. Семантикалық вариацияланудың бұл түрін

семалық вариациялану деп атаймыз. «Семантикалық вариациялану» термині вариацияланудың екі түріне де ортақ қолданылады.

Семантикалық вариацияланудың екі кезеңі бар: ең алдымен семема, содан соң актуалдандыру мақсатында қатысымдық маңызды семалар таңдап алынады. Алайда бұл екі кезең тек теориялық тұрғыда ғана ажыратылады, себебі сөз нақты коммуникациялық міндетке байланысты бір мезгілде актуалдандырылады. Коммуникацияда олардың аражігін ажырату мүмкін емес. Бұл мағынаны актуалдандыру семантикалық компоненттерді актуалдандырылмай жүзеге асыру мүмкін еместігін білдіреді, ал семантикалық компоненттерді актуалдандыру – мағынаның семалық түрленуі болып саналады.

Көп мағыналы сөздер лексика-семантикалық та семалық та болған жағдайда, бір мағыналы сөздер тек қана семалық вариациялануды білдіреді. Осылайша, сөздің актуалды мағынасы коммуникациялық байланыстағы мағынаның семалық вариациялануы нәтижесінде пайда болады.

Сөздің мағынасы коммуникативтік байланысқа, яғни А.А.Брудныйдың терминологиясы бойынша белгіге (сигналға) айналмай тұрып, өздігінен ешқандай хабар бере алмайды; «таңбаның мағынасының құрамында ол коммуниканттарға таныс болғандығына қарай ақпарат болмайды; таңбаның мағынасы көп. Таңба актуалдандырылып, осы таңбаны басқа да таңбалар және нақты жағдаймен байланыстыратын қарым-қатынастың күрделі торабымен қамтыған жағдайда ғана ол белгі бола алады». Сөздің коммуникативтік қолданылуы, оның коммуникативтік байланысқа түсуі белгілі бір актуалды мағынаның пайда болуын қамтамасыз етіп, сөздің белгілі бір семантикалық тұрғыдан жүзеге асу деңгейін анықтайды. Коммуникациялық жағдай сөздің кең мағынадағы контекст ретінде қарастырылады; «мұндай жекелеген сөздер бір хабардың құрылуын және жеткізілуін алдын-ала тұспалдайтын коммуникациялық байланысқа түспесе, олар белгілі бір нақты затпен сәйкестендірілмейді (сол сөзбен белгілі бір затты атау мүмкін емес). ... Осы мағынада егер коммуникацияның дискретті сипатын, соған орай контексті де ескерсек, «коммуникация» және «контекст» ұғымдары толық сәйкеседі». Яғни, коммуникация мен контекст бұл тұста бір-бірін толықтыратын терминдер болып саналады» [110, 87 б.].

Контекст бірліктің семантикалық белгісінің жүзеге асуына тікелей әсер ете отырып, өзі де ерекше семантикалық бірлік ретінде қызмет көрсетеді; «контекст баяндау құрылғанға дейін туындамайды, ол керісінше, коммуникацияның ұйымдасу жолына қарай туынды болып саналады. Контекст сөздің құрылу сәтінде пайда болады, сөздің әрбір құрылу кезеңінде қызмет атқаратын лексема немесе грамматикалық формаларды таңдау жұмысы сол сөздің құрылуына сәйкес барлық контекстке жүктеледі. Осы негізді ұстана отырып, контекст сөздің лексема және грамматикалық формаларының мағынасымен қатар, тең бағытты семантикалық бірліктің туындауына қатыса алатындығына негіз бар. Сөздің (фразаның) туындауы дегеніміз – жекелеген

форма, сөз және сөз мағынасын жүзеге асыруға бағытталған семантикалық жағдайдың жасалуы.

Өртүрлі сөйлеу контексті тіл жүйесінде қалыптасқан сөз семантикасының түрлі мүмкіндіктерін жүзеге асырады; осыған байланысты сөйлеу тілі «тілдік бірліктердің қималануы (усечение) емес, осы бірліктер әлеуетінің жүзеге асуы ретінде қызмет етеді»; «Тіл бірлігі ретінде сөз шындықтың нақты құбылыстарымен бірге берілген дыбыстық кешенінің жалпылама бағдарламасын ұсынады». Сөздің тілдік әлеуеті ретінде құрылған бағдарлама сөйлеу тілінде айтылымның мәнін анықтайтын жағдайдың шынайы нақтылығымен сәйкесуінің негізінде жүзеге асырылады», – деп жазды Ф.И.Литвин [156].

Сөз мағынасының семантикалық вариациялануы Э.Д.Сүлейменованың пікіріне сүйенсек: «семное варьирование значения представляет собой приспособление «значения – компетенции» к коммуникативным условиям речевого акта, выражающееся в образовании тех или иных актуальных смыслов. Коммуникативная задача конкретного речевого акта определяет набор сем, подлежащих актуализации. Таким образом, слово получает «свое номинативное завершение» в рамках конкретного речевого акта, в котором реализуются и когнитивные, и коммуникативные, и прагматические условия», – деп айқындалады [113, 85-109 бб.]. Міне, осы жерден келіп семалардың актуальдануы келіп шығады. Бұдан шығатыны, мағыналардың актуалдануы дегеніміз – қатысымдық қолданыс мақсатына сәйкес сөз мағынасын құрайтын семалардың түрлі нұсқаларының пайда болып, коммуникациялық қажеттіліктерді өтеуге жарамды болуы.

Қорыта келгенде, сөздің актуалды мағынасы дегеніміз – сөйлеу тілінің нақты қызметі барысында қолданылатын, қатысымға қажетті маңызды семалардың жиынтығы. Ол сөздің жүйелі мағынасының қатысымдық маңызды компоненттерінің актуалдандырылуға қатысты жүзеге асырылады және қатысымның жүзеге асырылуы барысында көрініс табады.

#### **2.4.1 Тұрмыстық лексиканың тура мағыналық қолданыстағы актуалдануы**

Қатысым актісіндегі адресат факторын Н.Д.Арутюнова үш мәнбірмен белгілеп көрсетеді. Олар: 1) адресаттың перлокутивті эффектпен байланысы; 2) әңгімелесушілердің рөлдерінің ауыспалылығы; 3) сөйлеу актісінің тұлғааралық қарым-қатынас құралы екендігі. Бұл жерде ғалым бірінші мәнбірді орынды атаған [157]. Себебі перлокутивті функцияны жіктеген кезде сөйлесім контексіндегі логикалы-семантикалық байланысты және әсер етудің болымды/болымсыз жақтарын ескерген дұрыс. Өйткені перлокутивті функцияның түрі экстралингвистикалық мәнбірлерге, жағдаятқа, пресуппозицияға, коммуниканттардың өзара қарым-қатынасына, яғни нақты сөйлеу актісіне тәуелді болады.

Қатысым актілері арқылы тыңдаушыға әсер ету үшін сөйлеуші белгілі тіл бірліктерін қолданады. Кез келген перлокутивті қызмет негізінде сөйлесімнің

үш салаға: әрекетке, ойға, эмоцияға бағытталған перлокутивті мақсаты жатыр. Сөйлеу актілерінің прагматикалық типтерінде (констатив, квеситив, директив, менасив және т.б.) тілдік бірліктермен берілген авторлық интенция перлокуцияны да болжайды.

Қатысым әрекетін жоспарлап, оны жүзеге асыру кезінде коммуникант қатысымға қатысушы тыңдаушының әлеуметтік сипатын, соның ішінде рөлдік сипатын есепке алады. Себебі сөйлесу барысында адамдар не тыңдаушы не сөйлеушінің рөлін қабылдайды да, әрекетке қатысты өз бағаларын береді.

Қарым-қатынас үрдісін әлеуметтік тұрғыдан бақылау қатысымдағы адамдардың рөлдік репертуарына сай жүргізіледі. Психологияда рөл дегеніміз – әркімнің әртүрлі әлеуметтік позицияда өзіне тағайындалған, белгіленген әдебі. Әрине, бір адам жағдаят түріне қарай әртүрлі рөл (әке, отбасының мүшесі, маман, тұтынушы, жолаушы т.с.) атқарады. Бұл жерде оның әлеуметтік рөлінің алатын орны ерекше. Себебі әлеуметтік рөлдер қатысымға қатысушылардың сөйлеу әдебін анықтайды. Жағдаят кез келген коммуникативтік актіге әсер ету есебімен қатысушылардың әлеуметтік рөлдерінің, олардың психологиялық күйін толық қарастырады.

Қазақ тіліндегі тұрмыстық лексика атауларын қатысымдық актіде қарастырып көрсек. Аталған лексика-семантикалық топ алдымен дәстүрлі емес тура қолданыста, кейін окказионалды ауыспалы қолданыста талданады.

Аktуалдану процестері сөз мағынасының микрокомпоненттері, яғни негізгі, даралаушы және шеткергі семалар арқылы жүзеге асады. Сөйтіп олар мәтіннің мазмұнын ашудағы, қаламгер ойын жеткізудегі, образ ашудағы басты тілдік бірліктер болып табылады. Бұл жайында академик Р.Сыздықованың пікіріне ерекше тоқталған жөн: «Тілді жұмсау тәжірибесінде, әсіресе, көркем әдебиетте, сөздер тек бір нәрсені (затты, сынды, қимылды) атап қана қою қызметін атқармайды, айналасындағы басқа сөздерге де қызмет етеді» [158] деген ғалым пікірінен кез келген сөз қолданыс барысында, нақтылы тілдік қарым-қатынас барысында әртүрлі мағыналық реңктерге, бояуларға ие бола алады деп ой түюге болады. Бұл ойымызға суреттеу мәтінін зерттеген М.Ахметованың осы тұрғыда айтылған мына бір пікірі дәлел: «Суреттеу мәтінінің әр тақырыптық-мағыналық түрлерінің мазмұны белгілі бір лексика-семантикалық топқа жататын сөздердің қолданылуы арқылы беріледі. Кейіпкерді суреттеуде – туыстық, кәсіп-мамандық, лауазым т.б. (жиен, елші т.б.), дене мүше (бет, ерін, өң т.б.), киім-кешек, әшекей-бұйым атаулары (етік, тәж т.б.), сын-сапа мағынасын иеленген сөздер: кейіпкердің сыртқы сипатын (ширатылған, биік) интеллектуалды, психикалық, эмоциялық ерекшелігін, жүріс-тұрысын білдіретін сөздер жиі қолданылады. Кейіпкердің қоршаған ортасын суреттеуде үй жиһаздарын, үйдің бөліктерін, тұтыну бұйымдарын... жиі қолданылады» [159, 12-13 бб.].

Шын мәнінде, қазақтың күнделікті өміріне, тұрмысына қатысты сөздер адамдардың өмірімен тікелей байланысты. Жазушы-қаламгерлердің образ ашу үшін, осыған қатысты жайттарды ашу үшін сол ортаға қатысты құбылыстар мен заттар атауларын қолдануы заңды. Бұл жағдайлар әсіресе қатысымдық



семантика үшін маңызды болып табылады. Енді осы айтылғандарды нақтылы мысалдармен дәлелдесек.

*Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы камшиат бөркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты [1, 67 б.].*

Бұл мысалдағы киім атауларының шеткергі семалары – «таңсықтық», «таныс емес дүние» деген семалар. Осы семалар оқиғаны суреттеу барысында жетекші орынға шығып, сөз мағынасының «таныс емес дүние», «таңсықтық» семаларының актуалдануына тікелей әсер етіп тұр.

*Судыраған қара жібек биқасаптан әдемі жеңіл шапан киген. Басында жап-жаңа қара кәмшиат бөрік. Мойнында әсемдеп ораған құбылма түсті торғын шәлі [4, 156 б.].*

Қыздар, әйел адамдар қашанда сұлулықтың, әдеміліктің – символы. Олардың жүріс-тұрысы, киім киісі тіпті, киімдерінің өзі осының айқын дәлелі. Аталған мысалда кездесетін киім атауларының шеткергі семалары «әдемілік», «жана киім», «әсемдік» семалары актуалданып тұр.

*Абайды көргелі үндемей, ойланып қалған Тоғжан күлген жоқ. Бірақ одан көз алмай тұр. Жас жігіттің үстінде желбегей киген жеңіл сұрғылт шапан бар. Ішінде ақ көйлектің сыртынан киген қара желеткесі көрінеді. Басында көкішіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа қара елтірі тымағы байқалады. Ұнамды, ықшам киім киіп, күміс ер-тоқымды сұлу ат мініп, ойда-жоқта келген әсем жігіт қазірде Тоғжан көзіне аса ыстық көрінді [1, 229 б.].*

Ал мына мысалда жазушы кейіпкер жан дүниесінің ішкі иірімдерін киім атаулары арқылы жеткізеді.. Сөйтіп, олардың «қонымдылық», «жарасымдылық» жалпы «жағымды семалары» актуалданып тұр.

*Киімдері жыртық, жүдеу. Бастарына ескі-құсқы ораған әйелдер ғана емес, сақалды ерлер бар. Аяқтарында көбінесе сырған киіз [3, 12 б.].*

Келтірілген үзіндіден байқалатындай, ескі киім кедейшілік өмірді суреттеудегі, сол топ өкілдерінің бейнесін ашудағы басты құрал болып тұр. Бұл көрініс киім атауларының құрылымына «ескілік», «көнелік» семаларын қосып, олардың актуалдануына себепші болып тұр.

*Жылқышылар арасында Тәкежанның жалғыз ұлы Әзімбай бар еді. Өз қолында сойылы жоқ, киімі де өзгелерден бөлек. Түлкі тымағы бар. Томар бояумен боятқан жаңа сеңсең ішігі бар [3, 77 б.].*

Оқиғаның мазмұнын беруде киім атауы шешуші рөл атқарып тұр. Басты кейіпкердің бейнесін беруде оның қолданатын бұйымдары санамалана беріліп, кейіпкердің жиынтық бейнесін қалыптастырған.

*Басына жамылған қара жібек шапаны мен ақ көйлегінің етегі де есінде [2, 112 б.].*

Бұл сөйлемде «қара жібек шапан» мен «ақ көйлек» атаулары кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі сағынышты білдіріп, оның өзінің ең жақын адамының белгісі ретіндегі «сағыныш белгісі» актуалданып тұр.

*...Анна Митрофанованың иығына қалың қара жібекпен тысталған бұлғын ішік жамылған [4, 152 б.].*

Қазақ халқының қонақжай, меймандос халық екені ежелден белгілі. Олар әр уақытта өзіне қадір тұтқан адамына сый-сыяпат жасап отырған. Бұл қазақтың қалыптасқан дәстүрі. Осы салт-дәстүрді жүзеге асыруда киім атаулары маңызды рөл атқарған. Міне осының көрінісі осы мысалда беріліп отыр. Яғни киім атауының шеткергі «сыйлық» семасы актуалданып тұр.

*Үлкен ақ үйдің оң жағына әкеліп, әжесінің жер төсегін жайлап берді де, шешіндіріп жатқызып, өзінің мол пұшпақ ішігімен жауып, қымтап қойды [1, 47 б.].*

Пұшпақ ішік – әдетте суықтан қорғайтын сырт киім түрі. Ал мына мысалда бұл атау бұл қызметімен қосымша «жамылғыш құрал» ретінде танылып, осы мағынаның актуалдануына негіз болып тұр.

*...Іістің жыртық күнісінің екі етегі жайыла түсіпті де екі жақ бүйірінде екі кішкене бала суықтан тығылып, паналап отыр екен [3, 82 б.].*

Сырт киімнің бір түрі болып табылатын күні атауы бұл қолданыста қорғансыз кедей балаларының «қорғаныш құралы» болып отыр. Яғни мұнда «қорғаныш құралы» семасының актуалдануы байқалады.

*Абай енді байқады, бұның арт жағында отырған қалың ел бар екен. Олар Сейіл, Сейіт сияқты қаптап келген жұпыны киімді, қоңыр пішінді, жаңағы Абай өзі атаған «қалың жұртының» қаз қалпы екен [2, 264 б.].*

Бұл сөйлемдегі жұпыны киім – қарапайым, халықтың белгісі. Яғни киім атауларының осы семалары актуалданып тұр.

*Параның алды етіп, әр болыстың өзі болмаса да қасындағы жүйрік-шешен билеріне жиі-жиі сыйлар жасайды. Түлкі аяқтан, тамақ ішіктен және тігіншіге тіккізген шапан-шапқыт бешпеттерден де алуан түрлі киімдер кигізетін [3, 103 б.].*

Халықта сый-сыяпаттың түрі көп. Бұл қолданыста тұрмыстық лексика басқаша сипат алып тұр. мұндағы **ішіктер, шапан-тондар, бешпеттер** болыстарға берілетін параның басты бұйымдары ретінде жағымсыз реңктік мағынаға ие болып, қарапайым халық пен болыстар арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігін аңғартып тұр. Сөйтіп киім атаулары «пара, сыйлық» мағынасында актуалданып тұр.

*Үстіне ұзын, ақ сарғыш қытайы бешпеті бар. Жазғы жеңіл киім бұл күнде толған денесін аса айқын көрсетіп тұр. Күрең барқыт желетке мен ақ көйлек, кең бешпет өзінше бір келісті көрнек, жарастық бергендей [1, 158 б.].*

Жазушы кейіпкер образын ашуда оның түр-тұлғасы мен киген киімін шебер ұштастырғаны айқын байқалады. «Жарасылымдылық», «үйлесімділік» семасы актуалданып тұр.

*Кейде Дәмежан осы бас жатақтағы үйлердгң әйелдеріне оқалы жақ шегіп, ішік, камзол, бешпет, көйлек сияқты киімдерді тігіп те беретін [2, 13 б.].*

Бұл мысалдағы киім атаулары өздерінің жалпы мағыналарының үстіне күнделікті өмірдегі ең қажет нәрсе, бұйым ретінде көрініс табады. Бұл атаулардан «керек зат» семасы актуалданған.

*Үлкендер қорыққан Есембай да тіпті ұрылар да Абайға сондайлық суық боп көріне алмады. Ұры десе осы елдің өздеріндей қазақтары. Көп болса, киімдері, ер-тұрманы ғана жаман.*

*Кәдімгі «жолбарыс» ұрыларша шапан-бөркін айналдырып киіп, мұрны мен аузын қызыл орамалмен таңып алып, Жұмабайды қуғанда тағы сол ұрыларша «дауысымды танытпаймын» деп, мыңқылдап сөйлеп бұйрық берген [1, 13 б.].*

Аталған сюжетте автор ауылына асығып келе жатқан бала бейнесін ашуда сол кездегі адамдар психологиясын да шебер үндестіріп бере білген. Яғни бұл мысалда киім атауы қоғамдағы белгілі бір топ өкілдерінің киіну ерекшелігін де көрсетеді. Теріс айналдырыла киілген, жаман киім – ұрыларға тән болып табылады. Аталған мысалдағы «ұры-қарылардың киім киіс үлгісі» деген сема актуалданып тұр.

*- Бөріктері сәукеледей!*

*- Шалбарын қара, шалбарын!*

*- Балағы қатынның көйлегіндей шұбатылып жүр.*

*Қызыл-жасыл киініпті. Бұлаңдап үкі тағынып, бұралып ән шырқап, төрімде тайтаңдап жүр.*

Бұл мысалда келтірілген киім түрлері әдеттегі қоғамдағы қарапайым адамның киім кию үлгісінен мүлде бөлек, ерекше болуымен оқырман санасына әсер етеді. Оларға қоғамдағы ерекше топ өкілдері «сал-серілердің киіну үлгісінен» хабар береді. Бұл олардың басты қатысымдық қызметі болып табылады. Осы ерекше белгісі актуалданатын семалар қатарын құрайды.

*Бойы ұзарып, ірілеп қалған, беті тотыққан бала жігіт сәлем беріп кіріп келді. Байсалды бір үлкен жолаушыдай боп, қалың киім киген. Салмақпен басады. Осындай тұтқиылдан Абай кеп кіргенде Жидебайдағы үлкен үйдің іші қатты қуанып, шу етті [1, 116 б.].*

Жоғарыда талданып өтілгендей, киім атауы тек қана атауыштық қызметпен шектелмейді. Ол қолданыс барысында әртүрлі сипатқа ие. Соның бір көрінісі осы мысалда аңғарылады. Бұл мысалда кейіпкердің киіну үлгісі арқылы оның ер жеткендігі сөз етіліп, «ересектік» семасы актуалданып тұр.

*Бәжсейдің екі қызы да бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байласып алыпты.*

*...бұл бастаған он бес түйелі көштің сәні өзгеше көрінді. Бар түйенің үстіне артылған жүктерді жапқан өңшең қара кілем, қоңыр алаша, қара ала текемет көрінеді [1, 160 б.].*

Қазақ халқы түр-түске ерекше мән берген. Бұл мәселе киімге де өте тығыз байланысты. Әр жасқа, әртүрлі жағдайға лайықты түсті тандай білген халқымыз қара түсті қайғының, орны толмас қазаның белгісі ретінде түсінген. Келтірілген мысалда осындай түсті тұрмыстық бұйымдар арқылы «қайғы белгісі» семасы актуалданып тұр.

*Бар бала бірге қайтқанда, дорбалары, етектері немесе шешіп алған камзолаша, шапанишалары толық азық әкеледі [3, 189 б.].*

Бұл сөйлемдегі киім атауларының қолданысы негізгі мағыналарынан ауытқып, «ыдыс» «салатын құрал» семалары арқылы басқаша қызметте беріліп тұр.

*Өздерінің тағы бір сырт белгісі, бәрі де көне шекпен, тозыңқы шапан, ескі тымақ киіскен [2, 104 б.].*

Аталған мысалдағы киім атаулары ортақ бір топтың айырықша белгісін білдіріп, осы семаның «өздеріне тән айырықша белгі» актуалдануына негіз болып тұр.

*Сол жымбаның биік жарының баурайында әр жерге шашылып түскен Алтыбайдың ескі шидемінің жыртынды жабағы жүні байқалады. Тағы бір жерде көнетоз ескі етігінің ұлтаны, жыртылған басы, қонышы табылды. Күләпара бастырған қара сеңсең тымағының бір құлағы да жақын жерде қар астынан шеті шығып жатыр екен [2, 301 б.].*

Бұл қолданыста суреттелмекші болып отырған оқиғаның мазмұнын ашуда киім атауларының маңызы ерекше. Осындай қолданыстары арқылы «жоғалған адамнан қалған белгі, із» семасы актуалданып тұр.

*Камзол, ақ көйлегі бұның да барлық бой тұлғасына жарасып тұр. Тек басындағы бөркі ғана келмейді. Көнелеу, сарғыш құндыз екен [3, 145 б.].*

Жазушы кейіпкерінің өзіндік көзқарасын білдіруде аталған киім атауының «қонымсыздық», «үйлеспеушілік» семасы қолданылып отыр.

*Сол сияқты Ұлжанның өзінен бастап, айналасында тұрған келін, абысындар мен балалардың үсті-басы тап-таза, өңшең жаңа киімдер киінген. Жаулықтар аппақ, қос етек шұбалаң көйлектер, қынай бел камзолдар, неше алуан бояумен ақ үйдің сыртын, көгал дүниесін өзінше шұбарта сәндендіріп тұр [3, 109 б.].*

Қаламгер баяндалып отырған оқиғаға қатысушы кейіпкерлерін олардың түр-тұлғасы, сыр-сипаты, киіну ерекшеліктері арқылы өте тамаша бере біледі. Бұл сөйлемдегі «үйлесімділік», «сәнділік» семасы осының нақты дәлелі болмақ.

*Мағрипаның үстінде камзол. Сыртынан киген қалың қара жібек бешипет бар. Басында ана жолы Әбіш көрген және қыс бойы мұның есінен кетпеген алтын зерлі, үкілі тақия [3, 229 б.].*

Бұл сөйлемде келтірілген киім атаулары өздерінің негізгі атауыштық қызметімен қатар, қолданыс барысында пайда болған «таныс», «ыстық дүние» семаларының актуалдануымен ерекшеленіп тұр.

*Қара жылтыр кебіс Үмітей сұлулығын айырықша бір көпті баян еткен қосымша тәрізді.*

*Үмітейдің киім киюі исі тобықтыда жоқ. Сонша асыл киінумен бірге бөркін, шәлісін, шапанын – бәрін де бар жас әйелден бөлекше тұрған жарастықпен киетін [4, 66 б.].*

Роман-эпопеядағы жағымды кейіпкердің бірі – Үмітей. Оның ерекшелігі, оқырманына ұнауының басты бір себебі – талғаммен киіне білуі. «Өте жоғары талғам», «орынды, үйлесімді киім киіс» сияқты семалар сөз мағынасының қолданыстық ерекшелігін аша түседі.

*Бұны таң еткен себеп – ол екі адамның қазіргі үстіндегі киімдері... Қазір сол Көкбай құндыз ұстатқан көк мауытымен тыстаған ноғайша құмыра бөрік киіп апты. Ноғай тігіншіге тіктірген иығы тік бешпеті көрінеді. Оның сыртынан кигені құла түсті, қала моллаларының жұқа шапаны. Аяғында және де қалаша тігілген кебіс-мәсі.*

*Бұның мынадай сары аяз сақылдаған қыс күндерінде елтірі ішік, бояулы тон, күпі, қаптал шапан, саптаманы тастағаны қызық, әсіресе, мешіттегі намаздың киіміне ауысып алған [2, 253 б.].*

Бұл сөйлемдегі киім атауы сөйлеушіні таң қылған негізгі себеп болып тұр. Олардың жасалу үлгісі, қолданылу орны осы айтылған пікірдің дәлелі. Киіну үлгісі арқылы «өзгерген адам» семасы сөз мағынасының актуалдануына әсер етіп тұр.

*Сенің бұдан былай араласатын ортаңа кимешек-желектің керегі не, қалай дейсің? – деп Абай күле қарап еді.. [2, 35 б.].*

Бұл – әр ортаға сай киім үлгісінің қолданылу ерекшелігін дәлелдейтін мысалдың бірі. Бұл сөйлемде жас келіннің негізгі белгісі болып табылатын кимешек – желектің ауылдық жерде ғана маңызды екені, қалада кимешек-желек кию «орынсыз» семасы беріліп тұр.

*Бір тізерлеп жүгініп, тымақтарын киіп отырған кісілер де бар [3, 98 б.].*

Суреттеліп отырған оқиғаны беруде, олардың әр қимылын суреттеуде киім атауларының да өзіндік орны бар. Келтірілген мысалда киім атауы арқылы «асығыстық» семасы беріліп, актуалдануына негіз болып тұр.

*Елдегі әрекет асқындап кеткен соң, Байдалы да қалаға келген. Әр жерге түртініп жүріп кеп, бір күні Абайға шынын айтты.*

*- Қарағым, Абай-ай, көшеде жүрсек атымыз үркіп, қаласына сыймайды. Үйіне беттесек, тон-күпіміз сыймайды. Жалтыраған тақтайынан көн етігіміздің табаны тайғанайды. Адамына тілдесейік десек, саңырау мен мылқаудай боп, ымдасудан әрі бара алмаймыз. Бұл қыр сорлыға қала деген қамау екен зой. Жалтыр мұзға айдап салған кәрі түйедей, мүгедек боп жүргеніміз, мінеки... – деген [1, 301 б.].*

Ауыл өмірі мен қала өмірін салыстыра сипаттап, айырмашылығын көрсетуде киім атауы шебер қолданылып тұр. Осындай ерекшеліктері «үйлеспеушілік» семасының актуалдануына себеп болып тұр.

*Әйгерім отқа жақындап отырғандықтан, өңі ажарланып, балқығандай қызара түскен. Үстіндегі қалың қара жібекпен тысталған пұшпақ ішігінің айналасына жалпақ құндыз ұстатқан. Ішігінің сәнін бұрама күміс түймеге орнатылған үлкен кесек қызыл маржандар ерекше ажарлап тұр.*

*Басындағы кимешек шаршысы да ұқыпты сәнмен тартылған, кіршіксіз аппақ.*

*Бұл күнде тола түскен Әйгерімнің нұрын сәнді таза киімі, әсіресе, көркейткендей [3, 22 б.].*

Жазушы кейіпкердің образын ашуда оның бойына жарасқан киімін құндыз ұстатылған пұшпақ ішік, қызыл маржан таза кимешек-шаршы – бәрі өзара

үйлесімде келіп, «жарасылымдылық», «қонымдылық» семаларының актуалдануына себепші болып тұр.

*Көңіл қайратты болғанмен, көне шекпен етке лыпа болар ма? [2, 296 б.].*

Қарсылықты құрмалас жасауда, қайратты көңілге көне шекпенді шебер салыстырып бере білген. «Жарамсыздық», «көнелік» семалары сөз мағынасының актуалдануына негіз болып тұр.

*Ол осы Мағаштың өліміне қалың ел, жоқ-жітік, көпшіліктің көрсеткен бейілі еді. Аты бар атымен, асы мол үйімен, асымен келіп жатыр. Ал бұлардан бес есе, он бес есе артық боп **жыртық шекпен, тозған тон, көн етік киген** өңшең жүдеу, әжімді, ашаң жүзді қалың ел де қаптап келеді. Бұның талайы Абайға сан жерде кезіккен, әр елден шыққан дос ниетті көп кедей [2, 307 б.].*

Мұнда қоғамдағы «төменгі топ өкілдерінің бейнесі» семасы актуалданып тұр.

*Абай өзінің Әбіштей, Мағаштай аса талапты шәкірт балаларын көз алдына келтірді. Солардың дәл осы Михайловтай жаңа сапалы адам болғанын көріп отырғандай. Олардың да үстіндегі киімі қазақы, Тобықты үлгісі емес, шаһар үлгісінде [4, 238 б.].*

Бұл мысалдағы шаһар үлгісіндегі қазақы киімді болашақ «оқыған», «білімді», «көзі ашық» семалары жетекші сипатқа ие болып отыр.

Сонымен, жалпы алғанда, киім атауларының тура мағыналық қолданыстағы актуалдануы арқылы олардың негізгі мағыналарына қосымша әртүрлі мазмұндық сипатқа ие болатынына көз жеткізуге әбден болады. Бұндай мазмұндардың қатарына адамдар арасындағы түрліше қарым-қатынас, қоғам өміріндегі әртүрлі жағдайлар және осы жайттарға қатысты адамдар әрекеті, сонымен қатар әрбір кейіпкер бейнесін берудегі ерекшеліктерді жатқызуға болады.

#### **2.4.2 Тұрмыстық лексиканың ауыспалы мағыналық қолданыстағы актуалдануы**

Ауыспалы мағынада көп қолданылатын киім түрі – тон. Әуел баста жалпы киім мағынасында қолданылған, кейіннен жеке сырт киім атауына көшкен бұл лексема қатысымдық актіде өте бай мағыналық сипатқа ие.

*...Жеті бірдей аты кеткен жатақ ауылда, қай жетісіп тұрған ат пен тон бар – деді [4, 246 б.].*

Бұл мысалда тон атауы «жалпы киім атауы» мағынасын беріп, сөйлемнің мазмұнында берілген жүдеу, кедейшілік өмірді суреттеп тұр.

*Сопылық пен діндарлық тонын жамылып келген бұл жолғы қылмыс өзге қылмыстардан өзгеше. Бұл қанішерлердің басында сәлде, қолында тасбиг, аузында «тәһмиі» [2, 187 б.].*

Келтірілген мысалдағы **сопылық пен діндарлық тоны тіркесі** – қараңғылықтың, сауатсыздықтың кесірінен жапа шеккен бұқара халықтың «аңқау елге арамза молда болған» молдалардың опасыз әрекеттерін суреттеп тұр. Сөйтіп осы бір образды тіркес сөздің ауыспалы мағынасының актуалдануына негіз болып тұр.

*Тоны сұлу тұғырмыз ба? Жоқ ағызып жүрген жүрісі бар, бірақ өзінен туар құлыны жоқ тұл бедеуміз бе?*

*Тәкежан, Ысқақ дегендері – бұрынғы ата абыройын бүгін кертіп жеп жүрген, тоны сұлу тұғырлар [4, 53 б.].*

Сырт тұлғалары жағынан ғана «байлықтың, биліктің өкілдері» деген семаның берілуіне *тоны сұлу тұғырлар* деген тіркес ұтымды қолданылып тұр.

*- Тантытпай тыйып жүру керек. Ел ағасы халық ортасына келген қаскөйлікпен алыспас болса, азбағанда не болады? Әр заманның өзінде бір азәзіл шығады демеп пе еді? Абайды жақсы деп жүрмісің? Ол – «жақсылық» деген жалған тон киген, бұл заманның азғыны [3, 276 б.].*

«Жақсылық деген жалған тон киген» – «оңбаған, азәзіл адам» семасы сөз мағынасының актуалдануына тікелей әсер етіп тұр. Автор ойы осындай образды тіркестер арқылы оқырманының жүрегіне жол тауып тұр.

*Арестант шекпенін қайғылы денесіне лыпа қып кетіп бара жатқан жалғыз азамат Абай көзінен жас қимас жас шығарды [4, 274 б.].*

Жазаланушы адам бейнесін беруде *арестант шекпені* өте орынды қолданыс тауып тұр. Бұл сөздің шеткергі семасы «жазаланушы адам» семасы берілген атаудың актуалдануының бірден-бір себепшісі.

*- Әй, Ырғызбай, мынау елді көрдің зой!.. Өліспей беріспейді. Мен солай ет дедім. Тек соқтығып көр, арындаған Ырғызбай; артың ашылады. Басыңа қызыл тақия киіп, бөксеңе шақпақ таңба соқтырып қайтасың [3, 210 б.].*

«Қызыл тақия» – жазаланудың көрінісі. Әдеттегі түс мағынасында емес, «жазаланушы» семасында қолданылуы халықтың дүниетанымымен, ұлттық ерекшелігімен байланысты. Осы ерекшелігі, осы қолданысы сөздің ауыспалы мағынада қолдануына, тілдік қарым-қатынаста жұмсалыуына әсер етіп тұр.

*Құнанбай Бәжсейге арнап бір қатты суық сөз айтқан: «Бәжсей арыз беріп, аяғымнан алғанын қойсын! Болмаса сұр шекпенді кигізіп, бойын кездеп, айдатқанша тоқтамаспын!» – деп еді.*

*«Көк шекпенді біздің мырза пішкен жоқ; құдай пішкен. Кім киерін көрерміз .....» депті [1, 94 б.].*

Келтірілген мысалдарда «көк шекпен», «сұр шекпен» – «жазаланушы», «жазалаушы» ұғымдарын беріп, осы тіркес арқылы жазалаудың құралын білдіріп тұр.

*- Көрдiңдер ме не деп отырғанын! ...Жер алақанымдай, жоқшылық шапанымдай болды, - дейдi.*

Киім атаулары орынды теңеу ретінде шебер салыстырылып, жоқшылықтың көлемін айқындайтын «үлкен» семасы арқылы беріліп тұр.

*... Мағаш, Кәкітай, Шұбар, Әзімбай мырзалар – бәріңе мына жиынның айтары осы! Алдыңа далбай тастап, шырғаладық. Жауаптарыңды бүгін бересің бе, ертең бересің бе, тобымыздың ішінен бір-екі кісіні таңдап алыңдар да айтып беріңдер! – деген [2, 234 б.].*

Далбай – желден, шаңнан қорғайтын, жаздық жеңіл бас киім түрі. Бұл мысалда бастапқы мағынасынан ауытқып ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. Яғни өтініш мәнінде жұмсалып тұр. Бұл жайлы Е.Жанпейісов «жазушы далбай

есімін іс, өтініш деген тәрізді мәнде алып отырғанға ұқсайды. *Далбай* сөзінің мағынасына «тентекті түзеу, аяққа жығу» да кіретін сияқты» – дейді [115, 71 б.].

*Тұрақты тіркестер арқылы актуалдану*

- Ал «бөріктің намысы бір» мен үшін өзіңіз бір ауыз сөз айтпадыңыз ба, сонда – деді [3, 244 б.].

Қалыптасқан бұл тіркес арқылы «ер- азамат» семасы беріліп тұр.

*Бас жарылса бөрік ішінде. Кәрі шал менің де басым жарылды....* [3, 205 б.].

Бұл сөйлемде киім атауы болған істің жасырын қалуын, жария болмауын баяндап тұр.

*Дүниеқорлығы, сараңдығы жоқ, дос болған адамына ақкөйлек ашық.*

*Жеңге, құрбыларға әзілқой, ақкөйлек, ашық қайын боп, Абай мәжілісін бұл ауылдың барлық жанына еркін, қызық мәжіліс еткісі келеді.*

*Сол кісінің өзі мен балаларының шылауында жүрген ақкөйлек, аңғал сорлы гой* [3, 237 б.].

Келтірілген мысалдарда «ақкөйлек» тіркесі қолы ашық, ақкөңіл адам образын беріліп тұр. Сөйтіп киім атауы арқылы адамдар психологиясы сипатталынып отыр.

*Әбді мен Сержан екі жендетті басына қалпақтай түсіріп, етпетінен жатқызып, сұлатып салды.*

*Бір Ақылпейіс болмаса, өзге ұрғандары ат үстінен тымақша домалап түсіп жатыр* [3, 203 б.].

*Мойнынан ұстай алып, қасындағы суға шолп еткізіп, шалқасынан келтіріп, тымақша ұрды* [3, 104 б.].

Автор белгілі бір оқиғаны беруде, оның нәтижесін суреттеуде киім атаулары қатысқан тұрақты тіркестерде шебер қолданған. Аталған мысалдарда нақты коммуникациялық ситуацияны беруде, ойды образды жеткізуде, сондай-ақ қазақ халқының дүниетанымын көрсетуде *қалпақтай ұшыру, тымақша ұру, тымақша домалату* тіркестерінің қазақ тілінің сөз байлығын дәріптеуде маңызы зор.

*Абай мен ұлық достығы туралы тағы да көлеңкеге қарап тон пішеді* [2, 269 б.].

*Тон* атауы тұрақты сөз тіркесінің жасалуына себепші болып тұр, яғни оның тілдік қарым-қатынастағы білдіретін мағынасы белгілі бір оқиға жайлы «болжам жасау», «долбарлау» сияқты дерек, мәлімет жеткізіліп отыр.

Жазушы оқиғаны суреттеу барысында ойын бейнелі түрде жеткізуде қалыптасқан тіркесті орынды қолданып отыр.

*Оны Бектоғай біледі екен, бұл арада Жабайқанов жоқ боп шықты. Сұрастыра келе білгені, ол кешелер Петербургқа жүріп кетінті. Бұл жердегі жұрттың приговорларын, арыздарын сонда тосып, сол жерде іске асыруды өзі тіленіп, мойнына міндет етіп алыпты дейді. Мұндағы қаратаяқтарға қазіреттер мен қала байларының, ел адамдарының сөзін түгел бір арнаға қосып, бір-ақ байлау жасатуға тапсырыпты* [2, 262 б.].



Бұл сөйлемдегі *қаратаяқ* сөзінің қолданысы арқылы «*жоғары шенді, оқыған шенеунік*» мағынасында қолданылып тұр.

Сонымен, қатысым үрдісінде тұрмыстық лексиканың актуалдануы сөздің тура және ауыспалы мағыналарын қамти келіп, күнделікті тұрмыс-тіршілікке, қатысты әлеуметтік жағдай мен қоршаған ортаға сәйкес кейіпкер психологиясындағы қажетті, басты, маңызды ойын оқырман көңілін аударуға тиіс мән-мазмұнды білдіреді.

Сөздің қатысымдық қолданысын практикалық тұрғыда өзекті мәннің нақты сөзбен байланысқа түсуінің және актуалдандырылған негізгі және шеткергі семалардың қалыптасуының нәтижесінде анықтауға болады. Сөздің тура мағынасынан гөрі ауыспалы окказионалды стереотиптендірілген мағынасы жиі қолданылады. Ауыспалы қолдану актуалдануға үлкен мүмкіндік ашады, өйткені мұнда негізгі компоненттердің барлығымен мағынаның сәйкесуі міндетті емес. Тура қолданыс барысында актуалдандырылған компоненттер еркін қолданысқа түседі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Тұрмыстық лексика – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, дүниетанымына рухани және материалдық мәдениетіне қатысты атауларды қамтитын кең көлемді сала. Монографияда М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тұрмыстық лексикаға қатысты атаулардың қатысымдық мағыналары контекстік, стилистикалық, компоненттік және т.б. зерттеу әдістері арқылы ашып көрсетілді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- Қатысымдық семантика – семасиологияның теориялық және практикалық қажеттіліктерін қанағаттандыратын, сөз мағынасының қатысымдық актіге сай үлгілерін қарастыратын бағыт.

- Қатысымдық семантиканың қарастыратын нысаны тек сөз, сөз тіркестері немесе сөйлем, тіпті мәтін семантикасының мазмұнын ашумен шектелмейді. Қатысым барысындағы грамматикалық тұлғалар мен категориялар да семантикалық өзгерістерге ұшырап, полифункционалды сипат алады.

- Қатысымдық семантика – қатысымдық бірліктердің жұмсалуынан пайда болатын тілдік өзгеріс. Қатысымдық мағына тілдік бірліктердің әртүрлі қатысымдық қызметтерді орындауға ұмтылысы нәтижесінде пайда болады.

- Қатысымдық семантиканың пайда болуына қазақ тілінің ішкі тілдік табиғаты да икемді. Оған негіз – көпөрісті қолданысқа ие бола алатын сөздердің қатысым барысында екінші бір сөзге мағыналық синоним бола алу қабілеті.

- Қатысымдық мағына – тілдік және тілден тыс факторларды біріктіре отырып, тілдегі мағынаның сөйлеуде актуалдануы.

- Тұрмыстық лексиканың қатысымдық қызметі тілдік қарым-қатынастың ерекше түрі – тілдесім әрекеті арқылы жүзеге асады.

- Тұрмыстық лексика атаулары коммуникация жағдайына байланысты әртүрлі семантикалық вариациялануға ұшырайды.

- Тұрмыстық лексиканың қатысымдық мағынасының басты сипаты – олар тілдік қарым-қатынас барысында әртүрлі мағыналық реңктер арқылы көрініс табады.

- «Абай жолы» роман-эпопеясындағы киім атауларының қатысымдық ерекшеліктері қазақ халқының ұлттық болмысы мен дүниетанымын паш етеді;

- Тұрмыстық лексиканың қатысымдық мағынасының қалыптасуында тілдік фактор ретіндегі сөйлеу актісі маңызды рөл атқарады. Сөйлеу актісі – қатысымдық семантиканы қалыптастырушы негізгі фактор. Себебі қатысымдық үрдісте жүзеге асатын мағыналар сөйлеу актісі арқылы жүзеге асады.

- Тұрмыстық лексиканың қатысымдық мағынасы зерттеу барысында анықталған сөйлеу актісінің хабарлама деп аталатын түрі: баяндау, сипаттау,

талдау өзіндік көзқарас, мойындау мәнінде болып келсе, бұйрықнама – өтініш, тілек, бұйрық, талап мәнінде болуымен ерекшеленеді.

- Киім атаулары тіл дамуының әр кезеңінде түрлі қолдаыстық ерекшеліктерге ие болады. Алғашқы қазақ газеттерінде ең керек зат, қажеттілік, мұқтаждық қасиеттері басым болса, «Абай жолы» роман-эпопеясында әр руға тән ерекшелік, байлықтың, баршылықтың белгісі, сәнділік, әсемділік, сонымен қатар, әртүрлі адамдар образын берудегі маңызды құрал болып табылады. Ал қазіргі кезеңде қазақ халқының болмыс-бітімін, ерекшелігін, кейінгі ұрпаққа танытар басты ұлттық құндылық болып табылады.

- Тілдік тұлға – тіл білімін зерттеушілер тарапынан әр қырынан талданып үлгерген нысан. Ал жеке тілдік тұлға – әрбір кезеңнің тілдік, мәдени және т.б. ерекшеліктерін дамытатын субъект. Сондықтан да тұлғаның сөйлеуі кезең еншісінен алған дүниетанымы мен біліміне, қоғамға қатысты көзқарасына тәуелді болады.

- Тұрмыстық лексиканы қатысымдық тұрғыдан зерттеу тілдік жүйені тіл мен адам факторы арасындағы, тіл мен қоғам арасындағы байланыстар тұрғысынан қарастыру болып табылады.

- Тұрмыстық лексиканы қатысымдық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі ол атаулардың ақпарат жеткізу, қабылдаушы санасына әсер ету сияқты қызметтерінің бірлігінен туындайды.

- Тұрмыстық лексиканы қатысымдық аспектіде қарастырудың теориялық нәтижесі – мағынаның қатысымдық моделін қалыптастыру болып табылады. Бұл модель киім атауларының тілдік қарым-қатынас барысындағы қызметін сипаттау нәтижесінің жалпы қорытындысы ретінде жасалды. Басқа модельдерден айырмашылығы – көптеген тілдік фактілерді мағынаның актуалдану барысындағы толық қамтитындығында. Сондай-ақ қатысымдық қызметтегі сөз мағынасының жеткізілер ойға қатысты барлық реңктер мен мазмұнды толық қамтитындығымен ерекшеленеді. Осындай ерекшелігіне байланысты ол коммуникативтік модель деп аталады.

- Тұрмыстық лексиканың ірі құрылымын денотаттық, сигнификаттық, коннотаттық компоненттер құрайды.

- Киім атауларының кіші мағыналық бөлшегі ретінде сема танылды.

- Қатысымдық үрдістер сөз мағыналарының актуалдануына негіз болады.

- Сөздің қатысымдық қолданысын анықтауда актуалды мағынаның маңызы ерекше. Сөз мағынасының актуалдануы дегеніміз – тілдік қарым-қатынасқа қажетті, қандай да бір маңызды семаның басымдық алуы.

- Қатысымдық мағынаның нақтылануына сөздің тура мағынасынан гөрі ауыспалы окказионалды стереотиптендірілген мағынасы маңызды рөл атқарады. Ауыспалы қолдану мағынаның актуалдануына үлкен мүмкіндік жасайды, өйткені мұнда мағынаның негізгі компоненттердің барлығымен сәйкесуі міндетті емес. Тура қолданыс барысында актуалданған компоненттер еркін қолданысқата жұмсалады.

- Эпопеядағы киім атауларының тура және ауыспалы мағыналарының актуалдануы арқылы сөз мағыналарының бай түрленімдік мүмкіндіктері көрініс табады.

- Киім атауларының қатысымдық мағыналарының компоненттері оның семалық құрамының белсенді бөлігін құрайды. Ол сөздің қатысымдық байланысқа түсуі үшін аса маңызды болып есептеледі. Оның үстіне талдау негізінде бөлінген семантикалық компоненттер тіл жүйесі үшін де, мағынаны айқындау үшін де маңызды екенін көрсетті. Олардың барлығы сөздікте белгілі бір бөлігі берілген парадигмалық қатынастағы сөздің мағынасын табу барысында анықталды. Осы талдауларға сүйене отырып, сөз мағынасы ауқымының өте кең болатындығын байқауға болады. Санамалап көрсетілген қасиеттер қатысымдық қызметтегі мағынаның басты мазмұнын көрсетеді.

Сонымен, қорыта келгенде, қазақ тілінің тұрмыстық лексикасын қатысымдық аспектіде қарастыру арқылы осы саладағы бірліктердің қолданыстағы, жұмсалымнан туындайтын мағыналарын жан-жақты ашып көрсетуге болады. Сөздің қатысымдық мағынасы оның нақтылы қолданыс барысында қол жеткізген мағынасы болып табылады. Яғни ол кез келген сөз мағынасының тілдік қарым-қатынас барысында түрлене алу қабілетін көрсете алады. Сөздердің қолданысына талдау жасау арқылы сөз мағынасының жасырын, бірақ маңызды семалық құрамын айқындауға болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Guiraud P. La semantique. – P., 1964.
- 2 Ullmann St. The Principles of Semantiks. – Oxrford, 1963.
- 3 Васильев Л.М. Современная лингвистическая семантика: учебное пособие для вузов. – М.: Высшая школа, 1990. – 176 с.
- 4 Колшанский Г.В. Контекстная семантика. – М., 1980. – 119 с.
- 5 Тіл білімі сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Э.Д. Сүлейменова. – Алматы, 1998. – 541 б.
- 6 Searle I. Speech Acts. An Essay in the Philosophy of Language. – London, 1969.
- 7 Филломор Ч. Об организации семантической информации в словаре // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1983. – Вып. 14. – С. 23-61.
- 8 Виноград Т. К процессуальному пониманию семантики // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1983. – Вып. 12. – С. 123-171.
- 9 Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл: логико-семантические проблемы. – М.: Наука, 1976. – 383 с.
- 10 Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. – М., 1982. – 368 с.
- 11 Николаева Т.М. Семантика акцентного выделения. – М.: Наука, 1982. – 104 с.

- 12 Степанов Ю.С. В поисках прагматики (проблемы субъекта). – Изв. АН СССР. Сер. лит. и яз., 1981. – Т 40. – №4; Булыгина Т.В. О границах и содержании прагматики. – Изв. АН СССР. Сер. лит. и яз., 1981. – Т 40. – №4.
- 13 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 14 Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1959. – 141 б.
- 15 Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселелері. – Алматы, 1956. – 91 б.
- 16 Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. – Алматы, 1957. – 88 б.
- 17 Қордабаев Т. Сөз және оның мағыналары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958. – №1. – 55-63 бб.
- 18 Барлыбаев Р. Сөз және оның мағынасы туралы // Тіл және әдебиет мәселелері. Мақалалар жинағы. – Алматы, 1963. – 3-10 бб.
- 19 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
- 20 Кажибекоев Е. Семантика тюркского слова. – Алматы, 1989. – 270 с.
- 21 Konfuzius Gesprache. – Berlin 1972. – S. 12.
- 22 Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – №10. – 18-21 бб.
- 23 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвострановедческая теория слова. – М.: Русский язык, 1980. – 320 с.
- 24 Гак В.В. Единицы семантической системы языка // Вопросы семантики: Тезисы докл. – М., 1971. – С. 46.
- 25 Колшанский Г.В. Некоторые вопросы семантики языка в гносеологическом аспекте // Принципы и методы семантических исследований. – М., 1976. – С. 5-31.
- 26 Матезиус В. О потенциальности языковых явлений // Пражский лингвистический кружок. – М., 1967. – С 42-70.
- 27 Ольшанский Н.Г. Коммуникативный подход к семантике слова // Сб. науч. трудов МПИИЯ. – Вып. 252. – С. 168-179.
- 28 Арутюнова И.Д. Логическое теории значения // Принципы и методы семантических исследований. – М., 1976. – С. 92-118.
- 29 Шанквейлер Э. К вопросу о коммуникативной семантики // Проблемы лексикологии. – Минск, 1973. – С. 207-213.
- 30 Гаспаров Б.М. Язык, память, образ. Лингвистика языкового существования. – М.: Новое литературное обозрение, 1996. – 267 с.
- 31 Алефиренко Н. Спорные проблемы семантики. – М.: Гнозис, 2005. – 326 с.
- 32 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
- 33 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
- 34 Стернин И.А. Лексическое значения слова в речи. – Воронеж, 1985. – 170 с.
- 35 Языковая номинация. Виды наименований. – М.: Наука, 1977. – 357 с.

- 36 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002. – 664 б.
- 37 Тұрғынбаев Ә., Нұсқабаева Л. Тілралық байланыстар мен қатынастар диалектикасы. – Алматы, 2005. – 216 б.
- 38 Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2001. – 184 б.
- 39 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 272 б.
- 40 Хасанов Ғ. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы: Филол. ғыл. канд. дис... – Алматы, 1999. – 175 б.
- 41 Шрамм А.Н. Структурные типы лексических значений слова // Филологические науки. – 1981. – №2. – С. 58-65.
- 42 Литвин Ф.А. Соотношение семантического и прагматического в содержании слова // Проблемы лексикологии. – Минск 1973. – С. 72-82.
- 43 Никитин М.В. Лексическое значение в слове и словосочетании. – Владимир: ВПИ, 1974. – 224 с.
- 44 Степанов Ю.С. Имена. Предикаты. Предложения: Семиологическая грамматика. – М.: Наука, 1981. – 360 с.
- 45 Силинский С.В. Коммуникативная семантика английских имен лица: Дис... канд. филол. наук. – Ленинград, 1989. – 209 с.
- 46 Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материале произведений М.Ауэзова). – Алма-Ата, 1989. – 206 с.
- 47 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
- 48 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996. – 416 б.
- 49 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
- 50 Төлегенов А. Түркістан уәлаяты газетінің лексикасы // Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 255 б.
- 51 Досқараев Ж. Қазақ тіліндегі *үй, там* деген сөздер туралы // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология және өнертану сериясы. – Алматы, 1957. – 1-2 шығарылымы. – 8-9 бб.
- 52 Сүлейменова Б. «Шана» сөзі орыс тілінен енген бе? // Қазақстан мектебі. – 1963. – №11. – 71-72 бб.
- 53 Байжолов Ә. Қостанай қазақтарының тіліндегі ерекшеліктер: Филол. ғыл. канд. дис... – Алматы, 1963. – 238 б.
- 54 Абдигалиева Б. Бытовая лексика казахского языка: Дис... канд. филол. наук. – Алматы, 1984. – 200 б.
- 55 Манкеева Ж.А. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 5-17 бб.
- 56 Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: Филол. ғыл. докт. дис... – Алматы, 1997. – 282 б.
- 57 Захарова И.В., Ходжаева У.Д. Казахская национальная одежда: XIX начало XX вв. – Алма-Ата, 1964. – 178 с.

- 58 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – 304 с.
- 59 Арғынбаев Х.А. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1987. – 127 б.
- 60 Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер 1996. – 192 б.
- 61 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1995. – 240 б.
- 62 Коновалов А.В. Казахи Южного Алтая. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 166 с.
- 63 Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы, 1988. – 184 с.
- 64 Жолдасбек А.О. Компонентный анализ лексико-семантической групп «одежда»: Дис... канд. филол. наук. Алматы, 2000. – 153 с.
- 65 Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: Филол. ғыл. канд. дис... – Алматы, 2004. – 131 б.
- 66 Есимболова М.Қ. Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері: Филол. ғыл. канд. дис... автореф. – Алматы, 2001. – 32 б.
- 67 Атабаева М.С. Қазақ тілі диалектикалық лексикасы. – Алматы, 2006. – 288 б.
- 68 Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: Филол. ғыл. канд. дис... автореф. – Алматы, 2001. – 32 б.
- 69 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: Филол. ғыл. док. дис... – Алматы, 2005. – 295 б.
- 70 Выготский Л.С. Мышление и речь // Собр. Соч. – М., 1982. – 321 с.
- 71 Залевская А.А. О комплексном подходе к исследованию закономерностей функционирования языкового механизма человека // Психолингвистическое исследования в области лексики и фонетики. – Калинин, 1981. – С. 28-45.
- 72 Акишина А.А., Кано Х. Жесты и мимика в русской речевой коммуникации. – М., 1991. – 144 с.
- 73 Азнаурова Э.С. Прагматика художественного слова. – Ташкент: Фан, 1988. – 121 с.
- 74 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 447 б.
- 75 Қазақ тілі: Энциклопедия / ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі. Қазақстан даму институты. – Алматы, 1998. – 509 б.
- 76 Якобсон Р.О. О разработке целевой модели языка в европейской лингвистике а период между двумя войнами // Новое в лингвистике. – М.: Прогресс, 1965. – Вып. 4. – 590 с.
- 77 Серль Дж. Р. Что такое речевой акт // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 17. Теория речевых актов. – М.: Прогресс, 1986. – С. 151-169.
- 78 Серль Дж. Р. Классификация иллокутивных актов // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 17. Теория речевых актов. – М., 1986. – С. 170-194.
- 79 Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 17. Теория речевых актов. – М., 1986. – С. 22-129.

80 Серль Дж., Вандервекен Д. Основные понятия исчисления речевых актов // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 18. Логический анализ естественного языка. – М., 1986. – С. 242-263.

81 Богданов В.В. Речевое общение. Прагматические и семантические аспекты. – Ленинград, 1990. – 87 с.

82 Падучаева Е.В. Семантические исследования (Семантика времени и вида в русском языке семантика нарратива). – М.: Школа и языки русской культуры, 1996. – 464 с.

83 Leech G. N. Principles of Pragmatics. – London-New York, 1983. – 250 p.

84 Почепцов Г.Г. Прагматика предложения // Иванов И.П., Бурлаков В.В., Почепцов Г.Г. Теоретическая грамматика современного английского языка. – М., 1981. – С. 267-281.

85 Богданов В.В. Классификация речевых актов // Личностные аспекты языкового общения. – Калинин, 1989. – С. 25-36.

86 Медведева Л.М. О типах речевых актов // Вестник Харьковского университета. – Харьков, 1989. – Вып. 339. – С. 42-47.

87 Вежвицка А. Речевые акты // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып.16. Лингвистическая прагматика. – М., 1985. – С. 251-275.

88 Апресян Ю.Д. Перформативы в грамматике и словаре // Известия АН СССР. Серия лит. и языка. – М., 1986. – Т. 45. – №3. – С. 208-223.

89 Әміров Р.С. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы, 1977. – 92 б.

90 Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: Филол. ғыл. докт. дис... – Алматы, 2001. – 246 б.

91 Мурзагалиева М.К. Коммуникативно-прагматический анализ речевых актов похвалы в русском и казахском языках: Автореф. дис... канд. филол. наук. – Алматы, 1998. – 30 с.

92 Грайс Г.Г. Логика и речевое общения // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1985. – Вып. XVI. Лингвистическая прагматика. – М., 1985. – С. 217-237.

93 Леонтьев А.А. Основы речевой деятельности. – М., 1974. – 368 с.

94 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік коммуникацияның негіздері. – Алматы, 1995. – 252 б.

95 Богданов В.В. Речевое общение: семантический и прагматический аспект. – Л.: Издательство Ленинград. ун-та, 1990. – 87 с.

96 Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы, 1989. – 128 б.

97 Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. – М.: Комкнига, 2005. – 176 с.

98 Смирницкий А.И. По поводу конверсий в английском языке // ИЯШ. – 1954. – №3. – С. 12-24.

99 Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар: Филол. ғыл. канд. дис... автореф. – Алматы, 2001. – 30 б.



- 100 Храпченко М.Б. Природа эстетического знака // Контекст. Литературно-теоретические исследования. – М.: Наука, 1977. – 318 с.
- 101 Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
- 102 ҚТТС I том.– Алматы: Ғылым, 1974. – 696 б.
- 103 Караулов Ю. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 262 с.
- 104 Қожахметова Ф. Тұрмағанбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: Филол. ғыл. канд. дис.... автореф. – Алматы, 2004. – 32 б.
- 105 Әбікенова Г. М.Мағауин шығармаларындағы кейіпкер бейнесі мен автор бейнесінің берілу жолдары: Филол. ғыл. канд. дис.... автореф. – Алматы, 2004. – 29 б.
- 106 Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М.: Прогресс, 1974. – 447 с.
- 107 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1987. – 272 б.
- 108 Коммуникативные единицы языка // Тезисы всесоюзн. науч. конф. / Ответ. ред. док. филол. наук, профессор Г.В. Колшанский. – М., 1984. – 151с.
- 109 Виноградов В.В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. – М., 1977. – 312 с.
- 110 Брудный А.А. Семантика языка и психология человека. – Фрунзе, 1972. – 234 с.
- 111 Гумбольдт Ф. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1974. – 297 с.
- 112 Гердер И.Г. Избранные сочинения. – Москва-Ленинград, 1959. – 392 с.
- 113 Сулейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алма-Ата, 1989. – 160 с.
- 114 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 194 б.
- 115 Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.
- 116 Колшанский Г.В. Проблемы коммуникативной лингвистики // Вопросы языкознания. – 1979. – №6. – С. 51-63.
- 117 Нұрмұханов Х. Сөз және оның контекстегі қолданысы: Филол. ғыл. канд. дис... автореф. – Алматы, 1994. – 31 б.
- 118 Жакупов Ж. Қазақ тілі функционалдық синтаксисі: Филол. ғыл. док. дис... – Алматы, 1999. – 225 б.
- 119 Жинкин Н.И. Речь как проводник информации. – М., 1982. – 159 б.
- 120 Филломор Ч. Основные проблемы лексической семантики // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1983. – Вып. 12. – С. 71-122.
- 121 Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – М., 1984. – 451 с.
- 122 Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – М., 1962. – 232 с.
- 123 Леонтьев А.А. Психологическая структура значения // Семантическая структура слова аспект языкового значения. – М., 1971. – С. 7-19.
- 124 Выготский Л.С. Из не изданных материалов // Психология грамматики. – М., 1968. – С. 178-195.

- 125 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – М., 1976. – 495 с.
- 126 Ломтев Т.Н. Общее и русское языкознание. – М.: Наука, 1976. – С. 261.
- 127 Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағынасының негіздері. – Алматы, 2000. – 110 б.
- 128 Уфимцева А.А. Лексическое значение: Принципы семологического описания лексики. – М.: Наука, 1986. – 239 с.
- 129 Шаховский В.И. Эмотивный компонент значения и методы его описания. – В.: ВГПИ, 1983. – 94 с.
- 130 Филлипов А.В. К проблеме лексической коннотации // Вопросы языкознания. – М., 1978. – №1. – С. 57-64.
- 131 Ризель Э.Г. К вопросу о коннотации // Сборник научных трудов МГПИИЯ им. Тореца. – М., 1978. – Вып. 125. – С. 10-18.
- 132 Лотман Ю.М. Беседы о русской культуре. – Санкт-Петербург, 1994. – 399 с.
- 133 Скаличка В. О грамматике венгерского языка // Пражский лингвистический кружок. – М., 1985. – С. 128-196.
- 134 Ахметжанова З.К. Функционально-семантическое поля русского и казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 108 с.
- 135 Лукьянова Н.А. О семантике и типах экспрессивных лексических единиц // Экспрессивность лексики и фразеологии. – Новосибирск, 1983. – С. 12-41.
- 136 Зернецкий П.В. Единицы речевой деятельности в диалогическом дискурсе // Языковое общение: единицы и регулятивы. – Калинин, 1987. – С. 89-95.
- 137 Schmidt W. Lehikalische und aktuelle Bedeutund. – Berlin, 1965. – 105 p.
- 138 Кузнецова Э.В. Лексикология русского языка. – М., 1989. – 215 с.
- 139 Шейгал Е.Й. Комбинаторика внутренних интенсивов // Семантико-системные отношения в лексике германских и романских языков. – Волгоград, 1981. – С. 121-130.
- 140 Сентенберг И.В. Значение слова в языке, речи и тексте // Исследования по Романо-германскому языкознанию. – Волгоград, 1975. – С. 101-113.
- 141 Леонтьев А.А. Психологический аспект языкового значения // Принципы и методы семантических исследований. – М., 1976. – С. 46-73.
- 142 Горский Д.П. Роль языка в познании // Мышление и язык. – М., 1957. – С. 73-116.
- 143 Aalen R. The Structure of Meaning. – The Hague, 1964. – 132 p.
- 144 Васильев Л.М. Семантика русского глагола. – М., 1981. – 184 с.
- 145 Жинкин Н.И. Интеллект, язык и речь // Нарушение речи у дошкольников. – М., 1972. – С. 9-31.
- 146 Сентенберг И.В. Значение слова и возможность его варьирования. // Семантико-системные отношения в лексике германских и романских языков. – Волгоград, 1979. – С. 30-39.

- 147 Гак В.Г. К диалектике семантических отношений в языке // Принципы и методы семантических исследований. – М., 1976. – С. 73-92.
- 148 Кузнецова Э.В. О статусах слова // Исследования по семантике. – Уфа, 1983. – С. 89-97.
- 149 Пауль Г. Принципы истории языка. – М., 1960. – 500 с.
- 150 Лосев А.Ф. Знак. Символ. Миф. – М., 1982. – 480 с.
- 151 Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. – М., 1955. – 416 с.
- 152 Лурия А.Р. Основные проблемы нейролингвистики. – М., 1975. – 253 с.
- 153 Солнцев В.К. К вопросу семантике или языковом значении // Проблемы семантики. – М., 1974. – С. 3-12.
- 154 Ивлева Г.Г. Варьировании слов в немецком языке // В.Я., 1981. – №6. – С. 121-128.
- 155 Виноградов В.В. О формах // Избранные труды по русской грамматике. – М, 1975. – 559 с.
- 156 Литвин Ф.А. Многозначность слова в языке и речи. – М., 1984. – 119 с.
- 157 Арутюнова Н.Д. Человеческий фактор в языке. Коммуникация, модальность, дейксис. – М., 1992. – 280 с.
- 158 Сыздықова Р.А. Құнанбаевтың поэзиялық шығармалары // Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы, 1989. – 128 б.
- 159 Ахметова М. Суреттеу мәтінінің құрылымы (қазақ көркем прозасының материалдары бойынша): Филол. ғыл. канд. дис... автореф. – Алматы, 2002. – 30 б.

### ТАЛДАНҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. 1-кітап. – 320 б.
- 2 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. 4-кітап. – 336 б.
- 3 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. 3-кітап. – 320 б.
- 4 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. 2-кітап. – 352 б.
- 5 Қазақтың ақ нарын да, ақ боз атын да жетеледім // Жетісу. – №35 (16875). – 22 наурыз. – 2007.
- 6 «Қазақ газеті» / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
- 7 «Дала уалаятының газеті». – Алматы: Ғылым, 1990. – 584 б.
- 8 Үш жүздің өкілдеріне шапан тарату белең алды // Жетісу. – 2007. – 19 мамыр.
- 9 Шапанның қадірін кетірсек // Орталық Қазақстан. – 2001. – 23 мамыр.
- 10 Заң газеті. – №46. – 2001. – 12 қыркүйек.
- 11 Шапандар шеруі // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 24 сәуір.
- 12 Менің қолымнан келетіні – армандау // Ана тілі. – 2003. – №46. – 20 қазан.

- 13 Жұрғалидың «шекпенінен» шыққанбыз // Ана тілі. – 2003. – №16 (646). – 9-б.
- 14 Жыртық шапанның шалғайынан шықсақ, оның несі айып // Түркістан. – 2001. – № 6 (343). – 6-б.
- 15 Шоқанды шапанымен танысақ // Ана тілі. – №21. – 2004. – 20 мамыр.
- 16 Жалпықазақстандық ұлт қазақтың шапанына сай келе ме? // Түркістан. – 2004. – №37 (531).
- 17 Кекілбаев Ә. Шығармалар жинағы: 12 томдық. – Т. 7. – Алматы: Өлке, 1999. – 512 б.
- 18 Сәлем беру тәсілі // Жетісу. – 2007. – №3 (16838). – 5 қаңтар.
- 19 Кекілбаев Ә. Шығармалар жинағы: 12 томдық. – Т. 2. – Алматы: Өлке, 1999. – 400 б.
- 20 Байтұрсынов А. Қыс қамы // Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 447 б.